

*Мақсатым – тіл ұстартым,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

6/2019

МАУСЫМ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Уақыт пен әдебиет

А.ІСИМАҚОВА. Алаш ғылымы және тәуелсіздік3

Руханият

М.ӘБІЛҰЛЫ. Билер поэзиясы әдебиеттен неге шеттетілді?.....23

Атаулы мектеп тынысы

Ж.С. БАТЫРБЕКОВА. «Жаңа Ғасырдағы» – цифрлы сауаттылық.....31

Оқулыққа қосымша

Б. МУРЫНБАЕВА. “Қобыланды батыр” жырдың композициялық құрылысы35

Ұстаз ұлағаты

М.С. КАМЗИНА. Талапты ұстаздан талантты шәкірт шығады53

Ізденген жетер мұратқа

С. ТАСТЕМПРОВА. Мархабат Байғұттың “Әкім кеткен күн” әңгімесіндегі көркемдік ізденістер58

М. БЕКСЕИТ. Зейнолла Игілікұлын танимыз ба?65

Тілдік байланыстар

С. И. ҚОНЫСБАЕВА. Шет тілін оқытудың инновациялық әдіс
А.А. ҚОНАРШАЕВА. ерекшеліктері.....68

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ә.Ә. ШІРІМОВА. Бала жанарындағы мұң73

Қ.Ә. ШӘРІП. Сәбит Мұқанов “Сұлушаш” поэмасы79

А.С. ИСКАКОВА. Әбіш Кекілбаев «Шыңырау» хикаятынан үзінді.
Еңсептің ата кәсібі86

М. Е. АЖМҰРАТОВА. Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейтқұл». Сейтқұл –
заманынан озып туған адам93

А.Қ. ҚАПАНОВА. Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасы.....99

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Б.М. БАЙҒАЛИЕВА. Публицистикалық стиль, оның шығарма тіліндегі
стильдік сөз бедері104

Б. С. ОЛЖЕКЕЕВ. Домбыра – халық мұрасы.....117

С.С. КАБАКОВА. Жаңа әлемдегі жаңа саяхаттар124

А. Б. СМАЙЫЛ. Фастфуд тағамдарының зияны129

Ұстаз ұсынысы

Ә.БАЙҒАЛИЕВА. Бастауыш сыныптарда жаңартылған бағдарлама әдіс-
тәсілдерін тиімді қолдану135

Мастер-класс

Б.А.ТУСУПХАНОВА. “Эссе жазып үйренейік” вариативті курсының
А.Д.БОЛКЕНБАЕВА. тиімділігі”137

Уақыт пен әдебиет

А.ІСИМАҚОВА,
М.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институтының бас ғылыми
қызметкері, филология ғылымдарының
докторы, профессор.
Алматы қаласы

АЛАШ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК

Андатпа: Алаш ардақтыларының жеке өмірлеріндегі белгілі оқиғалар ұлтқа қызмет етуге бағындырылған. Бүгінгі тәуелсіз кездегі ғылым алаш ғалымдарының еңбектеріндегі Қазақ елінің мүддесін, ұлттың тілі, діні, ділін қорғайтын текті ойларды өзіне қажет етуі де осындайдан.

Бұл мақалада «*Отанды сүю – иманнан*» ұстанымын алға тартқан Алаш зиялыларының ел үшін еңбектері сөз етіледі.

Түйін сөздер: Алаш рухы, Алаш дүниетанымы, Алаш қайраткерлері, әдебиет, саяси элита.

Summary: Certain events in the personal life of Alash Allies are dedicated to serving the nation. This is the reason why today’s independent scientists need self-interest to defend the interests of the Kazakh people in their works, the national language, religion and mentality. This article deals with the works of Alash intelligentsia, who promoted the position «Love the homeland - the faith».

Key words: Alash spirit, Alash worldview, Alash figures, literature, political elite.

«Отанды сүю – иманнан» ұстанымын алға тартқан Алаш зиялылары осыдан 100 жыл бұрын қандай істің басынан көрінді? Қазақ елінің біртуар перзенттері, ұлт азаттық қозғалысының басшылары, «Алаш» партиясының, «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің

ғылыми және көркемдік мұрасы ата-баба аманатын абыроймен атқарып кеткендігінің дәлелі.

Алаштың саяси элитасы – Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Шоқай, Қ.Кемеңгерұлы, Х.Досмұхамедұлы т.б. Отанға адал қызмет етуді ұлт мүддесімен ұштастырды. Алаш ардақтыларының жеке өмірлеріндегі белгілі оқиғалар ұлтқа қызмет етуге бағындырылған. Бүгінгі тәуелсіз кездегі ғылым алаш ғалымдарының еңбектеріндегі Қазақ елінің мүддесін, ұлттың тілі, діні, ділін қорғайтын текті ойларды өзіне қажет етуі де осындайдан.

Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Жүсіпбек Аймауытұлы 1931 жылы, Смағұл Сәдуақас 1933 жылы ең бірінші болып ату жазасасына кесілген еді. Айдауда жүрген «Оян, қазақ!» авторы М.Дулатұлы 50-ге бір ай қалғанда, Ақтеңіздегі Сосновецк мекенінде науқастан қайтыс болған. Осыншама қысқа ғұмырында бізге үлгі боларлық шаһидтік істердің басынан табылды. Аталған зиялылардың өмірі 1937-1938 жылмен тәмамдалады. Заманның өздерінің істеріне қауіпті екенін білген алаш зиялылары өз ұлтына қызмет етіп, қазақ мемлекеттігінің өз алдына тәуелсіз болып қалыптасуын аңсап өтті. Қазақтың тілін, дінін, ділін қорғауды олар басты саяси, азаматтық, ғылыми мақсат етіп алға қойды.

Воронский, Плеханов, Троцкий, ВАПП пікірлерімен жете таныс болған **Жүсіпбек Аймауытұлы** – ХХ ғасырдың 20-30-жылдардағы Ресейдің саяси және ғылыми элитасы мойындаған жазушы. ХХ ғасыр басында Мәскеудегі Л.Н.Толстой бастаған жазушыларымен араласқан Жүсіпбек Аймауытұлы небәрі 41 жасында ату жазасына ұшыраған.

Максим Горький, Мопассан, Джек Лондон, Тагорды аударған жазушының **«Дәмелі (Тамила)» романы** күні бүгінге дейін табылған жоқ. Ең алғашқы әңгімелері мен повестерінен бастап **«Ақбілек»**, **«Қартқожа» романдарында**

жазушы ұлт-азаттық қозғалыстың қазақ жерінде қалай болғаны, Ресейдегі төңкерістің қандай қасіретпен келгені бейнеленген.

«Ақбілекте» 1905-1917 жылдары Ресейден қашқан ақтар мен қызылдардың қазақ даласын «көмірдей басып өткен ақтардың» қалай таптап өткені Ақбілектің тағдыры арқылы суреттелген.

«Қартқожа» романында ауылдан шыққан қазақ баласының есеюі арқылы 1916 жылғы қозғалысқа себеп болған саяси-әлеуметтік оқиғалар әшкереленген. Жазушы Ақбілек пен Қартқожа бейнелері арқылы қазақ жеріне совет үкіметі «найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен келгенін» осылай бізге аманаттап кеткен.

Жүсіпбек Аймауытұлының осымен қатар әдеби мақалаларындағы және **«Әзірет сұлтан» (Қожа Ахмет Ясауи) зерттеуіндегі** тарихи мағлұматтар мен ұлттық идеяны ұстанған деректердің мәні зор. Бұл зерттеуде тұңғыш рет Әзірет сұлтан мешітінің салыну тарихы, оны кімдер іске асырғаны, қай жылы қандай жөндеу жұмыстары болғаны, мешіт кешенінің күмбезі, іші-сырты, жертөлесі мен әр кірпішіне дейін нақты мағлұматтар берілген. Бұл зерттеуде оқырман мешіттің ішінде автормен қатар жүргендей әсер алады.

«Төрдегі есіктің маңдайындағы көкала шыны жазуда осы мешітті салдыру «Әмір-Темір құрқанның» (Ақсақ Темір) аты да тұр» деген тарихи дерек те аса құнды. Зерттеуде тұңғыш рет мешіттегі тайқазанның биіктігі, көлемі анықталған: «Шырақшылар: «Бұл қазанда бір заманда су тұрушы еді. Мынау шүмектерден ағызып алып ішуші еді...», – дейді Ақсақ Темір тұсында. Әзірет Сұлтанның қабірі былай суреттелген: «Есік аузында, төбеде, абажадай жез қандыл ілулі тұр. Бөлек-бөлек сүйек оюдан құрап, жытырлата нақыштаған, нақышына ми жетпестей ғажап есіктің құлтын ашқанда, алдыңда

биігірек жерде есікке мінбелеп, қызылды-жасылды шүберек жапқан. Кісі бойындай жота қабір тұр. Бұл – Әзіреттің раузасы (көрі)... Қабір қасындағы бір тамаша қылатын нәрсе – үлкен жез шамдал. Шамдалды жақын әкеп көрсетті. Оған орнататын шам телгірам ағашына таяу болу керек. «Нақышы, шимайы, зорлығы дүниеде жоқ», – деседі. Боранбоздың бір әлімі: «Жүз мың сомға алар едім», – депті-мыс. Расында, ондай қымбат шамдал еш музейде жоқ», – деп, мешітті түзетіп жатқан шебер (архитектор) де айтты. Мұндай шамдал екеу екен. Бірін ұрлап кетіпті» [1, 271].

Келесі мағлұмат та тарихи құнды: «Одан шығып, оң жақтағы кішкене есіктің бірінен кірсеңіз, пеш сынды қыш үстінде жыбырлаған арқардың мүйізі (зиратшылардың байлаған әлемі). Ар жағындағы кішкене ағаш шарбақта Арыстан ханның тікше сандықтай қабір тасы тұр. Одан әрі айналсаңыз, тағы бір кішірек үйге кіресіз. Қабырғалары ойдым-ойдым (ышқатша). Бұл жай бір заманда кітапхана болып, 30 мыңдай кітап сақталған екен. Бұл күнде бірі қалмапты» [1, 274].

Бұл мәтінде бүгінгі өзгертілген мешіттің бұрынғы, атам заманнан өзгертілмей сақталған қалпын көреміз. Бұл мақала осымен құнды. «Абылайдың көк тасы» деген мәселе де анықталған: «Жағаласақ, камерада Абылайдың көк тасы жатыр. Ұзындығы кісі бойындай. Биіктігі орындықтай. Мінсіз төрт қырлы көк ала мәрүәр мұздай жылтыр, айнадай тегіс, шимайша ойып келтірген олты-солпысыз, үшкір сұлу жазулары жалап қойғандай мүлтіксіз. Ағы мен көгі қара ала батсайыдай аралас таңдайланған, айқасқан. Алаң шындала құлтырған көк мәрүар айта қалғандай сұлу екен. Айналақтап кете алмадық. Әлде Абылайдың шын аты со ма, әлде жұрт адасып жүр ме, әйтеуір, тастағы жазу «Абулқайыр» болса керек» [1, 275].

Жазушы осы ретте нақты мәліметті бере кетеді: «Со

сияқты төбесінде тұрып жерге, жерден төбесіне қарап, сатымызды санап: «Осы мешіт жүз кез барсың-ау», – деп едік. Шама – шама-ақ екен, архитектордың айтуы: 141 кез боп шықты. 41 кездей ғана қателесіппіз. Ұзындығы 60, көлденеңі 45 кездей екен: «зорлығы, айбыны, жаттығы, сұлулығы дүниежүзінде бірінші мешіт» деп саналады екен». Мешіт қалай салынғаны туралы да мәлімет берілген: «Архитектордың шамалауы: мешіт бір метрге төмен (3/4) шөккен.

Келесі мағлұмат та аса құнды: «Әзірет мешітінің асты, төңірегі – толған адам сүйегі», – дейді. Жақында аршыған құдықтан 13 адамның сүйегі шыққан».

XX ғасыр басындағы мешітті Ленинградтан келген **Бошинский** деген архитектор істеп жатқан шаралар ғимаратты түзетуге арналғаны мәлімденген: «Атақты жандарм Черняев та осы мешіттің әр жеріне тіреу салдырып, мұнараларын сылатқан. Черняевтің мақсұты: «Мұсылман жұртына жақсыатты көріну, елді баурау, тыныштандыру... Кеңес өкіметі... мәдениетшіл, өршіл үкімет болғандықтан, кейінгілерге үлгі ескерткіш болсын деп, ескі мұраны түзетіріп отыр», – делінген.

Мақала көркем тілмен жазылған, танымдық мағлұматы зор. Кейінгі заманда да бұл ғимараттың басына түскен оқиғалар былай берілген: «Қоқан хандары мешіт төңірегіне қыштан биік қорған соқтырған. Мылтық ататын тесіктері әлі де бар. Орыс қолы астына қараған заманда қорған ішіне солдат жататын казарма салынған. «Мешіт құлап, казарманы басып қалады», – деп, жергілікті үкімет 1870 жылы мешітті құлатуға қаулы шығарады. Бірақ ол қаулыны Ташкен жандаралы бекітпей, мешіт аман қалған. Міне, жұрттың қырдан, сырдан зиратқа ағылатын, пәлен мың шақырымнан өлігін жаяу көтеріп келетін, жарым «Мекке» деп көретін Әзірет Сұлтанның тарихы, мешіті, қабірі – осы сияқты» [1, 275].

Мағжан Жұмабаев – замандастары сияқты ақындық, жазушылығымен қатар әдебиетті таныту ісі мен ғылымды көркейтуге үлес қосқан ғалым. Әдебиеттанулық еңбектері: **«Ақан сері», «Бернияз Күлеев», «Базар жырау», «Әбубәкір ақсақал Диваев»**. 1922 жылы Орынборда жарық көрген «Педагогика» кітабында әдебиеттің қоғамдағы орны ғана емес, оның адамның қалыптасуына әсер ете алатыны, ұлттық дәстүр мен ұлт тілі, діні, ділінің ұстанымымен қатар ұлт-азаттық идеясы басты мақсат ретінде айқындалған.

Мағжан қазақ әдебиеті – қазақ тарихының асыл сөз екенін аңғартып қана қоймай, оның ерекше міндетін де атап берген: **«Қазақтың шын ақыны ешбір уақытта аты мықтыны мақтаған емес. «Байтаққа пана болған» мықтыны мақтаған». «...Құдай ұрғандарының шенді шекпенге қарық болып, жалпақ елдің «аузы түкті гәуір, жеті басты ауыр», – деп қан жылап жүрген кез ғой. Сол кезде кешегі көкжал Кененің ер ұлы Сыздық «елім» деп жортып жүріп, шөмекей ішіне барса керек. Сонда «Сыздық бастаса, гәуірден құтыламыз!» – деп, жалпақ елмен бірге Базар жырау да қуанғанға ұқсайды»**.

Осылай, Алаш әдебиеттанушысы ақын сөзінен қазақ тарихын анықтап қана қоймай: **«Заманның келбеті, назы, өкпесі әдебиетте осылай бейнеленді»,** – деп анықтап берген. Сыздықтың **«Қияда жүріп қажуы», «жолбарыстай ыңыранғанын»** жырлаған Базар жырау сөздері осылай әдебиет тарихында нақышталған. Ол туралы Алаш әдебиетшісі былай деген: **«...Оның жалынды жастығы болған. Оның да іздеген бағыты болған. Жете алмаған, қажыған, Жеңдім деген, алданған... Осыларды жырлайды Базар. Бірақ шерлі елдің шын баласы ғой – Базар»**.

Алаш тұлғалары басқа біреулер сияқты совет заманына ыңғайланбады. Әлихан Бөкейханнан басқасы **«Алаш» партиясының шешімімен совет үкіметіне қызмет етуден бас тартпады, бірақ осы істі ұлттық мүддені, оның**

ғылымы мен білімін қорғауға пайдаланды. Тар жол, тайғақ заманда олар қазақтың ата-бабадан қалған дінін, ана тілін, ұлт тарихын жазып, ғылымын қалыптастырып береді. Сондықтан Алаш ғалымдарын «Отаны үшін құрбандыққа саналы түрде барған шаһидтер» деп санау қажет.

Ә.Бөкейханның «Абай Құнанбаев», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Женщина по киргизской былине Кобланды», «Батыр Бекет», «Мырза Едіге», «Роман бәйгесі», «Роман деген не?», «Ән өлең және оның құралы», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Аңқау елге арамза молда», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын» атты зерттеулерінің негізінде ғалымның ұлт тарихы мен басты құндылықтары айқындалған.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейхан Мәскеуден шыққан **«23 жоқтау», «Ер Сайын»** – сол кездегі қазақ тарихын, ұлт-азаттығын қорғаған басты қаһармандарын жоқтауы еді. **Ахмет Байтұрсынұлының «Мәдениет тарихы» мен «Әдебиет танытқыштың» «Нұсқаулық» атты 2 кітабының тағдыры әлі белгісіз.**

Ресей Мемлекеттік думасының мұсылмандық фракциясын басқарған Санкт-Петербург массондар қоғамының мүшесі – Әлихан Бөкейхан. **«Мұсылман сиезі» (1914)** атты он бір мақалаларында Петербургте өткен мұсылман сиезіне (1914, 6-10.XII) қатысты сол кездегі дін мәселелерін ұлттық идеяны насихаттау үшін пайдаланған: **«Бауырым Дінише!» (Дінише Әбілұлына 23.07. 1923) деп басталатын хатында** Ә.Бөкейхан былай деген: **«Хатыңды алдым. Қуанып қалдым. «Шолпанға», «Темірқазыққа» неге мақала жазбайсың? Сендей білімі бар жазбаса, кім жазады? Не балаларға сабақ беріп, не жорналға, газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қылмасақ, не қазақ тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеулі ғой! Ғалихан»** [2, 398]. Бұл – Алаш ғалымының замандастарына және өзіне таңдап алуға мәжбүр болған азаматтық ұстанымы еді. Олай

болса, мұсылман Алаш ғалымдарының ғылыми мұрасын олар аңсаған Тәуелсіздік кезде пайдалана білейік.

Әлихан Бөкейханның *«Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені» («Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи», 1903) атты зерттеуінің орны ерекше.* Мұнда қазақ жерінің мың жылдық тарихы, мекендеген рулардың, асыл ерлердің қалдырған заттық, рухани ескерткіштері, сәулет өнері зерттелген. *Ә.Бөкейхан – қазақ сөзінің қалай шыққандығы жөніндегі аңызды келтіріп, «қырғыз» деп орыстар таңған атаудың қате екенін дәлелдеп берген тұңғыш тарихшы.* Сонымен қатар *Ә.Бөкейхан – Кенесары хан қозғалысы туралы тұңғыш зерттеудің авторы.* *Әлихан Бөкейханның «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты зерттеуі – аталған көтеріліске «Ұлт-азаттық қозғалыс» деп тарихи база берген тұңғыш ғылыми еңбек.* Тақырыптың атауы да [3] тегін емес. Демек, басылым – бір адамның ғана пікірі емес, ғылыми алқалы қауымның қолынан шыққан тарихи негізі бар зерттеу.

К.Степняк (*Ә.Б. псевдонимі*) атынан берілген өлең жолдары орыс тілді қауымға Кенесарының кім болғанын таныту үшін жазылғаны айқын:

*«За годом год хромали годы,
Прошло их много с той поры.
Как вольный сын степной свободы,
Казнен батыр Кенесары.
Но дух его бунтарской воли,
Его борьбы кровавый след.
Был маяком киргизской голи,
До дней свободы, дней побед» [3, 79].*

Алғы сөзінде автор Кенесарының ұлт-азаттық күресі қазақтың басын біріктіру үшін Ресей отарлауына қарсы бағытталғанын ашық айтады. Зерттеудегі негізгі ақпарат Әлібеков Қалығұлдың аузынан жазып алынғаны, оның

1845-1846 жылдары соғысқа тікелей қатысқаны, бұл жайды әңгімелеп бергенде, жасы 85-те екені келтірілген. Және бұл оқиғалар туралы Ахмет Кенесарыұлының да мәлім болғаны айтылған. *«Бұл тарихи қозғалыстың негізін зерттеу – тарихшылардың ісі, – деп, автор тарихшыларға үлкен міндет жүктейді.*

Осы алғы сөзде Кенесары ханның қозғалысына тарихи баға берілген: *«Различные труды по истории Туркестана уделили слишком мало внимания такой крупной величине, каким является истинный сын степей Султан Кенесары Касымов. Истории Туркестана только вскольз упоминают о Султани Кенесары Касымове, причем некоторые из них видят в нем стремление добиться ханского достоинства. В личности Кенесары Касымова, по-моему, правильное было бы видеть просто проявление протеста свободолюбивого степняка, стремящегося всеми средствами достичь объединения для борьбы с захватными действиями русского правительства» [4, 80].* Тарихи деректің кімнің аузынан, қашан жазылып алғаны да нақты көрсетілген *«15.07.1847 ж. Омск» [3, 83].*

Әлібековтің айтуыбойынша, Кенесарының қырғыздармен болған соғысы туралы, Майтөбе шайқасында Кенесарының шегінуге мәжбүр болуы, ханның мылтығын олжа ретінде манап Қарабековтің иеленуі сынды тарихи нақты оқиғалар қамтылған. Бұл мылтықтың Ресей әскері Бішкекке келгенге дейін сонда болғаны, кейін тарихи ескерткіш ретінде Колпаковскийге сыйға тартылғаны, бүкілресейлік көрмеде бұл мылтық дала генерал-губернаторының заты ретінде көрсетілгені, Кенесарының қырғыздардың қолына қалай түскені, қырғыздардың тұтқынмен арадағы болған сөздері мен істері толық мазмұндалып берілген. Манап Таштамбековтің мәйітке жасаған зұлымдығы тұңғыш рет қырғыздың баяндауы бойынша жария етілген [4, 82]. Жантай Қарабековтің үйсін руының жетекшілері – Сыпатай

мен Рүстемнің ақылын алып, сұлтан Кенесарының басын орыстарға сыйға беру туралы шешім қабылдағаны да осында келтірілген. Генерал Горчаков бұл іс үшін қырғыздарға сый тартқан: Қарабеков басты жүлдеге ие болған. Оның өкілі – Қалығұл Әлібеков Ресей өкіметі атынан Горчаков қолынан мятежник Кенесары Қасымовқа қарсы шыққаны үшін күміс медаль алған. Осы дерекпен еңбек тамамдалған.

Орыс тілінде жазылған түпнұсқадан үзінділер келтіруді жөн деп санадық: *«Около недели Султан Кенесары Касымов содержался пленником в юрте киргиза Джолба. Наконец, был собран совет манапов. На совете решили отдать Султана Кенесары Касымова в полное распоряжение манапу Ходжамбеку Таштанбекову, у которого в боях с Кенесары Касымовым было убито два брата».* Оның Кене ханға жасаған зұлымдығын бұл ретте аттап өтуді жөн санамадық. *«Так кончилась жизнь Султана Кенесары Касымова, но голове его суждено было еще поскитаться по свету».* Кене ханның бас сүйегі күні бүгін табылмағаны мәлім. Осы ретте қазақтың ру басылары Сыпатай мен Рүстемнің Кене ханның бас сүйегіне қатысты ақыл бергендері айтылған: *«Они посоветовали переслать голову Султана Кенесары Касымова русским, прося у них взамен манапа Тюрелды. Манап Карабеков последовал данному совету, выслал голову Рустему и Сыпатаю для передачи ее русским. Обещаясь, в случае успеха, дать еще каждую кость Тюрелды по пленному Кенесары Касымовову».* Тюрелдіні Кенесарының кегін алуға келген Қапал уезінің қазақтары ұстап әкеткен еді.

«Генерал-губернатор, князь Горчаков Кенехан өлімін естіген соң бұл істің басында болғандарға сый тағайындайды: *«При роздаче наград князь Горчаков захотел узнать: кто, собственно говоря, из манапов является главным виновником поимки султана Кенесары Касымова. Прибывшие завели спор. Разобраться было трудно. Представитель Карабекова*

Калигул Алибеков, дабы покончить спор, предложил каждому из спорящих рассказать, что проделано с головой султана Кенесары Касымова во время казни... Алибеков сообщил подробности смерти султана Кенесары Касымова. При осмотре головы слова Алибекова оправдались, и это послужило доказательством того, что главным победителем сочли манапа Карабекова» [3, 83].

Бүгінгі тәуелсіз Қазақ елі қазақтың ханы – Кенесары Қасымұлының бас сүйегін әлі іздеумен келеді. Отаны үшін жанын пида еткен, «Отанды сүю – иманнан» ұранын іске асырған мұсылман Кене ханның мәйітін өзі қорғаған Отанына қайтару – бүгінгі елдігімізге сын. «Аллаһ» пен «Мұхаммед с.а.с» сөздері жазылған бұл ұлт-азаттық қозғалыстың тууы – Кенехан ісінің оң екенінің дәлелі.

Қазақ тарихындағы маңызды ақпараттардың бірі – осы екені де айқын. «Тарих ғылымы қалай, кімнің қолында кетеді?» деген оймен Әлихан Бөкейхан өзі естіген мәліметтерді бүгінгі ұрпақ үшін жазып қалдырған. Бұл – азаматтық, ғалымдық парызын алға тартқан ердің еңбегі екенін біз ескеруіміз керек. Зерттеуші өз тарапынан ештеңе қоспаған. Оның бұл оқиғаға берген бағасы алғы сөзінде тұр. **Қалай болғанда да**, «бір кезде тарихшылар қажет етеді-ау» деген ниетпен жазылғаны анық. **Екіншіден**, қазақтың соңғы ханы – Кенесары не үшін, кім үшін соғысқаны, ұлты үшін құрбандыққа ұшырағаны, қандай жауыздыққа кезіккені тарихи мәлімет ретінде анықталып берілген. Ғалым қырғыз баяндаушының ғана сөзін берген, оның сөзі автордан бөлектеніп тұр, себебі бұл – ғылыми дерек.

Міржақып Дулатұлының «Хан Абылай», («Айқап», 1912, № 12) «Қазақтың тарихы» («Қазақ», 1913, № 7; «Қазақ», 1913, № 3; «Қазақ», 22 март 1913, № 7) атты еңбектерінің ғылыми мәні зор. Асыл сөзде бейнеленген ұлт тарихы мен ұлт мүддесі – Алаш әдебиетшілерінің басты ғылыми ұстанымы болды.

«Оян, қазақ!» авторының «Хан Абылай» атты мақаласында Абылай хан туралы тарихи деректер әдеби мәтінмен дәлелденіп отырады: *«Кеше Кенесары заманында шыққан Тобылбай бидің баласы Арыстан ақынның айтқаны да бар: «Қылады Макаржада байлар сауда, Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда. Сұрасаң Абылайдың тұрған жері – Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда»* [4, 48].

Қазақтың ханы Абылай XVIII ғасырда туылып, «Көкшетау» деген жерде *«қазақ жұртына 48 жыл хан болып тұрыпты»* деген дерек осылай айғақталған. *«Бұл күнге шейін қазақ жұртында Абылайдың анық аты-жөнін білуші кем», – деп мойындаған әдебиетші ханның ата тегі, шыққан ортасы туралы сол кездегі белгілі тарихи деректерді келтірген.*

Тарихшылар көп талдаған ханның түсі туралы келесі ақпарат берілген: *«Абылай хан Самарқант шаһарының бетіндегі Жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні түс көріп, ертеңіне қасындағы түс жоритын қариясына жорытады: «Түсімде шатырымның алдына бір жолбарыс келіп, шөгіп жатып алды. «Бұл – не қылған жолбарыс?» – деп таңғалып қарап едім, әлгі жолбарысым аю болып кетті. «...Жаңа жолбарыс еді ғой, қалайша аю болып кетті?» – деп, екінші қарағанымда қасқыр болып, онан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы көргендеріме таңғалып жатқанымда оянып кеттім», – деді. Сонда қария: «Жолбарыс көрсең, басыңнан бақыт құсы ұиқаны, баяғыдан бері бетің қайтпай жүріп, енді жасың жеткен шақта «Абылай хан сарттан өліпті» деген атқа ұшырамай, қайта ғой. Жолбарыстың аю болғаны – сенен соңғы балаларыңның заманы – аю заманы болып, жұрт аюдай алысып өтер. Қасқыр болғаны – немерелеріңнің заманында қасқырдай жұлысып өтер. Түлкі болғаны – шөбереңнің заманында түлкіше жортып өтер. Қоян болғаны – онан кейінгі заманда қорқып өтер», – деген екен»* [4, 51-52].

Абылай хан Самарқантқа елші жіберіп: *«Ұрыс-жанжалым жоқ, жұртқа амандасып, әулиелерді зиярат қылып қайтамын», – депті.* Ел ханды қуана қарсы алады. Жоғарыда Ж.Аймауытұлы жазған *«Абылай ханның көк тасы»* деген түсінік осы ретте нақтыланған: *«Абылай хан қайтарында өзінің басына қойдыртуға Самарқанттың көк тасынан тас қаздырғанда шыққан тасты Самарқант жұрты: «Бұл тас – сіздің бақытыңызға шыққан тас, мұндай тас Әмір Темірден соң ешкімге шығып көрген жоқ», – деп сүйінші сұраған екен. (Сол тасқа «Абылай хан бин Сүйеніш хан» деп жазылып, опат болғаннан кейін басына қойылыпты).*

М.Дулатұлы «Оян, қазақ!» ұранын тек өлеңмен ғана емес, осындай ғылыми, тарихи маңызды зерттеулерімен де айғақтап берді.

Абылайдың атақты түсі мақалада жан-жақты талданған. Абылайдың Самарқанға сапары, соңғы шайқасы, 68 жасында опат болғаны осылай айқындала түседі. «Абылай ханның 17 әйелі, 30 ұлы болған» деген дерек бар. «Солардың ішінде «Абылайлап» жауға шапқаны – қалмақтың ханы Қалдан Сереннен тартуға келген Топыш ханымнан туған Қасым төренің балалары, кешегі данқты Кенесары хан мен ер Наурызбай. Бұлардан басқа хан қаны қайнап, өз еркімен басқаларға қолдан тізгін бермеске қарысқан *«Абылайдың немересі Абайділда сұлтан Уәлихан ұғлы», –* дейді М.Дулатұлы [4, 53]. *«Бұл мәлімет Жанақ пен Орынбай ақынның өлеңдерінде айтылады», –* деп ақын келесі үзіндіні келтірген: *«Абайділда, Ғаббастың елін жайлап, Бес жорғасын өлтірдім кісе байлап. Ханнан алған сұлуым өліп қалып, Қаракөкпен келемін сорым қайнап».*

М.Дулатұлы Абылай тұқымынан Кенесары мен Абайділданы ерекше атап, ханның шөберелері – өз замандастары туралы қынжыла сөйлейді: *«Бұларға қазақ жұртының өкпелейтіні де – осы күнгі тар заманда білім*

дәрежелері бола тұрып, баяғы аталары өрге сүйреген жұртына басшылық қылып, пайдаларын тигізбеді» дегеннен басқа болмаса керек» (Айқап, 1912, № 6,7). Бұл – алаш қайраткері М.Дулатұлының төре замандастарына айтқан назы ғана емес, қазақтың басы бірікпей тұрғандығын меңзеуі де.

М.Дулатұлының «Қазақтың тарихы» (Түрік баласы. Қазақ, 1913, № 2) атты мақаласы былай басталған: «Тарих» дейтін – бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын, бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын бір ғылым. Қазақтың көбі оны «шежіре» деп атайды. Бұ заманның ғалымдары тарихты «ең оңды мағлұм» деп түсінеді. «Тарих – түзу жөнді үйретуші», – деп айтады... Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады» [4, 59]. Бұл – Алаш әдебиеттанушыларының негізгі ғылыми ұстанымы.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына нақты мүмкіншіліктер тудырған бірден-бір ғалым. «Ана тілі» деген терминді де өзі ұсынғанын біз есте сақтауымыз қажет. А.Байтұрсынұлының «Әліпбиі» мен «Оқу құралы» тұңғыш әліппеміз болса, оның бірнеше рет қайта басылуы сол кездегі білім беру жүйесі үшін ауадай қажет құндылықтарға айналғанына көз жеткізеді.

Қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін, түсініктерін А.Байтұрсынұлы сонау ХХ ғасырдың 20-жылдары анықтап берген екен. Бұл – өз алдына мойындалып отырған ғылыми факт, бірақ басты ой – «Әдебиет танытқышта» ұсынылған жаңа концепцияда. Оның біздің бүгінгі сұранысымызды өтеуге керекті эстетикалық тұжырымдарға сай екені анық. Мені маман ретінде таңғалдырған – бұған дейін тек Ресей, шетел әдебиеттануында бар теориялық тұжырымдар мен қағидалардың сонау ХХ ғасырдың басында қазақ топырағында қалыптасқаны еді.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» басты ойлары:

1. Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. Яғни, «сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғаны айтылады. Әдебиет – асыл сөз, ел тарихынан мағлұмат беретін мазмұнды сөз. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару социализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болды. **Әдебиеттанушы былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалайда асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі» [5, 281].**

2. «Жазу әдебиет» тарауында А.Байтұрсынұлы бүгінге дейін біз мойындамай, үрейленіп келген қағиданы дәлелдеп береді: «Қазаққа жазу дінмен бірге келген... Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен» [5, 316].

Жазба әдебиетті екі дәуірге бөледі: 1). Діндар дәуір; **2).** Ділмар дәуір.

Діндар – «діншіл» деген мағынада, **ділмар** – «тілшең» деген мағынадағы сөздер» [5, 318]. «Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып», соған еліктегеннен пайда болса, «ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болып отыр» [5, 318].

Бұл құбылыс – тек қазақ емес, «барша жұрттың басында болған іс».

А.Байтұрсынұлы жазу әдебиетті үшке бөледі:

1). ерте (әңгіме);

2). толғау;

3). айтыс-тартыс.

«Жазу әдебиетінің ертек түріне кіретін сөздері – ауыз ертек, ертек жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер. Толғау табына кіретін ауыз толғау, жоқтау сияқты көңіл күйінен шығатын сөздер. Айтыс-тартыс табына кіретін сөзден түрі ауыз әдебиетте жоқ; ... айтысы бар да, тартысы жоқ» [5, 319].

3. **Діндар дәуір әдебиеті немен ерекшеленеді?** Ол туралы былай делінген: «Діндар дәуір ауыз әдебиеті түріне түр қосып жарытқан жоқ. Анайы әдебиеттегі шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айырылмаса, айрықша түр-тұрпатымен айырыла қоймайды. Діндар жағының басымдығымен айырылатын түрлері мынау: қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме» [5, 319]. Әдебиетші аталған жанрлардың сыр-сипатын анықтап берген. «Әдебиет танытқышытағы» біз ұмытқан діндар дәуір жанрларының атаулары: мінәжат, намыс толғау деген түсініктердің өзі ой салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» (XIV-XVI ғ.) еңбегі «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталса, оның соңы «Алла тағалаға мінажат айтумен» аяқталады. Совет кезінде өшірілген бұл мінажат жанры туралы мәлімет А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» ғана кездеседі. Бұлар – бізге бүгін қажетті әдеби талдаулардың үлгісі емес пе?

4. **Зерттеушінің кітабына кең ауқымды ойлау қабілеті тән.** «Біздің қазақ Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды» [5, 276]. Бүгінгі әдебиеттанудағы «синкретизм», «типология», «әдебиеттердің қарым-

қатынасы», «сюжеттердің ұқсастығы» деген мәселелер туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған» [5, 276].

5. А.Байтұрсынұлы пайымдауынша, көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, «адамның жан қоштау керегінен шыққан» әдебиет – «асыл сөз». Сондықтан «Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынап біледі» [5, 337]. Өйткені «Жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады» [5, 337]. «... Ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады. Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды. Олай болғаны – Абай асыл сөздің айқындап нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса асыл сөз сипаттарын айтыпта жұртты хабардар қылды... Жақсы сөздің сипаттарын білген адам сынап білмекші; сынап білуден сөз талғауы күшеймекші. Солай болған соң асыл сөздің басты-басты сипаттарын білу – сөйлеу жүйесінің ең керек бөлімінің бірі болады» [5, 338]. Әдеби стиль, даралық стиль, көркемдік шеберлік категорияларын ғалым осылай танытады.

6. Ресей ғалымы М.Бахтиннің роман теориясы бойынша, дүниежүзілік әдебиетте роман – сол тілдегі әдебиеттің жазу жүйесінің қорытылған нәтижесі ретіндегі ең соңғы жанр. Яғни, роман өзіне дейінгі болған басты, керекті сөйлеу түрлерін жаңғыртып отыру қабілетіне ие. Демек, роман жанры осындай жан-жақты баяндау, жазу тәсілдерін, жазба естелігін, жадын (память жанра) меңгеріп, өзінің оларды оята білу мүмкіндігіне орай басқа прозалық түрлерге

әсер ете алады.

М.М.Бахтиннің осы «романизация стилия» деген тұжырымымен біз 1970 жылдары танысып, таңғалып жүрсек, А.Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау ХХ ғасырдың 20-жылдары түсіндіріп кетіпті. А.Байтұрсынұлы қазақ прозасының өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бұл құбылысты сол кезде былайша пайымдайды: «**Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана.** Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: **ұлы әңгіме сөзі** алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, **ұзақ әңгіме** жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, **ұсақ әңгіме** мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды». Яғни, **басты мәселе «айтылу аудандарында» ғана екен** [5, 343].

Романның стилінде қорытылып, жинақталатын ұлттық сөйлеужүйесінің жанлық түрлері туралы қағиданы Бахтиннің («речевые жанры») А.Байтұрсынұлының қазақ сөз өнерін талдай отырып айтқан пікірлерінен де ұшырастырамыз: «**Ұлы әңгімеге жан беретін** адамның ісі болғандықтан, **мінезіне кейін беретін** тәрбие болғандықтан, **тұрмысқа сарын беретін** ұлы, кіші адамдардың ірілі-уақты істері болатындықтан, ол істер біріне бірі ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді.

7. **Ұлы әңгіме** жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. **Ұлы әңгіме** жазуға үлкен шеберлік керек». Демек, роман стилін жүйелей келе А.Байтұрсынұлы оны айтылу түріне қарай: **әуезе, толғау, айтыс деп жіктейді**. Бұл атаулардың негізін де аша түседі: «**Әуезелеуші** айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады» [5, 273].

«**Әуезе** – тысқы ғалам турасындағы сөз...». «Толғанғанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін-мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды; екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды» [1, 273-274]. Яғни, «**Толғау** – ішкергі ғаламның күйі. Толғау – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда» [1, 274]. «**Әуезе** – тысқарғы ғаламның жырғы, толғау – ішкергі ғаламның күйі». Яғни, «**Сөйлеу** жүйесінің мақсаты – сөйлеу жүйелерін меңгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету», – деп түйіндейді А.Байтұрсынұлы. Себебі «**Әдебиет сөзін тәртіптен, тапқа бөлу керек. Жұртынан шыққан олар ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негізді 3 тапқа бөлген: 1). әуезе; 2). толғау; 3). айтыс** [5, 273].

8. Көркем туындыны талдағанда оның ішіндегі осы көркемдікті тудыруға тікелей атсалысатын қатысушыларды А.Байтұрсынұлы анықтап берген. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сипаттары да, қазақ ақындары мен тыңдаушыларының жоғарыда айтылған асыл сөзді танымайтын надандықтары да айтылып, мағлұмат берілген» [5, 338].

9. Әдебиеттанушы еңбектерінен сыпайылық (корректность!) пен әдебиетті танытуға бейімделген жоғарғы этикалық, имандылық деңгей есіп тұр. Талдаулар, жүйелеу тәсілдері осы ғылыми мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған. Оның тек «пән сөзінде» сөйлеуі мен әдебиет теориясының негізін салып кеткендігін біз бүгін мойындауымыз қажет.

10. А.Байтұрсынұлы әдебиет теориясының пән сөздерін (термин), талдау жүйелерін қазақша сөйлетіп, ғылыми тілдің деңгейін сол кезде-ақ көтеріп тастағанын біз бүгін мақтаным ете аламыз.


Ұлтына, еліне, ғылымға, әдебиетке арымен беріліп, адал қызмет еткен А.Байтұрсынұлы зерттеуінің Қазақ елі тарихында алатын орны айрықша зор екенін 26 жасар замандасы М.Әуезов былайша тұжырымдапты: «Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып. Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын: «Алаштың үмбетінің бәрі мәлім. Кім қалды таразыға тартылмаған?!» – деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ақаңның ғана ардақты атын атаймыз.

Ақаң ашқан қазақ мектебі. Ақаң түрлеген ана тілі. Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран. «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» [6, 70].

Әдебиет:

1. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. - 5-том. – Алматы: Ғылым, 1999. - 271-б.
2. Әлихан Бөкейхан Таңдамалы. Қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми зерттеулер, еңбектер: монографиялары, мақалалары, сөздері, баяндамалары, өлеңдері, аудармалары, хаттары. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 398 б.
3. Воспоминания кара-киргиза Калигула Алибекова о последних днях Кенесары. Под редакцией профессора Поливанова и доктора Досмухамедова. - Ташкент, 1923
4. Дулатов М. Алты томдық шығармалар жинағы. - 3-том. - Алматы: Мектеп, 2013.
5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
6. Әуезов М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 2012. – 384 б.

Руханият



М.ӘБІЛҰЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты,
профессор, Тараз инновациялық-
гуманитарлық университетінің доценті,
Қазақстан журналистер одағының
мүшесі.
Тараз қаласы

БИЛЕР ПОЭЗИЯСЫ ӘДЕБИЕТТЕН НЕГЕ ШЕТТЕТІЛДІ?

Қазақ әдебиетіне белгілі дәрежеде үлес қосқан билер өз заманында әділдіктің туын көтеріп, халықтың мұң-мұқтажын ойлағаны рас. Билер ел басқарған хандардың кеңесшісі болды. Қаһарлы хандар да, ел қорғаған батырлар да билердің тура сөзіне бас иіп, қара қылды қажарған әділдігіне тәнті болды. Билер де жыраулар сияқты халықтың мұңын тыңдады, зар заманда да, тар заманда да халық жағында болды. Олар шешендік сөздерімен, ақыл-өсиеттерімен халықты тыңдата білді, жыраулар мен ақындар сияқты өлең-жырлар шығарды, қазақ әдебиетіне өзіндік үлес қосты.

Өкініштісі – билер поэзиясына Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында да, социалистік құрылыстың қарқынды дамыған кезеңдерінде де, тіпті "өркендеген социализм" дәуірінде де мән берілмей, билердің өлең-жырлары әдебиеттен шеттетіліп келді. Турасын айтқанда, кеңестік идеология билер поэзиясының тәрбиелік мәніне, эстетикалық тағылымына назар

аудармай, *"феодалдық идеологияны күшейтеді, социалистік құрылысқа кері әсерін тигізеді"* – деген жаңсақ пікірдің шеңберінен шыға алмады. **Ал әдеби сын осы шеңбер ішінде тұншықты.**

Кеңестік дәуір идеологиясы қабырғалы билердің маңдайынан сипамады. Белгілі қаламгер Сейіт Кенжеахметұлы коммунистік тәрбиенің осы осал тұсы туралы: *"...Ең өкініштісі, кемелді ойды кері тартқан Кеңестік дәуірде қасиетті хандар да, қабырғалы билер де, ақ ниетті ақсақалдар да теріс ниетті адамдар бейнесінде сипатталды..."* – деп жазды (С. Кенжеахметұлы, "Жеті қазына", 2-кітап, Алматы, "Ана тілі" баспасы, 2007-жыл, 112-бет)

Қазақ әдебиеті тарихының тууы, қалыптасуы, дамуы, жеткен белестері туралы қазақ ғалымдары көптеген еңбектер жазды. Осы еңбектер арқылы өскелең ұрпақтар әдебиет тарихын зерделеді, биіктен көрінген жетістіктерді таныды, тағылым алды. 1967-жылы жарық көрген Х. Сүйінішәлиевтің *"Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері (ерте дәуірден ХІХ ғасырдың аяғына дейін)"*, 1967-жылы жарық көрген *"Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы"* (құрастырушылар: Б. Кенжебаев, Х. Сүйінішәлиев, М. Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ. Сыдықов), 1971-жылы жарық көрген Р. Бердібаевтың *"Қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасуы (1930-1940 жылдар аралығы)"*, 1973-жылы жарық көрген Әди Шәріповтің *"Қазіргі дәуір және қазақ кеңес әдебиетінің даму проблемалары"* т.б. Бірақ кеңестік қасаң идеологияның кесірінен аталған ғылыми еңбектерде билер поэзиясы туралы ғылыми тұжырымдар жазылған жоқ.

Белгілі ғалым Б. Ыбрайымов кеңестік тұрақсыз, мәнсіз идеологияның зияны туралы

былай деп жазады: *"Идеологияның тас қорғанынан шыға алмаған, тарихи-көркемдік тәжірибесі мен зердесі әлсін-әлсін зорлықпен шайылып отырған, талапшыл талғамы тұмшаланудан көз ашпаған халықтың рухани қажеттілігі идеологиялық догмаларға ыңғайландырыла "тәрбиеленуі", стандарт ұғымдардың сүреңсіздікке, сұрқайылыққа ұшыратуы, бұған әспенсіген идеологияның одан әрмен әңгіленуі поэзиямыздың бай қуатының өз мүмкіндігін толық көрсетуіне мүмкіндік бермеді..."* (Б. Ыбрайымов, Қазақ лирикасы, Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУдың "Ұлағат" баспасы, 2013-жыл, 141-142-беттер).

Қазақ әдебиеттану ғылымы, әдеби сын кеңестік идеологияның шапанын жамылды. *"Әдебиет-партиялық әдебиет болуы тиіс!"* деген ұран санада жаңғырып тұрды. *"Хандар, бай-болыстар, қожамолдалар, би-қазылар, діни ағартушы молда-ишандар кеңестік тәрбиені мойындамайды, халықты діни жолға салады"* деген тұжырымдар пайда болды.

1961-жылғы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Бағдарламасы әдебиет пен өнерді өркендету туралы жаңа бағыттарды көрсетіп берді. Бұл Бағдарламада былай деп атап көрсетілді: *"Әдебиет пен өнерді өркендетудегі басты бағыт – халық өмірімен байланысын нығайту, социалистік шындықтың байлығы мен алуан түрін шыншылдықпен, асқан көркемдікпен бейнелеу, жаңа, шын мәнісіндегі коммунистік құбылысты зор шабытпен айқын етіп көрсету және қоғамның алға басуына бөгет атаулыны әшкерелеп отыру"* (**ерекшелеген-мен**), (Совет Одағы Коммунистік партиясының Бағдарламасы, Алматы, 1961-жыл, 131-бет).

Бұл қандай бөгет? Ол қалай әшкереленді?

Кеңестіктер "би" сөзінен қашты. "Би" социалистік жана қоғамға жат нәрсе ретінде насихатталды. Тіпті фамилиясы "Бисұлтанов", "Бибалаев", "Бисенбаев" деп аталатын, әкесі би болған, атасы би болған адамдар қудаланды, жұмыстан шеттетілді. Дәл осындай "жаңашыл" қоғамда "Билер поэзиясы" дегенді кім зерттесін? Қай ғалым билердің өлең-жырларын зерттеп, зерделесін? Әдебиеттану ғылымындағы жанып тұрған "отқа" кім кірсін?

"...Кетбұғадай билерден // Кеңес сұрар күн қайда..." – деп Доспамбет жырау жырлаған XIV-ғасырда өмір сүрген Кетбұға бидің жыраулық өнері бар екенін білеміз. *"Қазақ әдебиетінің тарихы"* атты кітапта Дешті-Қыпшақ әмірі Жошы ханның өлімін Кетбұға бидің Шыңғыс ханға естіртуі туралы былай деп жазылған: *"...қыпшақ не оғыз руларының елбасыларына жақын адам, би болған Кетбұға олар моңғолдар ұлысына қызмет еткенде, солармен бірге Шыңғыс хан ордасына да еркін барып жүрген сияқты. Өйткені XIV ғасырда жазылған "Шаджарат әл-ат-түрк" ("Түрік шежіресі") атты кітаптағы деректер мен ел есіндегі аңыздар бойынша, Дешті-Қыпшақ әмірі Жошы хан нөкерлерімен аң аулап жүріп, 1227-жылы қаза тапқанда, Шыңғыс ханға қаралы хабарды жеткізуге ешкім бата алмаған шақта, әрі жырышы, әрі күйші Кетбұға ғана осы ауыр жүкті көтеруге батыл шығады. Шыңғыс хан сияқты қатал, қаһарлы, алды суық, жойқын әмірші өзіне кімде-кім суық хабар айтса, көмекейіне қорғасын құйып өлтіретінін айтыпты деген аңыз да бар. Сонда Кетбұға:*

*Теңіз бастан былғанды,
Кім тұндырар, ей, ханым.
Терек түптен жығылды,*

Кім тұрғызар, ей, ханым...

Сөйлемекке еркім жоқ,

Сен сөйледің, ей, ханым.

Өз жарлығың өзіңе жөн,

Не ойладың, ей, ханым?,- деп, Шыңғыс

ханды қаралы хабарға әзірлеп алады да, Жошы ханның қайғылы қазасын өзі шығарған "Ақсақ құлан, Жошы хан" күйімен естірмеді..." (XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ әдебиетінің тарихы" (3-том)", Алматы, "Ғылым" баспасы, 2000-жыл, 18-бет).

Мұның өзі Кетбұға бидің толғаулар, өлеңдер шығарып, белгілі бір дәрежеде жыраулық, жыршылық өнермен де айналысқанын дәлелдейді. Кетбұғадан кейін өмір сүрген билер де жыраулық поэзияға ден қойғанын атап өткен жөн.

Төле бидің "Тамыры терең қара емен..." атты толғауын оқып көрейік:

Тамыры терең қара емен,

Қасқая күтер дауылды.

Ақылды шешен сөйлесе,

Таратар түгел қауымды.

Бірлігі мықты ел болса,

Барлығы түгел бауыр-ды.

Ұрпағыңа үлгі етіп,

Батырыңды жырлап өт.

Жерлеп жеңсе жауыңды.

Астыңа берсе алтын тақ,

Еліңнің саған сенгені.

Береке-бітім жолың тап.

Күштің бетін баста деп,

Қолыңа тізгін бергені...

Толғау халық өмірімен байланысты емес пе? Толғаудың "қоғамның алға басуына бөгет" болатындай

қандай қауқары бар?

Қазыбек бидің қалмақ ханына айтқан "Сен темір де, мен-көмір..." атты толғауын оқып көрейік:

*Сен темір де, мен-көмір,
Еріткелі келгенмін.
Екі еліктің баласын,
Теліткелі келгенмін.
Жаңа үйреткен жас тұлпар,
Жарысқалы келгенмін.
Танымайтын жаттарға,
Танысқалы келгенмін.
Қазақ, қалмақ баласы,
Егесетін ер шықса,
Тұтқыр сары желіммін,
Жабысқалы келгенмін,
Табысқалы келгенмін...*

Әйтеке бидің "Суалмайтын суат жоқ..." атты толғауын оқып көрейік:

*Суалмайтын суат жоқ,
Тартылмайтын бұлақ жоқ.
Құйрығы суда тұрса да,
Құрамайтын құрақ жоқ.
Дүние деген фәни бұл,
Баласы жоқта мият жоқ.
Бәрінен қиын сол екен,
Артынан қалған шырақ жоқ!..*

Ақтайлақ бидің "Жақсы туған қыз бала..." атты толғауын оқып көрейік:

*Жақсы туған қыз бала –
Батыр туған ұлмен тең.
Ақылы аз болған соң,
Жаман адам пұлмен тең.
Сатылса малға қарындас-*

*Есікте жүрген күңмен тең.
Жабырқап көңілі ашылмай,
Қараңғы болған түнмен тең.
Көз жасын көрер пенде жоқ,
Қайғының дерті у-мен тең.
Еркі өзінде бар болса,
Мына отырған жас бала
Болар еді кімнен кем?..*

Кеңестік идеология қанша тырбаңдаса да қазақ ғалымдары Ә. Марғұланның **"О носителях древней поэтической культуры казахского народа"**, М.Әуезовтің **"Сборник статей к его шестидесятилетию"**, М. Мағауиннің 1968-жылы жарық көрген **"Қобыз сарыны" атты еңбектері қазақ әдебиеті тарихын биікке көтерді.** Ғылыми еңбектерде шығармалары туралы ғылыми тұжырымдар жасалмаған Кет Бұға жырау, Құтан жырау (Қодан Тайшы), Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа жыраулардың есімдері әдебиет тарихынан орын ала бастады.

Бірақ Ресейге бодандық, бай, болыс-сұлтандардың Ресей отаршылдығына қарсы шыға алмауы – билердің халық алдындағы беделін түсірді, бұған себеп – болыс-сұлтандардың орыс отаршылдығына бөксе бұрып кетуі еді. Қазақ даласындағы саяси-әлеуметік жағдайдың тұманға айналуы жыраулар мен ақындардың болыс-сұлтандардың ықпалында қалған кейбір би-қазылардың теріс іс-әрекеттері халық наразылығын тудырды. Бұл ретте Дулат Бабатайұлының: **"Аға сұлтан, қазының // Ел сілкінді ісіне..."**, Шал ақынның: **"Әркімдер өз ойынша жүріп жатыр // Тоқсан би ақындарды күштеп жатыр..."**, Ақтан Керейұлының: **"Төртіншіде не жаман? // Төресін гаділ бермеген // Парақор болған би жаман..."**, Аралбай Оңғарбекұлының:

"Кешегі бір күндерде // Байдан кетті қанағат // Биден кетті гаделет..." атты өлең-жырлары халық арасында билердің беделінің төмендеп бара жатқанын сипаттады. Билердің билік ісіндегі әділетсіздікке ауытқушылықтары қазақ халқының Ресейге отар болуынан пайда болды деген пікірді қолдаймыз.

Еліміз тәуелсіздікке шыққан соң билер поэзиясы туралы көп жазылмағанмен билердің ел алдындағы, мемлекетті басқару ісіне араласуы жайында, билердің елге басшылық жасаған хандар алдындағы беделі туралы 2000-жылы "Ғылым" баспасынан жарық көрген *"XV-XVIII-ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы"* атты көптомдықтың III-томында жазылды. Бұл кітаптың үшінші томының III-бөлімі *"Билер мен шешен ділмарлар"* деп аталды. Бұл бөлімде С.Негимовтың *"Билер мен шешен ділмарлар хақында"*, *"Жиренше шешен"*, *"Асан қайғы"*, *"Қазыбек би"*, *"Әйтеке би"*; С. Қорабаевтың *"Төле би"*, *"Ақтайлақ би"*; Б. Адамбаевтың *"Сырым би"* атты ғылыми еңбектері орын алды.

Мәшһүр Жүсіп *"Даналар"* атты поэзиялық туындысында билер туралы:

Қазыбек, Әйтекедей көсем өткен,

Әлдибек, Айтпай, Майлы шешен өткен.

Жолы үлкен, жасы кіші Төле бидің,

Әйтеке, Қаздауысты Қазыбектен, – деп жырлайтыны бар.

Жалпы, қазақ ауыз әдебиетінде билер поэзиясының үлкен сала болғаны рас. Әдебиеттану ғылымында осы билер поэзиясының рухани қуаты мен тәрбиелік мәні туралы зерттеу еңбектер жазылса, оның тереңдігі мен адамзат санасына әсер етер күшін гуманитарлық бағыттағы пәндерге енгізу ғалымдардың назарында болып, іске асып жатса, қазіргі біздің ұлттық тәрбиемізді, рухани дүниемізді басып бара жатқан батыстық "мәдениеттің" толқынына тосқауыл болар еді!

Атаулы мектеп тынысы

Ж.С. БАТЫРБЕКОВА,
Директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары,
«Жаңа Ғасыр» №175 гимназия,
Алматы қаласы

“ЖАҢА ҒАСЫРДАҒЫ” – ЦИФРЛЫ САУАТТЫЛЫҚ

Қазіргі таңда дамуды информация (ақпарат) әлемінде өмір сүруге үйрету – білім беру саласының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев: *«Цифрландыру дегеніміз – Қазақстанның озық ел атану жолындағы мақсат емес, құрал. Бәсекеге қабілетті болу, өсімді, өнім өндіруді арттыру, міне, осы – мақсат»*, – деп Жолдауда нақты ашып көрсетті.

Әлем жаһандық цифрландыру кезеңінде өмір сүруде. Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, Алматы қаласы Әуезов ауданы «Жаңа Ғасыр» №175 гимназия «Цифрлық



Қ а з а қ с т а н » бағдарламасын жүзеге асыру шараларын бастап кетті. Бұл ұжым 17 қаңтар күні «Жаңартылған бағдарлама аясында мұғалімнің ақпараттық

мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында мектеп директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған қалалық семинар өткізді.



Гимназия директоры Мәнекева Г.Б сөз басында өз ұжымының «Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту» бағдарламасы аясында цифрландыру

ісі табысты жүзеге асырылып отырғанына тоқталды:

«Бізде цифрлы технология бойынша оқу кабинеттерге жаппай компьютерлер қойылды. Компьютерлерді үйде де негізгі ақпараттық құрал ретінде пайдаланыла



бастады. Ақпаратты сақтау да, тасымалдау да жолға қойылды. Оқушыларды электронды түрде қабылдаймыз. Сондай-ақ, мұғалімдердің

құрамы да таңдалып, реттелген. Сонымен қатар,

«Күнделік» жүйесімен жұмыс 100 пайыз жүргізілуде. Гимназия сайтында барлық мүмкіндік беретін тегіктерді ата-аналарға және оқушыларға беру жоспарланған.



Бізде нақты жоспар бар, сондықтан да жыл соңына дейін цифрлық білім беру жүйесімен таныстыру ескерілген.

Бұрын мектепте қолмен толтырылған құжаттар



қазір электронды түрде жасалады. Барлық деректер нақты уақыт режимінде жаңартылды».

Сөз соңында білім сапасын арттыру, адами факторлардың

араласуын азайту бойынша жұмыс жалғасатынын мәлімдеді. Істеліп жатқан істің дәлелі цифрлы ақпаратта көрсетіліп отырды.

Семинарда отырған әріптестер мектеп сайтын ашып, іс-номенклатурасы негізінде барлық құжатты сайтқа кіргізіп қойғанын көрді.



Гимназияның оң тәжірибесі барлық ауданға таратылатылды. Семинардың сапалы жұмыс істеуге ықпал етіп отырғаны айтылды.

Қазіргі заман талабына сай «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында осындай жұмыстар бұдан былай да жалғаса берсе деген ұсыныстар қабылданды.

Өзекті мәселелер ортаға салынып, пікір алмасқан



соң, жиынға қатысушылар ортақ шешімге келіп, ашық сабақтарға қатысты. Ашық сабақтар бойынша сабақ берген мұғалімдерге семинарға

қатысушылар кері байланыстарын берді.

Семинар соңында, директордың оқу ісінің меңгерушілері Батырбекова



Ж.С., Закирова А.С. жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес мұғалімдердің кәсіби жетістіктерін бағалау әдісін, жаңартылған бағдарламаға



қамтылған сыныптардағы мектепішілік бақылаудың тиімді жолдарын көрсетіп, қонақтардың сұрақтарына жауап беріп, келген қонақтарға оқудағы қызметтеріне сәттілік тілеп, биіктен көрінуіне ниеттес екенін білдірді.

Оқулыққа қосымша

Б. МУРЫНБАЕВА,
№187 М.Шоқай атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда қаласы

“ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР” ЖЫРЫНЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

Эпикалық жырлардың бірі – “Қобыланды батыр” жырының композициялық құрылысы, сюжеттік элементтері бір-бірімен байланысты.

Композициялық құрылысы – мазмұн болса, **сюжет** – пішін болады.

Тақырып пен идеяның бірлігі тәрізді “Композициялық тұтастық, бүтіндік жоқ жерде сюжет те жоқ. Сюжет сюжет болу үшін оның барлық кезең-кезеңі түп-түгел белгілі бір композициялық жүйеге түсіп, бірлік табуы қажет. Бұл да сюжет пен композицияға тән бірлік,” – дейді З.Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде берген анықтамасында. (185-бет)

“Қобыланды батыр” жырының композициясы мен сюжетін талдамас бұрын әдебиет теориясы бойынша бұған анықтама бере кетейік.

Композиция дегеніміз – **латынша құрастыру, қиыстыру** деген мағынаны береді.

Көркем шығарманың құрылысы, яғни шығарманың оқиғасы, тілі, автор сөзі, кейіпкер пішіні, кескін-келбеті, мінез-құлқы, сөйлеген сөзі, жалпы алғанда, қажетті материалдардың бірлігі. Композиция кез келген шығармада болады.

Сюжет дегеніміз – **французша “зат”** деген мағынаны

береді.

М.Горькийдің сөзімен айтқанда: “Сюжет дегеніміз – адамдардың өзара қарым-қатынасы, байланысы, қайшылықтары, жек көру, жақсы көру, әр характердің, типтің өсуі, жасалу тарихы”.

“Қобыланды батыр” жырында оқиғаның дамуы оған қатысушы адамдардың өзара байланыста, қарым-қатынаста, күрес, тартыстарда болатынын көреміз.

Қимыл, іс-әрекет, талас-тартыс үстінде әркімнің мінезі, наным-сенімдері, күйініш-сүйініштері айқындалады және сол адамдардың қарым-қатынастарына жырды бізге жеткізуші, айтушының қалай қарайтын ойы, көзқарасы да сезіледі. **Осылардың бәрін бір сөзбен шығарманың сюжеті деп атайды.**

Сюжеттің ұзын-қысқалығы шығарманың көлеміне байланысты және сюжетте кездесетін композициялық негізгі элементтер шығарманың ұзын-қысқалығына қарамастан бәрінде де бола береді.

Сюжеттің негізгі элементтері:

1. Экспозиция-түсіндірме – шығарманың жай-жапсарын таныстыру мақсатында айтып, негізгі әңгімеге көшеді.

2. Связка-байланыс – шығармадағы оқиғаның неден басталғанын және келешекте оқиғалардың үзіліп қалмай, бірі мен бірінің жалғасып отыруын айтады.

3. Мотивировка-дәлелдеу – көркем шығармада дәлелденбейтін бірде-бір амал, әрекет, оқиға болмайды. Ісімен және сөзімен де дәлелденеді. Көркемдік-шындықта. Шығармадағы образға психологиялық, оқиғаға логикалық дәлел қажет.

4. Ситуация-жағдай – шығармадағы кейіпкерлердің қарым-қатынастары, күрес, тартыстарының нәтижесінде әр түрлі эпизодтарда кездесетін жағдайларды айтады.

Жағдайды конфликт-тартыс, коллизия-ала ауыздық, талас деп те атап жүр.

5. Интригадация-шиеленісу – шығармадағы оқиғаның шытырманданып, қиыннан-қиысуы, бірден-бірге асқына түсуі.

6. Кульминация-шарықтау шегі – шыңы, биігі. Шығармадағы оқиғаның тұйыққа тірелген жері. Автордың айтайын деген ойына сәйкес, оқушылардың көңілін аударайын деген оқиғаны айтамыз.

7. Развязка-шешуі – шығармадағы суреттелген оқиғаның, қатысушылардың іс-әрекеттерінің, тартыстарының немен тынгандығын баяндауды айтамыз. Шығарманың шешімі шығарманың идеялық мазмұны мен автордың көзқарасына байланысты.

“Қобыланды батыр” жырының басында жыршының айтуымен сексенге жасы келген Тоқтарбай мен елудегі Аналық бәйбішенің баласыздықтан қайғымен қан жұтып, ақылынан адасқан, қабырғасы қайысқан кезде бір ұл, бір қыз көріп, қуанышқа кенелгенін көреміз.

Ұлының аты – Қобыланды, қызының аты – Қарлығаш. Алты жасқа келгенде басында кәмшат бөркі, үстінде қамқа тон, астында тобылғы торы ат, қолында қаршыға, соңынан ерткен тазысы бар арыстан туған Қобыландыны Тоқтарбайдың тоқсан құлы бағатын жылқы қосында кездестіреміз. Алты жастағы Қобыландының қимылынан таулар күйіп, тас жанғанын, тоқсан құлдың бастығы Естеміс ердің тәрбиесінде болғанын, жауын жаулап, аңын аулап бір тауда қонып жатқанын білеміз. Осы оқиғалардың бәрі автор атынан, яғни жыршы атынан шығарманың негізгі оқиғасына сілтеме жасау болып табылады. **Мұны авторлық кіріспе-пролог деп атайды.**

Мұнан әрі Қобыланды басынан өтетін оқиғаның

басы басталады.

“Бұл не қылған дауыс?” – деп сұраған балаға Естеміс бұл таудың арғы бетінде Қызылбастың елі барлығын, Көктім аймақ ханы барын, оның Құртқа деген қызы барын, ай астындағы бақанға қағылған алтын теңгені атып түсірген Құртқа сұлуды алатынын айтады.

Барғысы келген бала Естеміс ерден батасын сұрап барса, атып түсіретінін білдірсе, Естеміс Құртқа сұлуды сырттай қорып жүрген қырық бес кез Қызыл Ер бере қоймас деп қорқынышын айтып жібергісі келмейді.

Қобыланды өз айтқанынан қайтпай Естемістің батасын алып, үстіне сауыт киіп, жанына болат семсер байлап, беліне садақ іліп, тобылғы менді торы атты мініп, Көктім аймақ ханына келіп, кезегін бергенде, ай астындағы теңгені екі бөліп ұшырып түсіреді.

Құртқа батырды көріп ұнатып, отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізеді.

Қырық бес кез Қызыл Ер: *“Меніменен күресіп, жықса алар, ат-тонын олжалап аман қайтса, жарар”* деп, Қобыландыны менсінбей сәлем айтады.

Қобыланды “артында жау қалдырмаймын” деп, Қызыл Ерге келсе, ол “аяғыммен күрес” деп, аяғын береді. Қобыланды батыр алпыс құлаш ала арқанмен бір аяғын іліп алып, торы атқа сүйретіп өлтіреді.

Қобыланды жауын жеңіп, Құртқаға қосылып, батырлықтың алғашқы баспалдағынан өтеді.

Міне, бұл сюжет элементінде шығармадағы оқиғаның жай-жапсарын таныстыру мақсатында айтып, негізгі оқиғаға қарай көшеді. ***Мұны экспозиция-түсіндірме деп атайды.***

Оқиға желісінде “Қобыланды батыр” жырының талдауын осылайша әрі қарай жалғастыра береміз.

Көктім аймақ ханы қызы Құртқаны қырық түйеге артқан қазынаға қосып, ішін алтындатқан, сыртын күмістеткен ақ отауымен аттандырады, ұзатады.

Қобыланды Көктімге сәлем беріп келіп, өзіне енші сұрайды. Көктім аймақ атасы: “Төбеңдегі төрт бұлтты бердім, жазда күн жақтан, қыста жел жақтан жау келсе, жау жақта тұрады,” – осы еншің деп, қоштасып аттандырады.

Көшке кездескен қалың жылқы ішінен Құртқа күймеден басын шығарып, жусап тұрған көк ала биені көріп, көк ала бие ішінде көк бурыл құлын барлығын Қобыланды батырға айтып, мені берсең де, сұрап ал деп өтініш, тілек білдіреді.

Қобыланды немере туған ағасы Сәлімбаи байға тоқсан құлының басшысы Қара Көжекті жіберіп, Құртқа келінінің көрімдігіне көк ала биені берсін деген сәлем айтып, Сәлімбаи ағасынан көк ала биені қалап алады.

Көк ала бие құлындап, Буырылды Құртқа өзі бағады. Тайдан құнан шыққанда, тұяғы тасқа тисе, көмірдей жаныштайды. Алты жасқа келгенде, алтыннан тұрман жасатып, батырға арнап найза, алмас қылыш соқтырады. Құртқа Буырылды баласындай тәрбиелеп, кекілін, жалын тарап, күннен-күнге атқа қылған еңбегі көбейеді. Аттың толық сыны беріледі.

Біз біліп отырған осы оқиғалардың бәрі тұтаса келіп, “Қобыланды батыр” жырының байланысын-связкасын құрайды.

Оқиғаның неден басталғанын және келешекте үзіліп қалмай, бірі мен екіншісінің жалғасуын Құртқа көшінен бастап, Бурылды бағып-қаққан аралықтан тұтас көреміз.

Эпикалық жырдағы оқиға Қызылбастың елінен

Қазан деген ер шығып, Ноғайлының жерін, Қырлы және Сырлы қалаларын алғанын, оған қарсы Қияттан шыққан Қараман батырдың Қараспан тауын жайлаған қалың қыпшақ елінің батыры Қобыланды еріне келгенін білеміз.

Ел шетіне келген көп қолдың Естеміс арқылы білгенде жау емес, өзінің құрдасы Қараман екенін біледі.

Сейілдің ұлы Қараман өзінің Қазанға қарсы соғысқа кетіп бара жатқанын, Қобыланды сынды батырды серік болып бірге соғысуға шақыра келгенін айтады.

Қобыланды батыр мінетін аты қолында тұрған жары Құртқаға бұл сапарға барар-бармасымды айтсын деп, Естемісті Құртқаның отауына хабарласуға жібереді.

Ел жата Қобыланды батырдың қасынан шыққан Естеміс Шолпан жұлдыз батып, таң сарғайып атып келе жатқан мезгілде Құртқаның отауына жетеді. Таң атып, күн шықпай-ақ Құртқаға батырдың сәлемін сыртта тұрып, ат үстінде жеткізеді. Құртқа “*Буырылдың қырық үш күндік кемдігі бар, тілімді алса, бұл сапарға бармасын*” – деп сәлем айтады.

Қобыланды Құртқаның ақылын жөн көріп, бағып тұрған баласы, күтіп тұрған анасы, өзі әйелдің данасы Құртқаның тұлпар туған Буырылдың қырық үш күн кемдігін айтып, сәлем айтқанын, сондықтан бұл жорыққа бара алмайтынын айтады.

Қараман жөн сөзді тыңдамай, Қобыланды батырға:

*“Әр талапқа шығарда,
Қатынға ақыл салған соң,
Қатынның тілін алған соң,
Неше батыр болса да,
Арыстан туған, құрдасжан,
Ол-қатын емей немене!?”* – деп намысына, арына

тие сөйлейді.

Қараман сөзінен кейін Қобыландының **портретін** былайша береді:

*Тері тамып иектен,
Түгі шығып білектен,
Жаны бір тулап жүректен,
Өтіп бір кетті сүйектен, –*

деген **суреттеу арқылы** барынша ашуға булыққан, қаһарға мінген кескін-кейпін көз алдымызға келтіреді.

Сюжеттің анықтамасына қарай отырып, біз тағы бір элементін шығармадағы осы оқиғаларға байланысты табамыз.

Жоғарыда келтірілген оқиғалар желісін мотивировка-дәлелдеу деп білеміз.

Көркем шығармада дәлелденбейтін бірде-бір оқиға болмайды, бірде-бір амал, әрекет болмайды. Кейіпкердің ісімен және сөзімен дәлелденеді.

Оқиғаға логикалық дәлел қажет те, образға психологиялық дәлел қажет.

Қазанның ноғайлы жеріне шабуылы Сейілдің ұлы Қараманды жорыққа бастап шықса, Қараман Қобландыны бірге аттануға қолқа салып отыр.

Қобыланды батырдың жан серігі тұлпар Буырылдың қырық үш күндік кемдігі Құртқа сөзімен дәлелденіп, жорыққа батыр дайын еместігі көрінсе, Қараман сөзі Қобыланды батырдың намысына, арына тиіп ашындырады. Бәрінің де дәлелі бар, айқын, анық дәлел.

Қараман сөзінен кейінгі Қобыланды батыр бейнесі ерекше суреттеледі.

Тобылғы меңді торы атқа ер салып, ақ алмасты қолға алып, қатуланып, қаттанып, буырқанып, бұрсанып, мұздай темір құрсанып, қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз тоңып, сөзге сынық қылды деп Құртқаға ашуланып,

жауға шабардай қимыл әрекетін көреміз.

Бұрынғы жайма шуақ жағдай жауар бұлттай өзгеріп шыға келеді. Ат дүбірін есіткен Құртқа батырдың екпінінен қатты қорқып, бетінен қаны қашып, оң етегін басып сасады. Бірақ ақылмен жол тауып, төрде тұрған Буырылдың басын шешіп, Қобыландының алдынан алып шығады.

Түнектен шыққан Тайбуырыл бойына қаруы сыймай, көк тасты сұлыша шайнайды. Он екі құлаш кезеңнен атылып ойнап, қыз Құртқаны көкке екі рет алып ұшады. Қобыланды батыр келгенде, Құртқа Тайбуырылдың бір ұшуы кем болғанын, оның қырық үш күннің кемдік жасап тұрғанын айтып шағынады. Қобыланды батыр атты көрген соң, бастапқы райдан қайтып, өзінің қателігін түсінеді. Өзі тірі тұрғанда, *“Есен барып, сау қайтсам, әйел де болсам, Құртқажан хан қылармын халыққа”* деп уәде беріп, риза болады.

Құртқаның отауына қонбай, кемпір-шалдың қойнына жатуы, ерте тұрып, Құртқа дайындаған Тайбуырыл атқа мініп, жиналған жұртпен қоштасып, кешегі кеткен Қараманның соңынан жөнелуі жағдайға байланысты.

Басты жағдай – ел намысын ердің қорғауында. Жауға аттанудың тездетілуі батырдың намысының табан астында Қараман сөзінен оянуы еді. Осы тұста тоқсандағы әкесі Тоқтарбай, алпыстағы шешесі Аналық, қарындасы Қарлығаш, жары қыз Құртқалардың батырмен қоштасуы Қобыланды батырдың жауға аттануға дайындығының жоқтығын көрсетеді. Бірақ батыр туған Қобыланды бағытынан қайтпайтынын білдіріп, төмендегіше ойын білдіреді:

*“Қарындасым Қарлыжан,
Тоғай толған түйемді
Сарысуға тапсырдым.*

*Желі толған жылқымды
Жасанған жауға тапсырдым,
Қора толған ақты қой,
Аш бөріге тапсырдым.
Азу тісі балғадай,
Жас бөріге тапсырдым.
Тоқсанда атам Тоқтарбай,
Құдіретіне тапсырдым.
Алпыста анам Аналық,
Бибіпатимаға тапсырдым.
Шырағым сені Қарлығаш,
Қарашаи ханымға тапсырдым.
Қосақ жарым Құртқаны
Балуан қызға тапсырдым.
Сендер төртеу, мен жалғыз,
Айналайын Қарлығаш,
Көкеңді кімге тапсырдың?”*

Тайбуырыл аттың сипаты тағы берілген. Тайбуырыл жылқыда тұлпар болса, Қобыланды жігітте сұңқар екені анық.

Азулының бойындағы елден бүгін шықса да, кешегі Қобыландының намысына тиіп, “қатынсың” деп кеткен Қараманның қолына жеткізуді өтінеді.

Қырық күншілік Қазанға бір күнде жеткізу онай емес, сонда да намаздыгер өтіп, намазшам жеткенше жеткізуге Қазанның Сырлы қаласына апаруға серт етеді.

Сертте тұрған Тайбуырыл бесін кезінде Қара Боқаш жауырыншыға, одан өтіп Қосдәулетке, мұнан асып, Аққозыға жетіп, сәлем беріп, алда Қараман құрдасының кетіп бара жатқанын біледі. Қараман батырға жеткен Қобыланды:

*“Болғаның ба досым-ай,
Мақтаған атың осы ма-ай?
Он екі күнде келерсің,*

*Менің бүгін тіккен қосымай!
Анау күні қатын деп,
Қарамай кеткен батыр-ай!
Көрдің бе, Қараман,
Қатынның баққан атын-ай!
Қатын да болса ,білдің бе?
Құртқаның асыл затын-ай!
Қатынның баққан аты озып,
Қапыда қалма, батыр-ай!
Жүрмейсің бе, Қараман,
Үш күн кейін соң қалып,
Мен де озып барамын,
Қалсаң, өлім жақын-ай!»-*

деп ретті жерде ар-намысын қорғап, өткендегісін қайтарып, Қараманды өз сөзін өз алдынан шығарып келеке, мазақ етеді.

Қобыланды батыр хан жайлаған Қаратаудан, би жайлаған Алатаудан, Жем мен Темірден,Тобылғылы Нұрадан, Сексеуілді жыралардан өтіп, уәделі мезгілде Сырлы қаланы келіп алады.

Сертінде тұрған Тайбуырыл Қобыланды батырлығына тұңғыш жол ашады.

Біз келтірген жырдағы оқиғаларда жағдай бірінен-бірін туғызып дамып, кейіпкерлердің қарым-қатынастары, күрес-тартыстары нәтижесі анық баяндалған.

*Осыны сюжет элементінде **ситуация-жағдай деп атайды.***

Жырдағы оқиға Қобыланды сертінде тұрып,Сырлы қаланы алып, Қасқарлық таудың басына шатырын тігіп жатқанда, он екі күннен кейін Қараман жеткенін баяндайды.

Қырлы қалада жатқан Қазанның қырық мың қолды әскері мен алты қабат орнынан өте алмаған Қараман Қобыланды батырға келіп, өзінің үш күн тұрып күші жетпегенін,

“айтқан сөзімді кектемей көмек бер” – деп өтінеді. Қобыланды өткенде айтқан сөзі сүйектен өткенін бетіне басып, Құртқаның бір ауыз сөзіне тұрмайсың, *“көзіме көрінбе!” – деп қуып жібереді.*

Қараман қатынның тілімен кектеніп жүр ме едің, сені көрмеймін деп жер тепкілеп кетіп қалады.

Қобыланды райдан қайтып, Қазанға қарсы соғысқа шығады.Осы тұста Тайбуырылдың сипаты тағы да жан-жақты берілген.

Жасыл тулы Қазанды өлтіріп, қырық мың қолды қызылбасты талқандап, Қияттың жаман әскерін көп олжаға кенелтеді. Атадан жаман туған арамтамақтар Қобыландыны өлтіріп кетпекке ойлары кетіп кеңеседі, бірақ Қобыланды батырдың қырып саларына көздері жетіп, құңкілдесіп қойысады.

Қараман Қобыланды батырға келіп, дұшпанға найзам тимей арманда барамын, Көбікті ханның жылқысын айдап алайық деп кеңес қылады. Қобыланды батыр құрдасы Қараманның сөзін жерге тастамай, екеуі Құба көлдегі Көбіктінің көп жылқысын айдап кете барады. Көбіктінің Тарлан аты жау екенін біліп, Тайбуырылға жеткізбей, қалаға кіріп кетеді. Тайбуырылдың қырық үш күндік кемдігі осы жерде білінеді.

Көбікті Тарлан ат барған соң, жылқыға жау тигенін біліп, жайдақ мініп, тас шоқпар мен найзасын қарына іліп, Қобыланды батыр ұйықтап жатқанда, Қараманды допша қағып тастап, желкесінен ұстап, Қобыландыны ұйықтап жатқан жерінде тоғыз қабат тормен бекітіп, екеуін екі тақымына басып аулына әкеледі.

Қызы Қарлығаға екеуін лабықтыға тастатады. Қарлыға екеуін екі қолтығына қыстырып жүре береді. Тамағына іркіт бергізіп, көзіне көк шыбын үймелетеді. Осы тұста Қарлығаның портреті берілген.

*Қобаған мұрын, қой көзді,
Талма бетті, нұр жүзді.*

немесе

*Ай тумас жақтан ай туды,
Күн тумас жақтан күн туды,
Бұл несі деп қараса,
Қара тамды ағартқан
Қарлыға қыздың сәулесі.*

Қарлыға сұлу Қобыланды батырға көңілі ауып, ғашық болуы – Қараман мен Қобыланды батырдың құтылуының негізгі себебі еді. Қарлыға қос батырды босатып еліне қашырсам, қайтесіңдер дегенде Қараман:

*Менің өзім нашармын,
Кілттің аузын ашармын.
Бұл бейнетті көргенше,
Шеш қолымды, Қарлыға,
Рұқсат берсең, қашармын, –*

деп, өзіне-өзі шын бағасын береді. Осы тұста да Қобыланды батыр мен Қараман бейнесі жырда салыстыра беріледі.

Қобыланды батыр:
*Ай, қаш, залым, қасымнан,
Қиямет салма жасымнан.
Дәулет құсы ұшты деп,
Тіліне дұшпан көнбедім,
Өшті болған әкеңнен
Өшімді алмай кетпеймін,
Кекті болған әкеңнен
Кегімді алмай кетпеймін...–*

деген сөзі арқылы өзінің нағыз батыр екенін таныта отырып, оның да адамға тән қарапайым қасиеттері, арманы, мұңы, қасірет-қайғысы бар екенін өзінің Қараманмен қоштасып, ел-жұртына, туған-туыс, ата-ана, жан-жары

Құртқаға айтқан сәлемінен көреміз.

*Мені жауда қалды деп,
Аяққа кісен салды деп,
Үлкен аға, кіші іні
Зер салмасын біздерге.
Асқар-асқар белдерім,
Азулы деген көлдерім,
Қараспанды жайлаған,
Қалың Қытшақ елдерім.
Жан серігім Буырылға,
Қай қызылбас от берсін?
Қай қызылбас су берсін?
Тоқсанда атам Тоқтардың
Тасқа тиді тұяғы,
Алпыста шешем Аналық,
Үзілді зой қияғы,
Қарындасым Қарлығаш
Өшкен шығар шырағы,
Жан қосағым қыз Құртқа,
Арыстаны мен пенде
Қандай екен сияғы?*

Қарлыға мен Қараман Қобыланды батырдың жанына тиер, жанын шыдатпас қулық жасап, Қобыланды батырды жатқан жерінен сыртқа шығарады. Бұл – Тайбуырылға қыл шылбырмен бұрау салу әдісі еді.

Қарлыға Қараман мен Қобыланды батырды аттандырып салып, соңынан Ақмоншақ атпен өзі де баратынын айтады.

Көбіктіні алдап, атын Қарлыға өзі мініп, денесіне сауыт киіп, беліне семсер іліп, басына ноғай бөркін киіп, әкесінің жылқысын бірге айдасып кетеді.

Сәске түсте көп жылқы ішінде Ақмоншақ аттың інісі көк бесті тағы да қалаға қашып кетеді. Үшеулеп қуып қайтара алмай қалады. Көк бесті барысымен Көбікті жауларын қайта

қуады.

*Көбіктің үстінде
Тоғыз қабат ақ сауыт
Шапсаң қылыш кеспейді,
Атсаң мылтық өтпейді.
«Мерген болсаң батырым,
Кіндікті байлап атпасаң,
Басыңа салар қараны, –*

деп жағдай қиындап, оқиға кейіпкерлер басында шытырмандана бастағанда, Қарлыға қыз Қобыланды батырға тағы да қиындықтан шығар жол тауып береді.

Жырдағы оқиға Қобыланды батырдың Көбікті батырды атып өлтіруімен, көк бесті атты жетелеп, Қарлығамен бірге сайдың жырасында тосып тұрған Қараманға келуіне барып тіреледі.

Қараман Қобыланды батырдан сауға сұрап, Көбіктің көп жылқысымен бірге Қарлыға қызды да қоса иеленіп кетеді. Ашкөз, қанағатсыз Қараман жауға қайрат қыла алмаса да, тегін олжаға иелік етіп, Қобыланды батырды жалғыз тастап, өздері үдере көшіп кетеді.

“Қобыланды батыр” жырындағы осы оқиғалардың шытырманданып, қиыннан-қиысуын, бірден-бірге асқына түсуін сюжеттік элементтерді шиеленісу-интригадация деп атайды.

Қобыланды батырдың аты ақсап жүре алмай жұртта жалғыз қалған соң, шыбын жанын қинап алған олжасының көптігіне мастанып, Қараман алып кеткен соң, Қобыланды батыр қатты азарланып, намыстанады.

“Ер Тарғын” жырындағы Тарғын сияқты Қобыланды батыр да қосын түгіл Қияттың еліне күші жеткенмен, ондай өз елін өзі талайтын қарақшылық жолға бармайды. Жауын ғана жайратар таза батыр күйінде қалады.

Жалғыз жатып түс көреді. Қараманға ермей қалған

Қарлыға Тайбуырылды Ақмоншақ атқа қосып жайып жүргенде, қасына зорға жетіп, қалмақтың ханы Алшағыр елімді шауып кетіпті деп мұнын шағады. Мұны түс көру арқылы біледі.

Қараман көмек бермес, әйел де болсаң өзіңнен көмек күтейік дейді.

Қарлыға Қобыланды батырға:

*Ер де сасар болар ма,
Етегін басар болар ма?
Сіз сияқты батырдың
Елін жау алар ма? –*

деп қажыр-қайрат беріп, Қараман ерсе, ерді ермесе, өзі баратын болып, Қобыланды батырды рухтандырып аттандырады.

Қобыланды батыр ел-жұртын құтқаруға бара жатқанда да, Тайбуырылдың сипаты жырда тағы да терең ашыла суреттеледі.

Құртқаның атқа қалдырған жем, батырға қалдырған азық, жерге көмген алтын қазықты да Тайбуырыл өзі табады.

Таңның атысынан ертеңгі таң атысына дейінгі мезгілде Алшағырдың шаһарына Қобыланды батырды жеткізеді.

Қалаға кірер есік таппай екі рет айналып шығады. Қобыланды батырдың құлағына іштен әкесі Тоқтарбай, шешесі Аналық, қарындасы Қарлығаш, сүйген жары қыз Құртқаның кезек-кезек зарлана жоқтаған мұң-зары естіледі.

Анасы Аналық зарында атасы Көктім аймақ ханы берген бұлттың келгені баяндалса, Құртқаның зарында Тайбуырылдың барлық қадір-қасиеті, бүкіл атқа тән сипаты айшықты сөздермен беріледі.

Тайбуырыл Құртқа қыздың даусын естіп, қайта-қайта кісінеп, Құртқаға белгі береді. Құртқа жоғары шығып қарап, шалқар тоғай бетіндегі шетте дуадақтың етін белінен кесіп шайнаған батырын көреді.

Құртқа Алшағыр ханға келіп, далаға шығып, бой жазып келуге рұқсат беруін сұрайды. Алшағыр қасына екі құл, екі күң қосып беріп, барып қайтуға рұқсат етеді.

Оларды екеу-екеуден өр сайға тастап, Қобыланды батырға келіп жолығады.

Тайбурыл шылбырын үзіп, Құртқаның омырауына тұмсығын тыға жығылады. Қобыланды батыр Құртқаны көріп, амандасып мауқын басады. Қала ішіндегі халқына тегіс сәлем айтып, ертеңгі күнге дайын отыруын тілейді.

Ата-анасына келінің ұзап кетті деп азап беріп жүрер деп, ертерек қалаға баруын өтінеді.

Құртқа сұлу кеткесін, бір төбеге барып, Қарлыға қыз келер деп алды-артына қараса, Ақмоншақ атқа мінген Қарлыға, көк бесті мінген Қараман және Қосымның қалған еліндегі Орақ батырдың келе жатқанын көреді. Орақ батыр жайлы жырда:

Айбынды Орақ, айлы Орақ,

Айбалтасы қанды Орақ,

Қобыландының көп елін

Қалмақ алды деген соң,

Елінен шықты сол шырақ, – деген жолдардан Орақ батырдың Қараман сияқты дүниеқоңыз, қарау, қауқарсыз батыр емес екенін білгендей боламыз.

“Қобыланды батыр” жырындағы ең бір ауыр сәт – батырдың жан қиналысын тегіс көргендей боламыз. Жорыққа алғаш шығып, ата-ана, қарындас, жарының қоштасуы осы тұста тағы да мұң-шерін білдіретін жоқтау сөздерімен баяндалады.

Қобыланды батырдың психологиялық ішкі көңіл күйін, қиналыс сезімін осы жоқтау ерекше танытады.

Жырдың сюжеттік құрылысындағы оқиғаның баяндалуын оқиғаның шыңы, биігі, тұйыққа тірелген жері дейді.

Жыршының айтайын деген ойына сәйкес тыңдаушының көңілін аударайын деген оқиғасы-кульминация-шарықтау шегі, яғни оқиғаның шыңы, биігі, тұйыққа тірелген жері деп аталады.

Қобыланды батыр қасындағы батырларымен таң ата Алшағыр ханның қақпасына келіп, Алшағырды жекпе-жекке шақырады. Қара қасқа тұлпардың құйрығын шарт түйген Алшағырмен соғысын бастайды. Екеуінің соғыс үстіндегі портреттері берілген.

Білегінен түгі шығып, қатуланған Қобыланды батыр Алшағырды өлтіріп, қалмақтарды төртеуі қырып, ел-жұртын тұтқыннан босатады.

Үш ай, үш күн дегенде Қараспан тауын жайлаған, Азулы деген көліне әкесі Тоқтар бастаған еліне жетеді. Ел-жұрты туған жеріне келіп, кедейі байларына теңеліп, бақытты өмір кешті деп жыр аяқталады.

Жырдың осылайша жақсылықпен бітуі – халықтың арманын көрсетуге негізделген. Жыр болашақтан зор үміт күтуге тыңдаушысын сендіреді.

“Қобыланды батыр” жырының оқиғасының, қатысушылардың іс-әрекетінің немен тынғанын шығарманың құрылысындағы сюжеттік элементін **развязка - шешуі деп атайды.**

Қобыланды батыр Шалкиіз жыраудың өлеңінде “Үш ғасыр жырлайды” кітабында болу керек. Тарихта нақты болған батырға ұқсайды.

“Нең бар еді Қара қыпшақ Қобыландыда, құлыным,

Тілімді алмай үзілді зой жұлының,” – деген өлең жолдарына қарағанда, тарихта өмір сүрген батыр болса керек.

Оның үстіне, атақты палуан Қажымұқан Мұңайтпасовта Қара қыпшақ Қобыланды батыр жетінші атамыз болған дегенді айтқанын Ә.Қоңыратбаев мақалаларында оқығаным бар.

Ауыз әдебиетіндегі “Қобыланды батыр” жыры “Ер

Төстік” ертегісінің негізінде жасалуы ықтимал.

Оған дәлел – Ер Төстіктің Кенжекеймен ара қатынасы Қобыланды батыр мен қыз Құртқаның да қатынасына өте ұқсас. Екеуі де дұшпандары мен жауларын толық жеңіп шықпай, отбасылық тұрмыс-тіршілікке араласып, тұйықталып қалмайды.

Кенжекей Шалқұйрық атты, сауыт-сайманды Ер Төстікке арнап әкесінен алдырса, қыз Құртқа Қобыланды батырға арнап қару-жарақ соқтырып, Тайбурылды тәрбиелеп, мәпелеп өсіреді. Екі аттың екеуі де батырға қамқор болып, тіл бітіп, қажетті ауыр кезеңдерде сөйлейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Ж.Жұмалиев «Әдебиет теориясы» «Мектеп» баспасы, Алматы 1969 жыл.
2. Ә.Қоңыратбаев «Әдебиетті оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы Алматы 1966 жыл.
3. Ә.Қоңыратбаев «4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы, Алматы 1987.
4. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» Алматы «Ана тілі» 1991 жыл.
5. З.Ахметов «Өлең сөздің теориясы»
6. З.Қабдолов «Сөз өнері» «Мектеп» баспасы, Алматы-1976 жыл.
7. С.Тілешова «Әдебиет оқу кітабына методикалық нұсқау» «Мектеп» Алматы 1987 жыл.
8. Б.Сманов «Кейіпкер бейнесін талдау» «Рауан» Алматы 1990 жыл.
9. О.Нұрмағанбетова «Қобыланды батыр» жырының жаңа нұсқалары» Жұлдыз №3 1960 жыл.
10. Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетін зерттеу жолы» Жұлдыз №5 1958 жыл.

Ұстаз ұлағаты

М.С. КАМЗИНА,
«Жаңа Ғасыр» №175 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Алматы қаласы

ТАЛАПТЫ ҰСТАЗДАН ТАЛАНТТЫ ШӘКІРТ ШЫҒАДЫ

*(Оқушының шығармашылық қабілетін қалай
дамытуға болады?)*

*Еліміздің ертеңі мен бүгінгі жас ұрпақтың қолында.
Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында.*

Н. Ә. Назарбаев.

Қазіргі таңда жаңа ғасырдың оқушыларына білім беру мәселесі егеменді еліміздің басты назарында болып отыр. Сондықтан мұғалімдерге жаңа әдіс-тәсілді игеріп сабақ берудің жаңа талаптары қойылып, білім берудің жаңа жүйесі жасалды.

Осыған орай, әрбір мұғалім барлық жаңалықтар мен әдіс-тәсілдерден хабардар бола отырып, оқытудың түрлі тәсілдерін, әсіресе, оздыра оқыту тәсілін пайдалана бастады.

Тұңғыш елбасымыз: «*Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші*», – деп, ұрпаққа сапалы білім беруді талап етіп отыр. Айта кетсем, әрбір мұғалім алдында мынандай міндеттер қойылды:

– *төрт дағдыны іске асыра отырып, білімді өз бетімен игерту;*

– *есте сақтау мен сауаттылық деңгейін арттыру;*

– *қоғамда толыққанды қызмет етуге қажетті ойлау сапасын арттыру.*

Осыған орай, мектеп баланың қабілетін ескере

отырып, жеке тұлғаның қалыптасуына жол ашады. Сабақта қолданылып жатқан әдіс-тәсілдер балаға ерекше әсер етеді. Мысалы, сын тұрғысынан ойлауда оқушылардың ойлау қабілеті дамыған сайын жекеден-жалпыға, дифференциалдыдан – сенімділікке, интуициядан – логикалыққа, бір перспективадан – көп перспективаға өтеді.

М. Жұмабаев айтқандай, жеке тұлғаның үш көрінісінің (ақыл, сезім, ерік) дамуы – сын-тұрғысынан ойлаумен байланысты болатын үдерістер дамиды.

Баланың көп білуі, жақсы оқуы маңызды емес. Ең бастысы – тұлғаның үйлесімді жетілуі. Яғни, оушының шығармашылық ойлау қабілетінің дамуы, ақыл-ойының жетілуі сабақ үстінде айқындалады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында шешуші рөл атқаратын құбылыс – оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру. В. Роговше айтсақ, *«Оқыту оқыту технологиясының ең басты проблемасы – ұйымдық жұмыста жеке оқушының жеке мүмкіндігін дұрыс аңғарып, оны дұрыс істете білу»*. Яғни, үнемі баланың тілін дамыту, сөйлеу тілін жетілдіріп, лексикалық қорын молайту. Сонда ғана оқушы сауаттылығы қалыптасады, белсенділігі артады.

Мен әр сабағымда білім берудің маңызды, қажетті мәселелерін оқушылардың талабымен санаса отырып, оқу міндетін дұрыс құрастырып аламын. Сонан соң, сабаққа назарын аудару үшін қандай да болсын бір жаңалықпен әсерлендіріп, тартымды етіп өткізуге тырысамын. *«Әрбір сабақ – белсенді сабақ»* дегендей, **10-сыныпта өтілген бір сабағымға тоқталып кетейін.**

Сабақтың тақырыбы: М. Абайұлының «Медғат-Қасым» поэмасы жайлы білім беру.

Сабақ мақсаты: сұрақ қою арқылы баланың ойына қозғау салу.

Оқушылардың поэмамен жұмыс жасау барысында тыңдау, сөйлеу, мәнерлеп оқу дағдылары қалыптастырады. Оқушылардың барлығы алдын-ала поэманың мазмұнын

толық меңгеріп келуі керек болатын. Сондықтан мен сабақты **«Ойлан, тап» әдісі** арқылы бейнежазба көрсетуден бастадым.

– *Балалар, өздерің көрген бейнежазбаның шығу себебі не деп ойлайсыңдар?* – деген сұрақтан бастадым. **Ары қарай тақырыпты өздері ашты.**

Мәтінді тыңдап, өз сөздерімен **кейінкерлер портреті мен мінездемесін** жазды. Бірінші кезеңде олардың көбісі **мынандай мінездеме жазды:**

Қасым – өжет, қайратты, бірбеткей, қайсар, мейлінше кекшіл адам. Менің ойымша, ол кек ала білді, өз намысын қорғай алды. Атқарған ісі басқалардан ерекше. Ақын оның портретін былай сипаттайды:

Дейтұғын бір құлы бар Қасым атты,

Қара сұрлау пішіні, зәңгі затты.

Отты қара көзі бар, ұзын бойлы,

Тәкаппар, тәуекелшіл, бек қайратты, –

деп бейнелесе, кейін оның қайсарлық мінезін де соған сай етіп суреттейді. **Сыныптың көп оқушыларының бұлай жаза салуы, оқулық көлемінен ауытқымауы – мені ойға қалдырды.**

– *Белсенді оқу әдісіне жету үшін не істеуім керек?*

– *Менің сабаққа дайындаған мақсатым талапқа сай болды ма?*

– *Оқушылар бірқалыпты баяу жазды. Себебі неде?*

– *Енді мен осыдан шығу жолын қалай қарастыруым керек?*

Мен бар күшімді тек білім мазмұнына салып, оқушының өз ойын, өз сезімін, ішкі дүниесін білуге мән бермеген екенмін.

Ең маңыздысы – олар қате жіберуден, өз ойын анық жеткізе алмаудан қорықпауы керек.

– *Мен оларға сенім білдіріп, айтқан ойларына келісетінімді білдіруім керек еді. Сонда олар өз ойларын ашық айтып, шынайы тұрғыда өрескел болса да, өз пікірін жазар ма еді?..*

– Негізінде оқушы кейіпкерді өзі таңдап алса, өздері үшін бір маңызды мәселе жөнінде жазар ма еді?.

Осы жағынан алғанда, әркімнің өзі жөнінде, өзін қызықтыратын тақырыпты таңдап алғаны, сол жайында білгені жөн шығар деп ойлады. Сондықтан баланы пәнге қызықтыра білу үшін тақтаға «Елеске жетелеу» әдісін пайдаландым. Ол үшін Блумның сұрақ қою өлшемінің «Талдау» сатысын басты назарда ұстадым да, тақтаға мынандай сұрақтарды іліп қойдым:

– Қасым қандай адам еді?

– Ол неге олай жасады?

– Оған қандай шешім табуға болар еді?

– Бұл поэманың қызықты жері қандай?

– Сіз соның орнында болсаңыз не істер едіңіз? Сіздің ойыңыз бойынша.

Осыдан кейінгі оқушылардың әрекетіне тоқтала кетейін. Музыканы баяу қойып, өз бетімен жұмыс істеуге 5 минут уақыт бердім.

Оқушы жауабы: «Кекиіл Қасым бейнесі көз алдыма елестейді. Мұздай судың астында отырса да, қыңқ етпеген қайсар Қасымның дәл жанында отырғандай болдым. Медғаттан жәбір көрген Қасым өз намысын қорғап, кек алды. Оның әрекеті дұрыс. Мен өзімді сол ұйымда жүргендей, қолыма жалаңдаған қылыш ұстаған ашулы күйімді елестеттім. Япырай, апай уақыттарың бітті дегенде ғой. Музыка біткенде, селк етіп, біразға дейін жазықсыз жәбір көрген Қасым бейнесі көз алдымнан кетпей қойды».

Бұдан шығатын қорытынды – оқушы өзін Қайсармен салыстыра отырып, ешкімге тәуелді емес, еркін, тәуелсіз тұлға екенін сезінді.

Бұл әдіс оқушының сабаққа деген ынтасын арттыра түсті. Л. Выготский айтқандай, «Мектепте ғылымға бағытталған жұмысқа, ережені жаттауға қабілеті аз болса, керісінше қызығушылығын оятатын белгілі бір әрекет саласына өте дарынды және қабілетті болуы

мүмкін. Егер мұғалім бір нәрсені жақсы меңгертуді ойласа, оның қызықты болуын қамтамасыз етуі керек».

Сабақ соңында «Соңғы сөзді мен айтайын» әдісі бойынша сабаққа аз қатысқан тұйық оқушы қол көтергенде, сабақтың мақсатына жеткенімді сезіндім. Мұғалім мен оқушы әрекеті дұрыс жолға қойылғанда ғана жұмыстың нәтижесі болатынын байқадым. Мұғалім тек бағыттаушы тұлға болу керек. Кейбір оқушылар «Шумақ қуу» әдісі бойынша поэманы мәнерлеп оқып, талдау жасады. «Мадақтау», «Қол шапалақтау» тәсілімен бағаланды. Бір-біріне және оқушыларға кері байланыс жасалды.

Қорыта келе айтарым, мұғалім әр сабағын әртүрлі әдіспен оқушы есінде қалатындай етіп өткізсе, сабақ өз нәтижесін береді.

Қазіргі өзгермелі дүние жағдайында адамның рухани құндылықтар әлемі де түбегейлі жаңарып, ақыл-ой қуаты мен білімінің нәтижесі ең тұғырлы мәселеге айналды. Сондықтан мектепте әрбір білім алушыны жеке тұлға ретінде жетілдіруге, оның шығармашылығын күзіретілік тұрғыда дамыта отырып, нағыз ел азаматы етіп тәрбиелеу – бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі деп түсінейік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздықова Р, Шалабаев Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. А, 1989.
2. Айтмамбетов Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. А, 1991.
3. Қоянбаев Ж.Б, Қоянбаев Р.М. Педагогика. А, 2002.

МАРХАБАТ БАЙҒҰТТЫҢ “ӘКІМ КЕТКЕН КҮН” ӘНГІМЕСІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНИСТЕР

Қазақ әдебиетінде әңгіме жанрының негізгі бастауы болған Ыбырай Алтынсариннің әңгімелеріндегі тіл шұрайлылығы, ұлттық болмысы қанық, ұлттық кейіпкерлер сомдалған көркем дүниелер кейіннен Бейімбетте жалғасын тапты.

Бейімбет Майлин дәстүрінен нәр алған жазушылардың бірі, қазақ әдебиетінде әңгімелерімен-ақ өзін таныта алған шағын проза жанрының шебері – Мархабат Байғұт.

Ж. Шашатайұлы М. Байғұттың әсіресе, әңгіме жанрындағы шеберлігіне тоқтала келіп, былай дейді: *«Әдебиетке әркім өз тақырыбымен тағдырын алып келген сайын ойлау жүйесінің ерекшелігі де біртіндеп көріне беретінге ұқсайды... Жазушының жанрлық стихиясы – әңгіме. Сәл көлемді дүниеге бара қалса, оқиганы дамытудың арқау жібін босатып, динамикасын әлсіретіп алады. Байғұтов сөз жоқ суреткер. Кейде біз күтпеген қорытындыға барып, жазушылық сергектік танытатынына таңырқап, қызығасың да»*[1].

М. Байғұттың жазушылық стихиясы әңгіме екендігінде дау болмас. Себебі алғаш жазушы ретінде оқырманын да, әдебиетші қауымды да әңгіме жанрымен-

ақ өзіне аудартқан еді.

Б. Майлин ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін, ел өмірінің тарихын, замана трагедиясын көркем бейнелеп берсе, М. Байғұт ХХ ғасырдың соңындағы егемендік алған еліміздің тәуелсіздік алған жылдардағы және сол кезеңдегі адамдардың ара-қатынасын, ішкі әлемін шебер бейнелеп бере білген суреткер. Осы тұста тағы да Ж. Шашатайұлының пікіріне жүгінсек: *«Мархабат қазақ өмірінің бүгінгі тынысына үңілген кезде жаңаша өзгерістерді көргіш. Оның кейіпкерлері – Дон Кихоттық әпенділіктен арыла алмаған, сөйтсе де барға қанағат, жоққа салауат қылатын біртоға жандар. Бұл жағынан ол Бейімбет Майлиннің тікелей мұрагерлік жорасына жүре алады»*.

М. Байғұт та Бейімбеттей өз заманының өзі куә болып жүрген, көріп жүрген мәселелерін әңгімелеріне арқау етеді. Сондықтан да жазушы әңгімелерінің тақырыбы бәрімізге таныс ауыл өмірі, еңбек, диханшылық, сауда, қала тұрмысы, адамгершілік, мейірімділік, достық, махаббат және тағы да басқа адам өміріндегі күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатысты мәселелер. Мархабат осы адам өмірінен бөліп алуға болмайтын тақырыптарды сөз еткенде, кейіпкерлер әлемі, өмірдің шынайы суреттері, қарапайым адамдардың іс-әрекеттері арқылы оқырманын ойландырып, жақсылыққа, ізгілікке баулып отыратындай. Жазушының әңгімелерін оқыған кезде таныс бейтаныс кейіпкерлер ақылы өмірдің қалтарыстарына үңіліп, кей тұста сүйсініп, енді бірде жиреніп отырамыз.

Мархабат әңгімелеріндегі адам тағдырлары, қарым-қатынастағы шиеленіс, кейіпкердің түрлі сезім

иірімдері шеберлікпен берілген.

М. Байғұттың *«Әкім кеткен күн» әңгімесі* де жазушының шенеуніктер туралы, ел өміріндегі әлеуметтік-саяси мәселелерді сөз етеді. Жазушының әкім, әкім тағайындау, кеңсе қызметкерлері туралы бірнеше әңгімелері бар.

М. Байғұттың *«Тәржімантірлік» әңгімесі* де «Үлкен Кеңсенің талай жылдардан бергі тұрақты қызметкері Тәржімантұғын. Бұл пақырыңыздың әуел бастағы ныспысы әлдеқашан ұмытылып, негізгі кәсібі бойынша осылай аталып кеткендіктен, біз-дағы, құрметті оқырман, Тәржіман деп, бас әріппен жазамыз», – деп ұзақ жылдар бойына кеңседе қызмет еткен Тәржіманның оқиғасына арналады.

«Салқын масақ» әңгімесінде оқиға кезекті әкімнің тағайындалуымен басталып өрбиді.

Жазушының *«Әкімнің әйелі» шығармасы* да – әкім өмірінің кейбір келеңсіз жақтарын баяндаған әңгіме. Жазушы өзі өмір сүріп отырған қоғамның көп ақиқатын бүкпесіз-ақ жеткізеді. Әңгімелердегі оқиғалар қоғамдағы шенеуніктердің, үлкенді-кішілі мемлекеттік қызметкерлердің өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде күнделікті кездесетін типтік жағдайлардан алынған.

«Әкім кеткен күн» әңгімесінде оқиға желісі хаттама жүргізуші Бәсірбек Төлеңгітұлының айналасына шоғырланған. Кеңседе хаттама жүргізуші болып жұмыс істейтін Бәсірбек Төлеңгітұлының өмір жолы, күнделікті тіршілігі кейіпкердің өз сөзімен баяндалады. Кейіпкердің көңіл-күйін суреткерлік түйсікпен қапысыз аңғарып, қадағалай бейнелеу жазушының шеберлігі мен сезімталдығына тікелей қатысты. Жазушы әңгімелеріндегі кейіпкердің ішкі әлеміндегі сезім иірімдерін дәл бере алатын шеберлігін

ғалым Г. Пірәлиева былай жеткізеді: *«Ақиқатын айтқанда, ауыл, қала, өндіріс дегендердің бәрі де сыртқы сұлба, жайдақ тақырып төңірегіндегі жадағай сөздер. Жазушының бір-ақ тақырыбы бар. Ол – адам тағдыры, оның мінез-құлқы, табиғи болмыс-бітімі. Мархабат Байғұттың шығармаларындағы басты назар да осы кейіпкерлер тағдырындағы түрлі түйткілдер, оның даму жолдары, адам ретіндегі қалыптасу кезеңдері. Жазушының адамның мінез-құлқындағы өзгерістер мен сезімдік-эмоционалдық құбылыстарды өзіне тән жылы юмормен, әдемі әзілмен бейнелеуге бейім қасиеті оның өнердегі мұраты да. Міне, шығармадағы шынайылық, өмірді жете тану, сол кезеңнің тұрмыс-тіршілігін, сол кезеңдегі адамдар психологиясын зерек зердемен зерделеу. Ол оқиғаларды қызық сюжет құрам деп шындыққа қиянат жасамай бар болмысымен беру Мархабат туындыларына тән қасиет»*[2,24].

Адамның жан дүниесіндегі әр қилы құбылыстар Мархабат Байғұттың прозасында ерекше бейнеленеді.

Әңгімеде әкімдердің бірі кетіп, бірі келетінін хабарлайтын жиындағы кейіпкерлердің әртүрлі көңіл-күйлері, сәт сайын құбылып отырған басты кейіпкердің психологиялық сезімдері, жан дүниесіндегі арпалыс Бәсірбектің сөзімен өріліп отырады: *«Әдеттегіше, кететін әкім сөйлейді. Күреңітіңкіреп бастап, күлгіндеп барып аяқтап, жылы жымымаққа әрекеттенді. Келген әкім өз сөзін қызылбудандатып бастап, жасандылау жайқарланбаққа қол жеткізіп, келісті күлімсіреумен тамам етті. Хаттама жүргізушінің есінде зой, кететін әкім де баяғыда, алғаш келгенде, өзін-өзі шамамен осылай ұстап, тәуір-ақ күлімсіреген еді»* [3,252 б.]. Қызметтері ауысқан

екі әкімнің жиын үстіндегі тұтас болмыс бітімі мен көңіл күйіндегі өзгерістерді осы үзінді арқылы-ақ аңғаруға болады. Кететін әкімнің көңіл-күйі «күрең», «сүреңсіз» түстермен беріледі. Мұның өзі әкімнің өз еркінен тыс кетіп бара жатқанын аңғартқандай. Ал керісінше, келетін әкім «қызылбудандата» сөйлеуі, тіпті күлімсіремек болғаны да бұл әкімнің ішкі әлемінен белгі береді. Келген әкім қуанышын жасыра алар емес. Жазушы осы бір қысқаша үзінді арқылы бір сәттегі оқиғаның екі адамның ішкі әлеміндегі бір-біріне қарама-қарсы жайттарды туғызғанына куә етеді. Әңгімеде қызметтің адам психологиясына тигізер ерекше ықпалы, пенденің бойындағы мансапқұмарлық бейнелей айту тәсілімен өріледі. М. Байғұттың жазушылық шеберлігі кетер әкімнің жылы жымимаққа әрекеттенуі арқылы қызметке, мансапқа құл адамның жан күйзелісін бейнелесе, келер әкімнің келісті күлімсірегенімен билікке қолы жеткен адамның қуанышын көз алдыңызға елестетіп береді.

М. Байғұт әңгімелерінің әсерлілігі өзі білетін тақырыпты қозғап, өзі танып, білген адамдарды ғана кейіпкер ретінде бейнелей білуінде болса керек. М. Байғұт әңгімелерінің басты тақырыбы – ауыл өмірі. Қазақтың ұлттың руханиятының негізгі ошағы болған ауыл өмірі шығармаларының негізгі өзегі. Басты кейіпкерлері де – ауылдың қарапайым адамдары.

Дегенмен, жоғарыда аталған әңгімелердегі әкімдердің тағайындалуы, мемлекеттік қызметшілердің, түрлі кеңсе қызметкерлерінің өміріндегі оқиғаларды нанымды, әрбір детальді шынайы суреттей білуі жазушының өзінің де бірнеше жылдар бойында мемлекеттік қызметте болып, кеңсе қызметімен етене таныс болғанымен де байланысты

болар. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы тоқырау кезеңнің шындығын көріп, айналасындағы адамдардың тағдырына үңіліп, олардың ішкі әлемдеріндегі түрлі өзгерістерді өзінше өрнектеп, зерттей бастады. Және жазушының бақылауындағы барлық мәселелер көркемдік шешімін табады.

Әңгімеде оқиға жеңіл юмормен, астарлы ирониямен өрбісе де, біраз мәселенің саяси астарын, орыстың отарлау саясатының салқыны бас кейіпкер Бәсіребек өміріндегі кейбір оқиғалар арқылы аңғарылады: *«Баяғыда, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында бөлім бастығы қызметіне енді көтеріле бергенде, жер мәселесі жөніндегі таптырмас, тындырымды маман ретінде құпиялау бір қызметке, інжәтиялау бір іске ұсынылып кете барды. Алғаш Алматыға, айрықша әңгімеге, артынан Мәскеуге, бөлекше пысықтап, бір жолата бекітпекке шақырылды. Көп ұзамастан, өзгеше өкілетті халықаралық ұйымның арнайы тобына қосып, Африкаға айдады да жіберді. Көрмеген елі, өлшемеген жері, таразыламаған топырағы, татпаған тағамы қалмады. Ара-арасында ғана туған жерге жіберетін еді. Бірде, Құран туралы айтуға да болмайтын кездер ғой баяғы, сол қасиетті кітаптың жалғыз данасын шекарадан алып өтемін деп, партия қатарынан шығарылды»* [3, 189] Осы жолдарда кейіпкеріміз Бәсіребек Төлеңгітұлының кеңесік дәуірдегі қызметі туралы, кеңсетік жүйенің келеңсіз тұстарынан да хабардар етеді. Мұнда автордың тарихи шындықты көркемдік шешеіммен берудегі шеберлігін байқаймыз.

Жазушының әңгімелеріндегі автордың жазушылық шеберлігіндегі тағы бір ерекшелікті зерттеуші С. Құланова былай атап өтеді: *«М. Байғұттың өзге*

жазушылардан тағы бір ерекшелігі – қосымша ат қою шеберлігі. Кез келген шығармасын оқи қалсаңыз кейіпкерлердің «кличкасына» кездесетінімізді байқадық. Өмірде әзілқой жазушының бұл да бір өзіне тән мінезі, ерекшелігі болса керек»[4,59]. Бұл ерекшелік жазушының әңгімелерінің көбісіне дерлік тән. «Әкім кеткен күн» әңгімесіндегі кейіпкердің Бәсіребек Төлеңгітұлы аталуы да автордың ойынан туған жеңіл юморға қызмет етіп тұрған есім деуге болар.

Жазушы кейіпкер бейнесін жеңіл юмор арқылы шебер суреттеп береді. Бәсіребектің мінез-құлқы, ішкі сезімі, өзіндік ой пікірлері барынша ашыла түседі. Жазушының өзіндік ерекшелігі жеңіл юморды характер жасауда ұтымды қолдана білуінде: *«Партиядан шыққаным — ең жоғары сенімнен айрылғаным-дағы, ендігәрі кері жібермес деп, бір жағынан жұбаныш жастанған-ды. Бәлені ме, бұдан өзге жер жөніндегі жәпшенді маман емге табылмай, демнің арасында қызыл билетті қайтарып беріп, Қара құрылықтың қақ ортасындағы қос сұлтанатқа жөнелтті» [3,188].*

Жазушының прозасынан бір әңгімесіндегі бұл ерекшеліктерді басқа шығармалары толықтырып, айқындап тұрғанын байқауымызға болады. Мархабат Байғұт – қазақ әдебиетіндегі өзіндік орны бар талантты жазушы. Оның шағын жанрдағы шеберлігі әр әңгімесінен көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шаштайұлы Ж. Мархабаттың мәртебесі // Қазақ әдебиеті. –1995, қазан –24.
2. Пірәлиева Г. М. Байғұттың әдебиеттегі әлемі // Ақиқат. –2015, шілде 20.
3. Байғұт Мархабат. Төрт томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Қазығұрт, 2005. –Т.ІІ. –384 б.
4. Құланова С. Жазушы Мархабат Байғұт шығармаларындағы ұлттық мінез көрінісі // Ақиқат. - 2011. - №1. -б.88-89.

М. БЕКСЕИТ,
«Ж.Ақылбаев атындағы
эксперименталдық
мектеп-гимназия»
КММ,
11-сынып оқушысы.
Қарағанды облысы,
Шет ауданы,
Ақсу-Аюлы мекені



ЗЕЙНОЛЛА ИГІЛІКҰЛЫН ТАНИМЫЗ БА?

Азаттық жолында тер төгіп, жанын қиған бабаларымыздың ерлік істерін жалғастырған ұрпақтарының есімі бүгінде ұмытылмақ емес. Мен үшін есімі аңыз, өз өлкемнің тумасы, еліміздің тәуелсіздік жолына барлық саналы ғұмырын арнап, еркіндікті аңсаған, ұлтжанды ақын, дарынды азамат – Зейнолла Игілікұлы. *“Қазақтың көсегесі қайтсем көгереді?”* – деген ұлы арман жолында қызмет атқарған атамыз өмірінде тағдырдың тауқыметін көп тартқан.

Жер-жерлерде жастар, студенттер Н.С.Хрущев бастаған Орталық Комитет қазақ жерін бөлшектеуге кіріскенде, оның саясатына наразылық білдіріп, Зейнолла атамыз бастаған жастар астыртын *“ЕСЕП” партиясын* құрды. **Толық атауы: *Елін сүйген***

ерлер партиясы еді. Зейнолла Игілікұлы солтүстік облыстарда қазақ мектептері жабылып жатқанда, қарсы болып, тілімізді, дінімізді сақтауға, мәдениетімізді дамыту мәселесін көтерді. Халқының мұңын жоқтап, ұлтының намысы үшін жаны шырқыраған азаматты 1962 жылы саяси айыппен темір торға тоғытты. Осынау тағдыр тауқыметіне іліккен жылдары оның қарымды қаламынан **"Жылдар, жылдар", "Ақиқаттың тамшысы" өлеңдері** дүниеге келді.

*"Тыншымайды сыбырайды әлде кім,
Мазалайды, әурелейді әлде не үн,
Бұл не хикмет дамылы жоқ жанымның
Ауыр неге, ауыр неге әрбір түн"*

– деп жырлаған ақын 1967 жылға дейін Кеңес Одағының лагерінде отырған. Одан кейінгі өмірінде де бір адам басынан артатын қиындықтарды көрді.

"Туған елдің түтіні де тәтті екен", – деген сағынышпен еліне оралған қайсар азамат Қарағанды Мемлекеттік педагогика институтында оқуын қайта жалғастырып, мұғалімдік жоғары білім алады. Бейбіт еңбекте де айы оңынан туа қоймады. **"Халық жауы"** деген атақ өкшелеп, соңынан қалмады. Аудан орталығындағы мектептен фермадағы мектепке сырғытылды. Фермадан орталыққа клуб меңгерушілікке келген оны *"Микрофоны бар жерде істеуге болмайды"* деп қызметінен босатады. *"Жігітке жеті өнер де аз"* демекші, өнерден де құр алақан қалған жоқ. Қос ішекті домбыраның да құлағында ойнағанда, тыңдаған жан риза болатын. Жаңадан ұйымдастырылған музыка мектебіне басшылыққа жіберілген Зейнолла Игілікұлын *"Осы балаларға не үйретіп жүр, ұлтшыл бірдеңе болып жүрмесін"* деген

күмәнмен бұл қызметтен де шеттетіледі. "Өнерді – өмірім" – деп қастерлеген азаматтың сол кезде **"Домбыра" атты өлеңі** жарық көрді.

*"Менің сырым домбыраның пердесіне жазылған,
Шектерінен күй боп, мұң боп ағылған.
Достарымда, дұшпанымда, бар әлем,*

Домбырамды қоймастай-ақ сұрап тұр", – деп жырлаған дара ақын ендігі кезекте мектепте әскери пәннің оқытушысы болып қызмет атқарды. Алайда, *"мылтығы бар жерде жұмыс істеуге болмайды"* деп тағы да шеттетіледі. Одан кейін аудандық оқу бөлімінде қызметте жүргенде, аупартком хатшысы *"Оқу бөлімін алашордашылар басып алды"* деп, бюрода қарайды да, үш күннің ішінде көзін жоюға нұсқау береді. Бұл 1986 жыл болатын. Қуғын-сүргіннің, қудалаудың зардабы Зейнолла Игілікұлын қажытпай қойған жоқ. Осы жылдар ішінде 16 жерде жұмыс орнын ауыстырды. Жанынан арын қымбат санаған азамат 1988 жылы өмірден озды.

*"Көрші достым, жүрегіме үңіліп,
Жатыр тасып ащы жырлар құйылып.
Бүгінге емес, болашақтың әуені,
Жатыр жаным келешекке сүйініп"*

– деп азаттықты аңсаған атамыз ТӘУЕЛСІЗДІКтің НҰРЛЫ ТАҢЫН өз көзімен көре алмай кетті. Дегенмен Зейнолла атамздың өнегелі ғұмыры, сіңірген еңбегі ел есінде мәңгі қаларына мен сенемін!

С. И. ҚОНЫСБАЕВА,
доцент.
А.А. ҚОНАРШАЕВА,
Аға оқытушы
КМТЖИУ.
Ақтау қаласы

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тұңғыш елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Республикалық Білім мен ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде *«Білім беру ісін реформалаудағы стратегиялық міндеттердің бірі – шығармашылық тұрғыдан бәсекелестікке сай үш тілді қазақ, ағылшын, орыс жетік меңгерген, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны оқытып тәрбиелеу»* – деп атап көрсетті.

Шетел тілін үйрету үшін оқушылардың сол тілде сөйлесем деген талпынысын тудырып, сол мақсатта сан алуан әдістерді қолдануы керек. Әр ұстаз шәкіртінің сабаққа деген қызығуын арттыру мақсатында технологиялық құрал-жабдықтар мен түрлі көрнекіліктер әзірлеп, ойын элементтерін пайдалана, сабақ мазмұнын түрлендіріп отырады.

Қай тіл болмасын ол мәдениет айнасы болып табылады. Тіл арқылы ғана адам және оның қоршаған ортасы, сонымен қатар халықтың өоғамдық танымы, діні, ұлттық мінезі, өмір сүру тәсілдері, дәстүрі, әдет-ғұрпы, адами құндылықтар жүйесімен дүние танымы көрінеді. Шет тілін меңгеруде тек сол тілдің грамматикалық, фонетикалық ережелерін білу жеткіліксіз, сонымен бірге сол елдің әдет-ғұрпын, салт-дәстүрімен де таныстыру керек.

Қазіргі таңда Егеменді Қазақстанның

дүниежүзілік білім беру кеңістігіне ену үрдісінде оқу-тәрбие үрдісін ізлендіру бағытына байланысты ұстаздардың кәсіби дайындығына және әдістемелік белсенділігіне деген талап күшеюде. Ғылыми салада білімді технологияландыру жөніндегі зерттеулер кәсіби дайындықтың мазмұндық және жеке аспектілермен де қызығушылық тудыруда.

Қазіргі педагогикалық технологиялардың ғылымда алатын орнын біле отырып, оқыту әдістемесінің ынтымақтастық технологиясын тәжірибеде қолданудың тиімділігін, нәтижелілігін айқындау, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктермен ашып көрсетіледі. Шет тілдерін және басқа да білім салаларына оқытуда көптеген педагогикалық технологиялардың ішінде аса кең тараған түрі – **ынтымақтастық технологиясы**.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша ынтымақтастық дегеніміз оқушылар, студенттер қиындық деп түсінетін оқу-тәрбие үрдісіндегі қарама-қайшылықтарды жеңуге қажетті оқытушы ұйымдастыратын педагогикалық үрдіске қатысушылардың бірлескен іс-әрекеті.

Жоғары оқу орындарының педагогикалық үрдісіне қатысушылардың негізгі оқу-әдістемелік іс-әрекет түрі – оқу-танымдық іс-әрекет. Студенттерді шетел тілінде оқытуда ынтымақтастық технологиясын қолдану барысында студенттердің өзара бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыру, соның нәтижесінде олардың бойында өзара көмек көрсету, еркін түрде өз ой-пікірлерін көпшілік алдында қорғау, басқалармен өзін салыстырып түзету, еркін қарым-қатынас жасау, өзін-өзі жетілдіру міндеттері шешіледі. Оқытушы алдын ала сабақ жоспарын құруда интерактивтік оқыту әдістерін ойластырады. Сабақ бір сарынды болмау үшін ғылыми әдістемелерді қолдана отырып

шағын топтар жұмыстарын, жарыстар, тренингтер ұйымдастырылады.

Ынтымақтастық технологиясын пайдалану барысында мұғалім әрбір студенттің өзін-өзі іске асыра алуына ыңғайлы педагогикалық-психологиялық жағдай туғызуы қажет. Егерде ынтымақтастық технологиясы мен дәстүрлі оқыту әдістерін салыстыратын болсақ көптеген ерекшеліктерін атап өтуге болады. Ол ерекшеліктерді мынандай кесте түрінде көрсетуге болады.

Сонымен ынтымақтастық технологиясының идеялары қазіргі көптеген педагогикалық технологиялардың негізгі болып табылады.

Қазіргі таңда ғалым зерттеушілер арасында бұрын болмаған мүмкіндіктерді бар компьютерлік технология қызығушылық тудыруда. Ол виртуальды кеңістікке, аугентті виртуальды интерактивті тілдік орта болып табылатын интернетке ену көптеген зерттеуші – әдіскерлермен аталған компотенцияны дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады.

Шетел тілін оқытуда Интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтерді айтатын болсақ мынандай мәселелерді атауға болады:

Студенттер келесі мүмкіндіктерді пайдалана алады:

1. Интернет топтарында берілетін тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады;

2. Оқып жатқан шетел тілінде электронды почта арқылы хат алысып, виртуальды қатынас клубтарында – телеконференцияларға қатыса алады және нақты уақыт тәртібінде мәтіндік хабарламалармен алмасуға;

3. Радиобағдарламаларды тыңдауы;

4. Бейнероликтер көруге;

5. Алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі;

6. Интерактивтілік – жылдам кері байланыс мүмкіндігі, т.б. интернеттің артықшылығын пайдалана алады.

Сондай-ақ интернет арқылы оқыту жүйесімен бірге ТСО техникалық оқыту арқылы бірнеше әдістерді қолдануға болады және әрбір мұғалімнің міндеті болып есептеледі.

Шет тілін тыңдап, түсінудің өзіне тән қиыншылықтары бар. Оны аудармасыз түсінудің бірі – ұнтаспа арқылы әртүрлі тапсырмалар орындау.

Ауызша сөйлеуге үйрету – шет тілін оқытудың ең қиын аспектісі болып саналатындықтан ең негізгі мақсат – естігенін түсіне білуге үйрету.

Аудиоматериалды пайдалана отырып, фонетикалық, грамматикалық жаттығулар жасауға болады.

Дыбыстарды ажыратуға арналған жаттығулар:

1. Сөздерді тыңдап [ə] дыбысы бар сөздерді атаңыз:

Bead, bad, nut, not, mat, cat, set.

2. Жұпты сөздерді таңдаңыз. Қандай жұп сөздер бірдей айталатындығын көрсетіңіз:

Shoe – sue;

Show – show;

She – see;

Shun – sun;

Sum – some.

3. Сөйлемді тыңдап, [v] және [w] дыбыстарын неше рет естігеніңізді айтыңыз:

e.g. “A very vivacious and vain villain was walking wearily with a venerable woman.”

Ал енді аудиотаспа арқылы грамматикалық құрылымды түсіну әдісін мынадай жаттығулар арқылы орындауға болады.

1. Сөйлемдерді тыңдаңыз және қай сөйлемдер келер шақта айтылып тұрғынын атаңыз:

- (1) I'll go
- (2) I go
- (3) I'll look at it
- (4) I look at it
- (5) I'll laugh with you
- (6) I laugh with you

(Мұндай жаттығу осы шақты және келер шақты ажырата алуға үйретеді.)

2. Сөйлемдерді тыңдап қайсысы өткен шақта тұрғанын айтыңыз:

- (1) We'd very little snow here.
- (2) We've very little snow here.

Әртүрлі құралдар арқылы түрлі әдістемелерді тез арада түсіндіруге болады.

Қорыта айтқанда, шетел тілін оқыту технологиясы немесе әдістемесі қазіргі заманғы компьютерлік бағдарламалармен жаңа электронды оқыту жүйелерін талап етіп отыр. Басты мәселе компьютермен соған сәйкес бағдарламалық қамтамасыз етулердің болуымен қатар оқытушының олардың пайдалану әдістемесін меңгергендігінде және әдістемені шет тілдер сабақтарында практика жүзінде іске асыра алуында.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Шет тілін оқыту әдістемесі. №5.2007ж.
2. Шет тілін оқыту әдістемесі. №4.2007ж.
3. Оқыту-тәрбиелеу технологиясы. №5.2007ж.
4. Macmillan Books For Teacher. Author Scott Thornburg.
5. Оқыту-тәрбиелеу технологиясы. №3.2007ж.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ә.Ә.ПРИМОВА,
Абай атындағы №138 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Қызылорда қаласы,
Абай ауылы


БАЛА ЖАНАРЫНДАҒЫ МҮҢ

(С.Мұратбеков, “Жусан иісі”)

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Т/Ж.6.1.1.1. Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау. А/И. 6.2.1.1. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау;
С а б а қ т ы ң мақсаты	Көркем шығарманың жанрын, ондағы оқиғалардың реттілігін, сюжеттік дамуын ажыратуға үйрету; Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың маңыздылығын дәлелмен түсіндіруге баулу.
Б а ғ а л а у критерийлері	Шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін ажыратады. Эпизодтың маңыздылығына негіздеме жасайды.
Тілдік дағдылар	Жанр, фабула, сюжет, эпизод, негіздеме, дәлел.
Құндылықтарды дарыту	Сабақ оқушылардың бойына топтық, жұптық жұмыс жасау барысында бірін-бірі тыңдай білу, өзгенің пікіріне құрметпен қарау.

	құндылықтарын дарыту, бірін-бірі бағалауы кезінде академиялық әділдік саясатын ұстануға үйретуге бағытталған.
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы (Үзіндіде Ұлы Отан соғысы кезіндегі ауыл тұрмысы, жетім бала тағдыры суреттелетіндіктен, «Қазақстан тарихы» пәнінің 1941-1945 жылдар аралығындағы ІІ дүниежүзілік Ұлы Отан соғысы тақырыбымен байланыс орнайды).
Бастапқы білім	Оқушылар алдыңғы сабақта алған білімдеріне сүйенеді, шығарма мазмұны, кейіпкері туралы білімдерін толықтырады.
САБАҚ БАРЫСЫ	

Жоспарланған сабақ кезеңдері	С а б а қ қ а жоспарланған іс-әрекеттер	Дереккөздері
Сабақтың басы	1.Ұйымдастыру кезеңі. «Көршінді т а н ы с т ы р » тренингі бойынша ж а ғ ы м д ы психологиялық ахуал туғызу. Әр оқушы солдан оңға қарай қасындағы о қ у ш ы н ы ң есімінің	Слайд
10 минут		

	бас әрпінен басталатын сөзбен ол оқушыны таныстырады. Мысалы: сүйкімді Сәбина т.б. Оқу мақсатына байланысты топқа біріктіру. <i>1-топ: Жанр</i> <i>2-топ: Фабула</i> <i>3-топ: Сюжет</i> <i>4-топ: Эпизод</i> 2. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі. Кейіпкерге хат жазу. Қалыптастырушы бағалау: «Бағдаршам» әдісі арқылы өзара бағалау. Кері байланыс: – Хат жазуда қандай мәселеге назар аудардың? 3.Жаңа сабаққа дайындық кезеңі. Оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін таныстыру.	
Сабақтың ортасы	Ұжымдық жұмыс. «Анықтама бұрышы» әдісі. Әр топ өздеріне берілген атаудың ережесін еске түсіреді, басқа топқа түсіндіреді. Диалогтік оқыту	
5 минут		

<p>15 минут</p>	<p>бойынша шығарма жанрын, фабуласы мен сюжетін анықтауға, маңызды эпизодты тауып, дәлелдеуге бағытталған топтық тапсырмалар:</p> <p>1-топ – «Төрт сөйлем» әдісі арқылы шығарманың қай жанрда жазылғанын баяндайды.</p> <p>2-топ – «Оқиғалар тізбегі» әдісі бойынша үзіндідегі оқиғалардың реттілігін көрсетеді.</p> <p>3-топ – «Пирамида» әдісімен үзіндінің сюжеттік желісін анықтайды.</p> <p>4-топ – шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасаңыз.</p>	<p>П л а к а т , маркер</p> <p>6-сынып « Қ а з а қ ә д е б и е т і » оқулығы</p>						
<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="274 816 470 869">Бағалау критерийі</th> <th data-bbox="470 816 666 869">Дескрипторлар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="274 876 470 1050"> <p>1.Шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін ажыратады.</p> </td> <td data-bbox="470 876 666 1050"> <p>1. Шығарманың жанрын табады. 2. Оқиғалардың реттілігін көрсетеді. 3. Сюжеттік желісін саралайды.</p> </td> </tr> <tr> <td data-bbox="274 1058 470 1224"> <p>2. Эпизодтың маңыздылығына негіздеме жасайды.</p> </td> <td data-bbox="470 1058 666 1224"> <p>1. Шығармадағы маңызды эпизодты анықтайды. 2. Дәлел келтіреді.</p> </td> </tr> </tbody> </table>		Бағалау критерийі	Дескрипторлар	<p>1.Шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін ажыратады.</p>	<p>1. Шығарманың жанрын табады. 2. Оқиғалардың реттілігін көрсетеді. 3. Сюжеттік желісін саралайды.</p>	<p>2. Эпизодтың маңыздылығына негіздеме жасайды.</p>	<p>1. Шығармадағы маңызды эпизодты анықтайды. 2. Дәлел келтіреді.</p>	
Бағалау критерийі	Дескрипторлар							
<p>1.Шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін ажыратады.</p>	<p>1. Шығарманың жанрын табады. 2. Оқиғалардың реттілігін көрсетеді. 3. Сюжеттік желісін саралайды.</p>							
<p>2. Эпизодтың маңыздылығына негіздеме жасайды.</p>	<p>1. Шығармадағы маңызды эпизодты анықтайды. 2. Дәлел келтіреді.</p>							

	<p>Қалыптастырушы бағалау: «Жасыл қалам» әдісімен топтық бағалау жүргізу. Дескрипторларға сүйеніп, дұрыс орындалса қанатша белгісін, түсініксіз болса сұрақ белгісін, дескрипторларға сәйкес орындалмаса пікір қалдыру.</p> <p>Жеке жұмыс.</p> <p>Тапсырма. – <i>Берілген үзіндінің шығарма сюжетінің маңызды эпизоды екеніне дәлелдер келтіре отырып, өз көзқарасыңызды білдіріңіз.</i></p>	<p>Слайд</p>									
<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="1195 506 1254 559">Р/с</th> <th data-bbox="1254 506 1489 559">Шығармадан үзінді</th> <th data-bbox="1489 506 1724 559">М е н і ң к о з қ а р а с ы м</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="1195 567 1254 665">1.</td> <td data-bbox="1254 567 1489 665">Бірақ Аян бір түнде бір ертегіден артық қалай жалынса да айтпайтын.</td> <td data-bbox="1489 567 1724 665"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="1195 672 1254 1081">2.</td> <td data-bbox="1254 672 1489 1081">- А н а у пальтоны әперші, - деді төрде ілулі тұрған кара пальтоны нұсқап. Аян басын жастықтан әзер деп көтеріп, екі қолы дірілдеп пальтоның жағасына тұмсығын тығып жіберіп, құшырлана ніскеп-ніскеп алды да: - Тез іліп қой, әйтпесе ұрсады,- деді.</td> <td data-bbox="1489 672 1724 1081"></td> </tr> </tbody> </table>		Р/с	Шығармадан үзінді	М е н і ң к о з қ а р а с ы м	1.	Бірақ Аян бір түнде бір ертегіден артық қалай жалынса да айтпайтын.		2.	- А н а у пальтоны әперші, - деді төрде ілулі тұрған кара пальтоны нұсқап. Аян басын жастықтан әзер деп көтеріп, екі қолы дірілдеп пальтоның жағасына тұмсығын тығып жіберіп, құшырлана ніскеп-ніскеп алды да: - Тез іліп қой, әйтпесе ұрсады,- деді.		
Р/с	Шығармадан үзінді	М е н і ң к о з қ а р а с ы м									
1.	Бірақ Аян бір түнде бір ертегіден артық қалай жалынса да айтпайтын.										
2.	- А н а у пальтоны әперші, - деді төрде ілулі тұрған кара пальтоны нұсқап. Аян басын жастықтан әзер деп көтеріп, екі қолы дірілдеп пальтоның жағасына тұмсығын тығып жіберіп, құшырлана ніскеп-ніскеп алды да: - Тез іліп қой, әйтпесе ұрсады,- деді.										
<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="1195 1103 1430 1141">Бағалау критерийі</th> <th data-bbox="1430 1103 1724 1141">Дескрипторлар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="1195 1149 1430 1292"> <p>Э п и з о д т ы ң м а ң ы з д ы л ы ғ ы н а н е г і з д е м е ж а с а й д ы .</p> </td> <td data-bbox="1430 1149 1724 1292"> <p>– Берілген үзіндінің маңызды эпизод екенін ажыратады. -- Ө з і н д і к к о з қ а р а с ы н б і л д і р е д і .</p> </td> </tr> </tbody> </table>		Бағалау критерийі	Дескрипторлар	<p>Э п и з о д т ы ң м а ң ы з д ы л ы ғ ы н а н е г і з д е м е ж а с а й д ы .</p>	<p>– Берілген үзіндінің маңызды эпизод екенін ажыратады. -- Ө з і н д і к к о з қ а р а с ы н б і л д і р е д і .</p>						
Бағалау критерийі	Дескрипторлар										
<p>Э п и з о д т ы ң м а ң ы з д ы л ы ғ ы н а н е г і з д е м е ж а с а й д ы .</p>	<p>– Берілген үзіндінің маңызды эпизод екенін ажыратады. -- Ө з і н д і к к о з қ а р а с ы н б і л д і р е д і .</p>										

СӘБИТ МҰҚАНОВ “СҰЛУШАШ” ПОЭМАСЫ


	Қалыптастырушы бағалау: «Ортада қаламсап» Кері байланыс: «Оң қол/ Сол қол» <i>Оң қол - тапсырманы орындаудағы сәтті тұсы.</i> <i>Сол қол - тапсырманы орындаудағы сәтсіз тұсы.</i>	
Сабақтың соңы 5 минут	Үй тапсырмасы. Берілген сөйлемді әрі қарай өрбітіп жазу. Аянның жанарындағы мұңға себеп ... Рефлексия «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер. 1. – <i>Бүгін не үйрендім?</i> 2. – <i>Сабақ бойынша нені түсінбедім?</i> 3. – <i>Келесі сабақта қандай мәселеге көңіл аудару керек?</i>	Шығу парағы
Қосымша ақпарат		

Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді жоспарлайсыз?	Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?	Денсаулық және қауіпсіздік ережелерін сақтау.
--	--	---

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:	Әдеби шығарманың композициясы; Шығармадағы рухани құндылық; Шығармашылық жұмыс.
Сабақ мақсаты:	Шығарма идеясындағы композицияның орнын талдау. Сюжет арқылы шығарманың рухани құндылығына баға беру.
Бағалау критерийлері:	1. Шығарма идеясындағы композицияның орнын талдайды; 2. Сюжет арқылы шығарманың рухани құндылығына баға береді; 3. Көтерілген мәселе бойынша көзқарасын айқын көрсетіп жаза алады.
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы және қазақ тілі.
Құндылықтарды игерту:	«Мәңгілік ел» жалтықоғамдық құндылығы: • <i>Тіл мен мәдениет</i> • <i>Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет;</i> • <i>Ынтымақтастық;</i> • <i>Жауапты азаматтық позиция;</i>

	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Отбасы мүшелеріне, құндылықтарға деген құрмет;</i> Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың топтаса және жеке отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өңдей білу, өзіндік көзқарасын дәлелдей алу дағдылары негізінде жүзеге асады.
Т і л д і к мақсаттар:	Тақырып бойынша өз ойларын сауатты және дәлелді жеткізе білуге даярлау, зерттеу қабілеттерін дамыту, әр түрлі мақсаттарда жазылатын жазба жұмысына сәйкес стильді таңдай білуге дағдылау. Пән лексикасы және терминология: Эпикалық шығарма идеясындағы композицияның орнын, сюжет арқылы шығарманың тарихи, көркемдік құндылығына баға беріп, талдауға үйрету.
О с ы ғ а н д е й і н меңгерілген білім:	Бұл бөлімде білімі мен түсінігін кеңейте отырып, 11-сыныпта дамытылған тілдік дағдыларды жалғасытырады және өткен сабақта оқыған тақырыптарымен байланыс жасалады.
Жоспар	

Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дерек-көздер
Сабақтың басы 3 мин.	С а б а қ т ы ң тақырыбы, мақсаты, БҚ-мен таныстыру. Қызығушылықты ояту.	

	<p>«Сұлушаш» поэмасынан... өздеріңе ерекше әсер еткен оқиғаны 1 сөйлеммен баяндаңыз.</p> <p>– Мені қуантқан... – мені ойландырған ... – менің көңілімді түсірген...</p> 	<p>С ә б и т Мұқанов.</p> <p>«Сұлушаш» поэмасы</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>Дайындалу 6-7 минут</p> <p>Жауап беру 2*3/6</p>	<p>1-тапсырма. Оқушылар С. Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасына құрылымдық-композициялық талдау жүргізеді. 1-топ – Шығарма идеясындағы композицияның (басталуы, байланысы) орнын талда. Осы бөлікте қандай құндылыққа баға берер едің? Басталуы. Байланыс. (Экспозициясы: <i>Тілеуберді бай мен Алтынай сұлудың қосылуы.</i> Басталуы: Шұнақ құл мен Тезек құңнің бас қосуы.) 2-топ – Шығарма идеясындағы композицияның (даму, шиеленістің) орынын талда.</p>	<p>Композиция-ә д е б и шығарманың құ р ы л ы с , оның үлкен-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиюластырып, әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық-бірлігі.</p> <p>Т а р и х и шындық-өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі.</p>

	<p>Осы бөлікте қандай құндылыққа баға берер едің? Даму. Шиеленіс. (Дамуы: Алтай мен Сұлушаштың дүниеге келуі Шиеленісуі: Екеуінің махаббаты.) 3-топ – Шығарма идеясындағы композицияның (шарықтау шегі, шешімнің) орын талда. Осы бөлікте қандай құндылыққа баға берер едің? Шарықтау шегі. Шешім. (Шарықтау шегі: Сұлушаштың атастырылған жігітінен бас тартып, Алтаймен қашуы. Шешімі: Ермек, Қайсар, Сұлушаштың қаза болып, Алтайдың өзіне қол Жұмсауы.) Топтар шығарманың композициялық құрылымын тындап, БК бойынша бағалайды. ТБ. (1-топты 3, 3-топты 2, 2-топты 1 бағалайды.)</p>	<p>С ю ж е т (фр. <i>sujet</i> - зат) - өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі. Сюжеттің негізі - өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс.</p> <p>Идея - әдебиет шығармасында өмірдегі жәй жағдайлар, адам тағдыры баяндалғанда, суреттелгенде жазушының сөз болып отырған мәселелерге қатынасы, көзқарасы да аңғарылады.</p>
--	--	---

<p>Топтар бағалауы 1,5 мин.</p> <p>7 мин.</p> <p>1 мин.</p>	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="1244 105 1381 204">Бағалау критерийі</th> <th data-bbox="1381 105 1538 204">Дескриптор</th> <th colspan="2" data-bbox="1538 105 1695 204">Тапсырма орындау (+,-)</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="1244 204 1381 642">Эпикалық шығарма идеясындағы композицияның орын талдайды.</td> <td data-bbox="1381 204 1538 642">Шығарманы топта талдайды. Хикаяттың құрылымдық-композициялық құрылымына (басталуы, байланыс, даму, шиеленіс, шарықтау шегі, шешім) талдау жасай алады.</td> <td data-bbox="1538 204 1617 642"></td> <td data-bbox="1617 204 1695 642"></td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Тапсырма орындау (+,-)		Эпикалық шығарма идеясындағы композицияның орын талдайды.	Шығарманы топта талдайды. Хикаяттың құрылымдық-композициялық құрылымына (басталуы, байланыс, даму, шиеленіс, шарықтау шегі, шешім) талдау жасай алады.			
	Бағалау критерийі	Дескриптор	Тапсырма орындау (+,-)							
Эпикалық шығарма идеясындағы композицияның орын талдайды.	Шығарманы топта талдайды. Хикаяттың құрылымдық-композициялық құрылымына (басталуы, байланыс, даму, шиеленіс, шарықтау шегі, шешім) талдау жасай алады.									
<p>Кері байланыс! 2-тапсырма «Кейіпкерге хат» (60-80 сөз). 1-қадам: Кейіпкерлерді таңдап алу. Кейіпкерлер: Сұлушаш, Алтай, Қайсар, Ермек, т.б. 2-қадам: Оқушылар кейіпкерлерге хат жазу барысында бірнеше «жуан», жоғары дәрежелі сұрақтарды қоюы керек. 3-қадам: Егер..., не болар еді? Неге...? Неліктен...? 4-қадам: Осы сұрақтарға өзі мүмкіндігінше балама жауап ұсынуы қажет. Мүмкін..., ... болған шығар? 5-қадам: Хат соңында кейіпкерге ұсыныс жазыңыз. Қалыптастырушы бағалау. ЖБ.</p>										

Бағалау критерийі	Дескриптор	Тапсырма орындау (+,-)
Автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жаза алады.	1. Оқушылар кейіпкерге хат жазу барысында бірнеше «жуан», жоғары дәрежелі сұрақтар қоя алады.	
	2. Осы сұрақтарға өз мүмкіндігінше балама жауап ұсына алады.	
	3.Хат соңында кейіпкерге ұсыныс жаза алады.	

Сабақтың соңы	Оқушыларға кері байланыс беру. 3-тапсырма. – Төмендегі тақырыпқа эссе жазу. С.Мұқановтың “Сұлушай” поэмасындағы гашықтар махаббатының діңгегі Сұлушай па, алде Алтай ма? Бағалау парағы бойынша қорытындыла.						
	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>Дескриптор</th> <th>Тапсырма орындау (+,-)</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Эссе тақырыбына на ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе</td> <td>Эссе құрылымын сақтайды (Эссе -150-170 сөзден тұрады, Кіріспе – 30-40 сөз, Негізгі бөлім – 70-80 сөз,</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Тапсырма орындау (+,-)	Эссе тақырыбына на ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе	Эссе құрылымын сақтайды (Эссе -150-170 сөзден тұрады, Кіріспе – 30-40 сөз, Негізгі бөлім – 70-80 сөз,	
Бағалау критерийі	Дескриптор	Тапсырма орындау (+,-)					
Эссе тақырыбына на ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе	Эссе құрылымын сақтайды (Эссе -150-170 сөзден тұрады, Кіріспе – 30-40 сөз, Негізгі бөлім – 70-80 сөз,						

	<table border="1"> <tr> <td>бойынша көзқарасын айқып көрсетіп жазады.</td> <td>Қорытынды – 40-50 сөз)</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td>2.Өзіндік көзқарасы бар.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td>3.Тақырып эссенің өн бойынан көрініс табады.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td>4.Мәселені шешу жолын ұсынған.</td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	бойынша көзқарасын айқып көрсетіп жазады.	Қорытынды – 40-50 сөз)				2.Өзіндік көзқарасы бар.				3.Тақырып эссенің өн бойынан көрініс табады.				4.Мәселені шешу жолын ұсынған.			
бойынша көзқарасын айқып көрсетіп жазады.	Қорытынды – 40-50 сөз)																	
	2.Өзіндік көзқарасы бар.																	
	3.Тақырып эссенің өн бойынан көрініс табады.																	
	4.Мәселені шешу жолын ұсынған.																	
	Кері байланыс!																	
Сабақтың соңы 5 мин.	Рефлексия * Бүгінгі сабақты шығармадағы қай сөйлеммен аяқтар едің? Неліктен? * Бүгінгі сабақтан үйренгеніңді қандай мақал-мәтелмен қорытындылар едің? * Сабақта сен үшін қандай ақпарат құнды болды?																	
	Бағалау: «Шығу парағы» арқылы.																	

А.С. ИСКАКОВА,
Тегісшіл орта мектебінің білім
беретін негізгі мектебі.
БҚО,
Жәнібек ауданы,
Тегісшіл ауылы

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ «ШЫҢЫРАУ» ХИКАЯТЫНАН ҮЗІНДІ. ЕҢСЕПТІҢ АТА КӘСІБІ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: оқушыларға жазушының өмір жолы мен шығармашылығы және құдық қазу кәсібі туралы мағлұмат бере отырып, "Шыңырау" хикаятынан берілген үзіндінің идеясы мен мазмұнын ашу.

«Шыңырау» хикаяты жайлы құдық қазу – Еңсептің ата кәсібі екендігі жайлы толық мәлімет беру.

Дамытушылық: оқушылардың қызығушылығын оята отырып, танымдық белсенділіктерін арттыру, мәтін бөліктерінің негізін таба білуге дағдыландыру, ой-өрісін, ойлау белсенділігін, сөйлеу шеберлігін, тіл мәдениетін дамыту, сөздік қорын молайту, шығармашылық ізденіске баулу, олардың ой – пікірін қалыптастыру.

Тәрбиелік: Елін, жерін, Отанын қадірлеуге, адамгершілікке, сауапты іс жасауға және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Шығарма мазмұны арқылы оқушыларды табандылыққа, қиындыққа төзуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: /табыс көрсеткіші/

1. Әбіш Кекілбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет бере алады.
2. «Шыңырау» сөзінің мағынасын түсінеді.
3. Әңгіме мазмұнын біледі, тапсырмаларды түсініп орындайды.
4. Кейіпкерлерімен танысып, өмірмен байланыстыра

алады.

Сабақ типі: Пысықтау сабағы.

Сабақтың түрі: дәстүрлі сабақ.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: Ауызша тіл дамыту, сұрақ-жауап, шығарма кестесін құру, композициялық талдау.

Сабақтың барысы:

I. Үй тапсырмасын сұрау.

а). Оқушылармен амандасу, түгендеу.

б). Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

II. Әбіш Кекілбаевтың өмір жолы мен шығармашылығын оқу.

Оқушылар әңгіме мазмұнын баяндайды.

Тапсырма:

1. – *Әбіш Кекілбаевтың өмірбаяны?*
– *Қай жерде, қай жылы туылған?*

2. **Әбіш Кекілбаевтың қызмет жолы:**

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

3. Жазушының шығармашылығы туралы

Топтастыру

– Шыңырау деген не, оны естігенде көз алдарыңа не елестейді?

ЕКІ СӨЗДІҢ БІРІГУІНЕН

ШЫҢ

БИІК

ҚҰЗ ЖАСАЛҒАН **ШЫҢ**

ЖӘНЕ **ЫРАУ**

ТАУДЫҢ

ҰШАР

БАСЫ

ШЫҢЫРАУ

ТҰҢҒИЫҚ

ТЕРЕҢ

Ой қозғау. Сұрақтар.

1. – Байсал бай Еңсепке қай жерден құдық қазуға өтініш жасады?
2. – Олар шеген тастарды қайдан әкелуші еді?
3. – Тастарды кесуге Еңсепке кім көмектесті?
4. – Шыңырау түбінде Еңсеп қандай жағдайға тап болды?
5. – Ол неге қуанды?
6. – Ата кәсібі құдық қазу болған Қараиш руының адамдарының ауыр еңбегінің елге тигізер пайдасы қандай?
7. – Еңсептің ерен еңбегі елге қандай пайда тигізді?
8. – Еңсеп қандай адам. Мінездеме бер.

Шығарманы қысқаша баяндау.

Жаңа сабақ. Еңсептің ата – кәсібі – құдықшылық.

Тақырыбы: Құдықшылық кәсібі туралы.

Идеясы: шөл даладағы халықтың тіршілігі үшін күресін көрсету, табиғаттың терең сырларын меңгеріп, ұрпағына мирас етіп қалдырған Еңсеп секілді халық ұлдарын үлгі ету.

Шығарма кейіпкері – Еңсеп. Ол – жапан далада талай құдық қазып, көптің мейірін қандырып, мерейін үстем еткен жан.

Шығарманың қысқаша мазмұны: Байсал бай Үстірттегі ең шұрайлы жер – Шыңырау түбінен Еңсепке құдық қазып беруге өтініш жасайды. Бір-екі ақсақал тастақ жыраның құбыла бет құйрығын қолайлы көретінін айтады. Еңсеп құлақ аспайды. Еңбекке жарамды нарларды таңдап, құдық қазуға кіріседі. Шыңырау түбінде әртүрлі ойға шомылып, бірде қуанып, бірде қорқыныш ой арпалысады... Кенет қыл арқанды тартып тұрып, жәрдем беріп тұрған жігіттер:

– Еңсеп! – деп айқайлағанда, шыңырау ішінен дауыс шықпайды... Шыңырау «Еңсеп қазған» емес, «Еңсеп өлген» атанып кетеді.

3. **Құдық қазу кәсібі туралы ақпарат:** Құдық

қазу – ертеден келе жатқан өнер. Су – тіршіліктің көзі болғандықтан, құдық қазу – тіршіліктің күретамыры іспеттес болған. Осы кәсіпсіз су да жоқ. Жер асты суы жантақ өскен жерде мол болатынын қазақ халқы ертеден білген. «Шыңырау» хикаяты – Маңғыстау даласындағы құдықшылық кәсіптің қыр-сырын жеке сипаттаған шығарма. Сол өлкеде өзінің өшпес мұрасын қалдырған әйгілі құдықшы Қарашаш Бейнеубай Құлшарұлы деген кісі өмір сүрген.

Құдық [1] – гидротехникалық құрылыс. Елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету және жер суландыру үшін пайдаланылады. Археологиялық зерттеулерге қарағанда құдық қола дәуірінде қазыла бастаған. Мысалы, Солтүстік Қазақстандағы Шағалалы қонысынан қазылған құдықтар анықталған. Дәстүрлі қазақ қоғамында табиғи су көздері жоқ шөл және шөлейт өңірлерде құдық көптеп қазылды.

ҚОЛДАНЫЛУЫНА ҚАРАЙ

ГРУНТ АРТЕЗИАН КӨРІЗДЕУ БАҚЫЛАУ

Құдықтар қазылу әдістеріне қарай шахталы (шегенді) және құбырлы деп аталады.

Шахталы құдықтар тереңдігі 30 – 40 м, ал диаметрі 0,8 – 1,5 м болатын дөңгелек не шаршы пішінді шахта түрінде қазылады. Кейбір шахталы құдықтардың тереңдігі 100 м-ге (Маңғыстау облысында), кейде 300 м-ге жетеді.

Құбырлы құдықтар бұрғылау ұңғымасы тәрізді. Олардың тереңдігі 800 м-ге жетеді. Алматы облысында тереңдігі 250 – 300 м-лік құбырлы құдықтар бар.

«АҚБҰЛАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Елімізде ерекше назарға алынған мемлекеттік саясаттың бірі – қазақстандықтарды сапалы әрі таза ауыз сумен қамтамасыз ету. Осыған орай, 2011-2020 жылдарға

арналған мемлекеттік «Ақбұлақ» салалық бағдарламасы қабылданған болатын. Оны жүзеге асырудың нәтижесінде елді мекендерді орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз ету, суды есептегіш құралдарды қалалық және ауылдық жерлерде орнату, жерасты суларына зерттеу жұмыстарын жүргізу шаралары қарастырылған. Бүгінде бұл бағдарлама табысты жүзеге асуда. Аталмыш бағдарламаның арқасында ұзақ жылдар бойы таза судан тапшылық көрген республиканың түкпір-түкпіріндегі тұрғындар, әсіресе, ауылдағы ағайын сапалы суға жарып, қуанышы қойнына сыймай жүр. Атап өтерлігі, елдегі сусыз елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамамыз ету жұмыстары әлі де жалғасуда.

Ә.Кекілбай «Шыңырау»

1. Шығарманың композициялық құрылысы:

Басталуы: -----

Баяндалуы: -----

Байланысуы: -----

Шарықтау шегі: -----

Шиеленісуі: -----

Шешімі: -----

2. Еңсеп қандай адам? Мінездеме бер.

3. Мәтінде қандай тастардың түрлері аталады? Теріп жаз.

4. Мәтіннен диалект сөздерді тауып жазып, мағыналарын анықта:

Шайланып болғанша -----

5. Адамдардың әңгімесі кезіндегі, судың дыбысын, тастың қазылуы кезіндегі еліктеу сөздерді тап. -----

6. Өзім үшін жазу.

1. Әңгіменің идеясы не? -----

2. Еңсеп бақытсыз адам ба? Қалай ойлайсың? -----

3. Дәлелде: -----

7. Р-рөл: -----

А-аудитория: -----

Ф-форма: -----

Т-тақырып: -----

8. Егер сен мүсінші болсаң, «Еңсеп өлген» атты шыңырау құндықтың басына қандай ескерткіш мүсін орнатар едің?

9. Ә. Кекілбаевтың мына өлең шумақтары кімге арналған?

Суды жұтып, өн бойыңа жан кіріп,
Жантаясың атыңды отқа шалдырып
Еске түсер жапан түзге дес бермей,
Жамағатын кеткен жан сол қандырып.

Шалдыққанда соның әлі сақтады.
Сол сабазды жүрек дүрс-дүрс мақтады.
Еске аласың естен шыққан бабаны,
Қуырғанда тас бауыр күн аптабы.

-----Құдық қазу
жақсы кәсіп пе? Қалай ойлайсың?

10. Берілген ұйқасқа өлең құрастыр.

----- даланы,

----- бабаны.

М. Е. АЖМҰРАТОВА,
Қызылжар орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Қобда ауданы

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН “ҚЫПШАҚ СЕЙТҚҰЛ”. СЕЙТҚҰЛ – ЗАМАНЫНАН ОЗЫП ТУҒАН АДАМ

С а б а қ негізделген оқу м а қ с а т ы (мақсаттары)	5.2.4. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау (Б/С2); Шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу (Б/С3).
С а б а қ мақсаттары	Барлық оқушылар: <ul style="list-style-type: none">Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бейнесін ашады, өз көзқарасын білдіріп шағын мәтін құрайды. Оқушылардың басым бөлігі: <ul style="list-style-type: none">Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды, өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап эссе жазады. Кейбір оқушылар: <ul style="list-style-type: none">Кейіпкер бойындағы қасиеттерді шынайы өмірмен салыстыра отырып, өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады. Эссе құрылымын сақтайды.

Бағалау критерийі	Кейіпкердің қасиеттерін шынайы өмірмен салыстыра отырып, өз көзқарасын білдіреді. Шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады. Эссе құрылымын сақтайды.
Тілдік мақсаттар	Тілдік дағдылары: Бағалау, салыстыру. Терминология: Бейнет, кетпен, барымта. Сөз тіркестері: Отыз үйлі тобыр, халық қатарына қосу.
Құндылықтарды дарыту	Еңбекті дәріптеп, шығармашылыққа баулу.
Пәнаралық байланыс	«Еңбек – түбі зейнет» (технология, өзін-өзі тану)
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім	Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейтқұл»
Жоспар	

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы	«Қолшатыр» әдісі арқылы оқушылар бір-біріне жақсы тілектерін айтады. Еңбек туралы мақал-мәтел құрастыру арқылы 3 топқа бөлу.	
Ортасы	Тапсырмалармен жұмыс. 1-тапсырма. I топ – Концептуалдық кесте.	

Кейіпкер	Қасиеттері	Іс-әрекеті	Өз көзқарасы

Дескрипторы:

1. Кейіпкерлердің қасиеттерін анықтап, бейнесін ашады.
2. Кейіпкер әрекетіне өз көзқарасын білдіреді.
3. Шынайы өмірмен байланыстырады.

II топ – Кейіпкерді шынайы өмірде бар адаммен салыстырады. (Мысалы, ауылдағы кәсіпкер адам) **Венн диаграммасы**

Дескрипторы:

1. Кейіпкерге өзіндік бағасын береді.
2. Кейіпкерлердің қасиеттерін салыстырады.
3. Кейіпкерлердің ортақ қасиеттерін табады.

III топ – Әңгіменің негізгі идеясын үш сөйлеммен тұжырымдап, ойларын мақал-мәтелмен түйіндейді.

Дескрипторы:

1. Әңгіменің негізгі идеясын анықтайды.
2. Нақты үш сөйлеммен тұжырымдайды.
3. Мақал-мәтелмен түйіндейді.

Сергіту сәті	«Қыдырып қайтайық!» би билеу	Бейнеролик
Аяқталуы	<p>I топ – Сейтқұл қандай адам? Себебі... Сейтқұлдың ағасы қандай адам? Себебі...</p> <p>Дескрипторы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сұрақтың жауабын табады. 2. Өз көзқарасын дәлелдеп, шағын мәтін құрастырады. <p>II топ – «Неге?», «Не үшін?», «Қалай?» сұрақтарына жауап бере отырып, эссе жазады.</p> <p>Дескрипторы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сұрақтар негізінде ойланады. 2. Эссенің құрылымын сақтайды. <p>III топ – «Әңгімеге негізделген жазу» әдеби эссе.</p> <p>Дескрипторы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әңгімені өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады. 2. Эссенің құрылымын, сөз санын сақтап жазады. <p>Үйге тапсырма: «Еңбек бәрін жеңбек» кейіпкерге хат жазу.</p>	

	<p>Дескрипторы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Еңбек туралы не білетінін жазады (10 сөз). 2. Кейіпкерге көзқарасын жазады (20 сөз). 3. Шынайы өмірде еңбегімен елге танылған адамдар туралы жазады (20 сөз). 	
Қосымша ақпарат		

<p>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері. АКТ-мен байланыс. Құндылықтардағы байланыс.</p>
<p>• Тапсырмалар топпен жұмыстануға сай құрастырылды.</p>	<p>• Бағалау парағы арқылы көшбасшы топ мүшелерін бағалайды.</p> <p>• «2 жұлдыз, 1 ұсыныс» әдісімен топтар бір-бірін бағалайды.</p>	<p>• Еңбекті дәріптеп, шығармашылыққа баулу.</p> <p>• Технология, өзін-өзі тану пәндерімен байланыс.</p>

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ “ЕСКЕНДІР” ПОЭМАСЫ

<p>Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен ж о с п а р л а ғ а н саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Рефлексия. «Градусник» Оқушылар стикерлерге өз есімдерін жазып (немесе смайликтің суретін салып) тақтада салынған градусникке жабыстырады.</p> <p>Кері байланыс. «Алма ағашы» Оқушыларға қызыл және жасыл түсті стикерлер беріледі. Балалар берілген алманы алма ағашына жапсырады.</p> <p>Жасыл түс – мен бәрін өте жақсы меңгердім деп есептеймін.</p> <p>Қызыл түс – толық меңгермедім.</p>
<p>Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p>	

<p>С а б а қ мақсаттары:</p>	<p>Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасының мазмұнын, тақырыбы мен идеясын меңгерту.</p> <p>Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасының мазмұнын, жамандықтан сақтандырып, жақсылыққа жол ашатынын, тақырыбы мен идеясын меңгереді.</p>
<p>П ә н а р а л ы қ байланыс:</p>	<p>Қазақ тілі, тарих</p>
<p>Б а ғ а л а у критерийі:</p>	<p>-Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасының мазмұнын меңгереді.</p> <p>-Жамандықтан сақтандырып, жақсылыққа жол ашатынын түсінеді.</p> <p>-Тақырыбы мен идеясын меңгереді.</p>
<p>Т і л д і к мақсаттар:</p>	<p>«ғаскер, бодам, аттың жалын құшты, бас қойды, күзер шат»</p>
<p>О й л а у деңгейлері:</p>	<p>Оқылым, айтылым, талдау, түсіну, жинақтау.</p>
<p>Алдыңғы оқу:</p>	<p>Ескендір туралы білетіндеріне шолу.</p>

С а б а қ кезеңдері	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ә д і с -тәсілдер	Ресурс-тар
Басы	Психологиялық ахуал.	« М е н і ң көршіме тілегім»	
Үй тапсырмасы	<p>Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы . «Ғашықтық құмарлықпен - ол екі жол ...», «Ұйықтап жатқан көңілді ән оятар», «Ән-көңілдің ажары», «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы», «Аттың сыны» өлеңдері.</p> <p>«Белгілер мен таңбалар» әдісі бойынша:</p> <p>1. Топ кестеден сан таңдайды.</p> <p>2. Мұғалім сол нөмірдегі сұрақты оқиды.</p> <p>3. Жауап дұрыс болған жағдайда, топ сол шаршыға таңбасын қояды.</p> <p>4. Жауап дұрыс болмаған жағдайда, келесі топ сол сұраққа жауап беруге және сол шаршыға таңба қоюға мүмкіндік алады.</p>		

1. «Ғашықтық құмарлықпен - ол екі жол». «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңіндегі қыз сыны мен жігіт мәселесі, Абай суреттеген ару қыздың портреті, қыздардың қарама-қарсы мінезі.	2.«Ұйықтап жатқан көңілді ән оятар», «Ән-көңілдің ажары». 20 шақты өлең-әні. «Көңіл құсы күйкылжыр шартарапқа» өлеңіндегі казак әндерінің күдіретті күшін бейнелеуі. «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңі. Евгений Онегин мен Татьяна бейнелері, аудармалары.	3. «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңіндегі ақындық өнерге ден қоюы, ақындыққа қойған талабы, өнер сатқан ақындарды сынауы.
4. «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол» өлеңі, ақынға берген бағасы, қоғамды түзетуші күшке балауы, өлеңнің маңызы.	5. Абай өлеңдеріндегі троптың түрлері, метафора, метонимия, метафораның ұлғайған түрі, метафораны қабат қолдану, кейіптеу. (Абай - табиғат бейнесі... дейін)	6. «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңіндегі жігіт мінезі және оны сынауы және жігітке қойған талаптары, жігіт мінезін халық қағидасымен сәйкес келтіруі, Абайдың ұсынысы мен уағызы.
7. «Бір сұлу қыз тұрты хан қолында» өлеңінде есерсоқ ханның әрекетін айыптауы, қалың малға қарсы болуы, айыптау үкімі	8. «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол» өлеңінде көтерілген мәселелер.	9. Ақынның табиғат бейнесін берудегі шеберлігі, шендестіру мен қайталаулар, ассонанс, шалыс ұйқас.

Орта-сы	<p>Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасы.</p> <p>«Ой шақыру»: Поэма дегеніміз не? 2). – Абайдың қандай поэмалары бар? Поэма мазмұнымен танысып келдіңдер. Бастамас бұрын Ескендір деген кім? Мәлімет бойынша оқушылар жауабы.</p> <p>І. «Топтық тергеу» әдісі бойынша мәтінді талдау.</p> <p>1-топ. «Баяндап берушілер». Өз көзқарастарын білдіре отырып, баяндау. «Хикая картасын» сызады.</p> <p>2-топ. «Зерттеушілер». Кейіпкерлерге мінездеме береді. Ескендірдің</p>		
---------	--	--	--

<p>психологиялық жай-күйін ақын қалай берген? Тауып оқы.</p> <p>«Шың басында» әдісі бойынша кейіпкерлер орнын анықта.</p> <p>3-топ. «Сұрақ құрастырушылар». Жоғары деңгейдегі сұрақ құрау. <i>(Неліктен? Қалай ойлайсың? Егер сен... Сіздің ойыңызша?...пайдасы қандай? ...маңызы бар ма? Неге?)</i></p> <p>4-топ. «Сілтеме табушылар». Әңгіме мазмұнына сай, фразеологизмдерді, теңеу, эпитеттерді табу.</p> <p>5-топ. «Дәнекерлеушілер». Әңгіме оқиғасын бүгінгі заманмен байланыстырады. Осыған ұқсас шығармалар бар ма?</p> <p>II. Композициялық құрылысын сақтай отырып, оқиғаларды ретімен қой. <i>(Оқиғалар жазылған қима қағаздарды орналастыру):</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Басталуы- 2. Байланысуы- 3. Дамуы- 4. Шиеленісуі- 5. Шарықтау шегі- 6. Шешімі- <p>Мұғалім сөзі: – Сонымен, Абай Құнабайұлының «Ескендір» поэмасының тақырыбы және Лирикалық кейіпкер түйініне сүйене отырып идеясын айтындар. Қандай ой түйдіңдер? Жауыздыққа жетелейтін нәрсе күншілдік, тойымсыздық, мансапқорлық. Осындай жаман әдеттерден сақ болу. Иманды болуға, қанағатшыл болуға үндеу.</p>	<p>Т о п т ы қ жұмыс</p>	<p>Оқулық</p>
---	--------------------------	---------------

	<p>III. Түймедаққа сұрақ: – Қандай сұрақ туды? Жаз. Түймедаққа сал. Келесі сабақта өздерің сол сұраққа жауап бересіңдер.</p>		
<p>Соңы:</p>	<p>Рефлексия: «Шығу билеті» тәсілі бойынша (Әр топтан екі бала).</p> <ul style="list-style-type: none"> – Сен не білдің? – Саған не қиын болды? – Түсінбеген мәселең бар ма? <p>Бағалау: «Көршіне бір жылы сөз бен ұсыныс жаса» топтағылардан екі бір-бірін бағалайды, сонда он адам. Тақтадағы «Блум таксономиясы» бойынша шығып, әркім өзін бағалайды.</p> <p>Үйге тапсырма: Абай Құнабайұлының өмірі мен шығармашылығы. «Ескендір» поэмасы. «Еркін жазу стратегиясы» бойынша «Қанағат – қарын тойғызар» деген тақырыпта эссе жазу.</p>		
<p>Мұғалім рефлексиясы:</p>			

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Б.М. БАЙГАЛИЕВА,
«№104 жалпы білім беретін
мектеп» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Алматы қаласы

ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ, ОНЫҢ ШЫҒАРМА ТІЛІНДЕГІ СТИЛЬДІК СӨЗ БЕДЕРІ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Публицистикалық стиль жайлы мағлұмат беріп, түсініктерін кеңейту.

Дамытушылық: Публицистикалық стильдің ерекшеліктерін біліп, сауатты сөйлеп, жаза алу дағдыларын жетілдіру.

Тәрбиелік: Ұлт жанашыры, тіл жанашыры болуға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: қалыпты, жаңа тақырыпты меңгерту сабағы.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, баяндау, көрініс қою, тест тапсырмаларын орындау, жеке, топтық жұмыс түрлері, шығармашылық ізденіс

Сабақтың көрнекілігі: оқулық, интербелсенді тақта.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңінде балалардың назарын сабақты бастауға аудару. Сабақтың тақырыбы, мақсатымен және сабақтың өтілу ретімен таныстыру.

Жаңа сабақ

Слайдтар арқылы жаңа тақырыпты түсіндіру.

Публицистикалық стильге баспасөз, газет-журналдардың, ақпарат құралдарының тілі жатады. Публицистика деп саналатын қоғамдық-саяси әдебиет, газет-журналдар қазіргі кезде қоғамдағы саяси-әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге ат салысатын күнделікті айбынды құрал болып саналады да, оның беттерінде

еліміздің ішкі-сыртқы саясатына, қоғамдық құрылысына, экономикалық жағдайы мен дамуына, ғылыми-техникалық прогрестің артуына, мәдениетінің өркендеуі мен басқа да әлеуметтік істеріне байланысты актуальды мәселелер көтеріліп, талданады.

Публицистикалық стиль ауызша және жазбаша түрде қолданылады.

Публицистикалық сөз ауызекі айтылғанда, ауызекі сөйлеу стиліне тән сипаттарға да ие болады. Ол көбінесе газет, журнал, радио, теледидар арқылы беріледі.

Бүкіл әлемді көз алдыңа келтіру үшін, басқалардың көзіне түсіру үшін, адам рухының қадір-қасиетін асқақтата көтеріп, жар салу үшін өз биігің – Мұхтар Әуезов сияқты асқар шыңың болу керек...

Шыңғыс Айтматов.

(Балалар алдын-ала берілген тапсырма бойынша көрініс сабақ көрсетеді.)

Құрметті қонақтар, мырзалар мен ханымдар!

«Әлемге әйгілі заңғар тұлға» атты баспасөз – маслихатымызға қош келдіңіздер!

М.Әуезовтің өнегелі өмір жолы мен артына қалдырған мұралары біздің ұлттық қазынамыз десек, артық айтқандық болмас. Уақыт өткен сайын халыққа Әуезов мұрасының қадір-құрметі арта түсетіні, шоқтығы биік тұлғалана берері сөзсіз. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабатын» деп, халық тегін айтпаған. М. Әуезов әдебиетіміздің ең биік шыңындай болған «Абай жолы» атты 4 томдық эпопея берді. «Қазақ халқының жарты гасырлық қоғамдық өмірінің энциклопедиясы» деп әділ аталған бұл эпопея дүние жүзі елдерінің көптеген әдебиет, мәдениет, қоғам қайраткерлерінің жоғары бағасына ие болды. Осы ұлы жазушыға арналып өткізіліп отырған баспасөз-маслихатымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Баспасөз-маслихатқа қатысушы журналистер, ғалымдар, тілшілермен таныс болыңыздар.

(Журналистер, ғалымдар, тілшілер атынан оқушылар

сөйлейді.)

Баспасөз тілшілері: «Техрап тайм» (Ауғанстан) газетінің тілшісі. «Хабар» телеарнасының арнайы тілшісі, «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының тілшісі.

Әдебиетші, зерттеуші маман-ғалымдар: Қайым Мұхаметжанов, Рымғали Нұрғалиев, Шыңғыс Айтматов.

1-сұрақ: – Мен Ауғанстанның «Техрап тайм» газетінің тілшісімін.

Құрметті Қайым мырза!

Заманымыздың кемеңгер жазушысы ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің өмір жолымен таныстырып өтсеңіз.

Жауап: М. Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Шыңғыстауда дүниеге келді. Ескіше сауаты бар атасы Әуездің көмегімен ол 7-8 жасқа келгенде, арабша хат танып, Абай өлеңдерін жаттап, ертегі, аңыз әңгімелерді тыңдап өседі. 1908 жылы Мұхтарды немере ағасы Қасымбек Семейге алып келіп орыс мектебіне түсіреді. Осыдан кейін ол бес жылдық қалалық училищеді, төрт жыл мұғалімдік семинарияда оқып білім көтереді. Семинарияны бітірісімен Мұхтар партиялық қоғамдық қызметтер атқарып, сонымен бірге әдеби қызметпен де шұғылданады. Оның тұңғыш шығармасы – 1917 жылы жазылған «Еңлік-Кебек» драмасы еді. 1922 жылы Орынбордан араб әрпімен басылған «Қорғансыздың күні» деген кітапшасы жарық көрді. Бұл туынды өзіндік көркемдік бітімі жағынан қазақ әдебиетіне жаңа өрнек енгізді. Бұл – ең алғашқы еңбек жолының белестері еді.

М.Әуезов 1946 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі болып сайланды. Ол отызға жуық филология ғылымының кандидаттары мен докторларын тәрбиелеп өсірді.

2-сұрақ: – Мен «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының тілшісімін.

Құрметті Рымғали Нұрғали мырза!

Дүние жүзі әдебиетіндегі бірталай ұлы шығармалар халық аңызы негізінде туғандығы белгілі. 20 жасар жас семинарист Мұхтардың тырнақалды еңбегі «Еңлік-Кебек» драмасы туралы не айтар едіңіз?

Жауап: «Еңлік-Кебек» қасіретнамасы халық ішінде көп тараған аңыздың негізінде жазылған. М. Әуезов жазған «Еңлік-Кебектің» алғашқысы көркем көрініс түрінде

1917 жылы мамыр айында түптестіріп қатар тіккен Әйгерімнің киіз үйінде, Абай аулында қойылады. Жүзге жуық көрермен жиналады. Бір қызығы – ойынға 50 тиыннан билет сатылып, барлығы 54 сом 50 тиын жиналыпты. Қаржы Құлжадағы ашаршылыққа ұшыраған қазақтардың пайдасына жөнелтіледі.

Режиссерлік, суффлерлік міндеттердің бәрін автордың өзі атқарады. Ойнаушылар кейде суффлерді тыңдамай, оқиғаға беріліп сөйлеп кетеді.

М. Әуезов жазушы, драматург қана емес, ғалым. Оның алғашқы ғылыми еңбектерінің бірі – «Қазақ әдебиеті» деген атпен 1927 жылы Ташкентте басылып шықты.

Мұхтар Әуезов – фольклорист. Оның «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», «Ертегілер», «Айтыс өлеңдері», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты ғылыми зерттеу еңбектері бар.

3-сұрақ: – Мен «Хабар» телеарнасының арнайы тілшісімін.

Құрметті Шыңғыс мырза!

Ұлы ұстазыңыз туралы не айтар едіңіз?

Жауап: Мұхтар Әуезов мен үшін алыстан мұнартқан академиялық тұлға десем, әрине, артық айтқаным емес. Өзім көріп, өзім білгендер ішіндегі ұлы суреткер десем, мұным да жалтылама сөз. Мұхтар Әуезов маған әкемдей қамқор болған кісі, сондықтан өздеріңізбен ол туралы сөйлеуден бұрын аздап сырласып алғым келіп тұр. Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып өзіммен бірге алып

жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар.

Бірі – «Манас», ал бірі – «Мұхтар Әуезов». Мен қазақпын ба, қырғызбын ба? Мұны білгісі келгендерге мен Манас жөнін, Мұхтар Әуезов жайын айтып берем. Бұл екеуі – менің қандас халықтарымының мерейі. Осы екеуіне иек артсам болғаны, жат жұрт арасында жалым күдірейіп шыға келеді. Қырғыздар Мұқаңды аса зор құрметпен өзіміздің туған перзентіміз деп таниды. Біз Әуезовтің көзі тірісінде солай дейтінбіз, қазір де солай дейміз. Қазақ пен қырғыздың тілдері домбыраның қос ішегі секілді өзара жақын және ұқсас. Сондықтан Мұхтар Әуезовтің кітаптарын біздер екі тілде бірдей құмарта оқимыз. Ол – «Манас» эпосының асқан білгірі және зерттеушісі. Қырғыз әдебиетшілерінің досы және ұстазы. Оның себебі, М. Әуезовтің құдіретті талантынан туған тамаша шығармалар даланың ақ арай таңындай жайнап, қазақ халқымен қатар қырғыз халқын да нұрлы шұғыласына бөледі. Міне, сондықтан да менің әдебиетке қол созып осынышама құлаш созуым тікелей М. Әуезовтің кеңесі мен қамқорлығы, оның маған ұстаз болып жөн сілтеуі, қырғыз еліне, қырғыз әдебиетінің дамуына, өркендеуіне ұстаз болғаны деп білемін.

Жүргізуші: – Міне, ұлы ғаламды жарық жұлдыздар ғана көріктендіреді. Ұлы тауды ұлы таулар ғана биіктетеді. Ұлы Мұзартты ұлы шыңдар ғана асқақтатады. Мұхтар Әуезовтің өнегелі өмір жолы мен артына қалдырған мұралары – біздің ұлттық қазынамыз.

Әуезов әлемі бізді көзге көрінбейтін ғажайып ұлы сиқырмен, құдіретімен ұлттық рух тәуелсіздігін қорғауға, сақтауға үйретеді. Осымен, бүгінгі баспасөз – маслихатымыз аяқталды.

Тыңдап отырған балалар мұғалімнің көмегімен публицистикалық стильдің өзіне тән сипаттарын саралап айтып, қорытындылап, тиянақтайды.

Жаңа сабақты пысықтау.

1 - тапсырма

– Тұңғыш президент Н. Ә. Назарбаевтың сөйлеген

сөзінен жазылған үзіндіні оқып, оның сөзінің идеясын айқындап, экспрессивті сөздерді көрсетіңіз.

«... Жаңа ғана мен тізерлеп тағзым еткен, шашағынан




сүйген Тудың түсін дәл табу оңай болған жоқ. **Он ойланып, жүз толғана келіп тоқтаған осы зеңгір көк түстің мағынасы өте терең.** Мұнда біздің **ашық аспанды**, яғни бейбіт күнді айшықтайтын **кіршіксіз көңіліміз бар**, мұнда **көкті тәңір тұтқан ата-бабаларымыздың арман-аңсары бар**, мұнда біздің халқымыздың **бір тектілігін, мемлекетіміздің бөлінбейтінін** білдіретін **ұлы тұтастық** идеясы бар.

Мына алтын күн алаулаған **зеңгір аспанның** аясында баяу қалықтаған дала бүркіті, қиял бүркіті – **арман арқалаған алтын бүркіт** – қазақтың **қыран көңілін, дарқан да ақ, бітімшіл бейбіт көңілін** шырқау биікке алып шыққандай. Мазмұнына өрнегі жарасқан **тәуелсіздіктің қасиетті Туы** мәңгі желбіресін, күніміз мәңгі сөнбесін!»

2 - тапсырма

Мына дөңгелекте қазақтың аса әйгілі ақынының шығармасынан бір сөйлем жазылған. Оны сағат тілінің бағытына қарай үнемі екі сөзден қалдыра отырып оқу керек. Сонда ол қай сөзден бастап оқылу керек?



Жауабы:

Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық.

Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық.

(Абай. 37 қарасөзінен)

3-тапсырма

– Берілген мәтіннен ұлттық түсінік, танымды бағалай отырып, Саққұлақ шешен мен Шоқан арасындағы әңгімеге қандай баға берер едіңіз?

Шоқан мен Саққұлақ шешен

Жазда ауылына демалысқа келіп жатқан Шоқан Саққұлақ шешенді қонаққа шақырып, бірнеше күн оның тағлымды әңгімелерін тыңдайды. Сол кезде жас Шоқан

қонаққа тосын сұрақ қойып:

– Ақсақал, біреу жолдан адасса, кімнен ақыл сұрайды?
– дейді.

– Шырағым, көнеден сұрайды, – дейді шешен.

– Көне адасса, кімнен сұрайды?

– Көне адасса, көргендіден сұрайды.

– Көргенді адасса, кімнен сұрайды?

– Көргенді адасса, көптен сұрайды.

– Көп адасса, кімнен сұрайды?

– Көп адасса, көп оқығаннан сұрайды.

– Көп оқыған адасса, кімнен сұрайды?

– Көп оқыған неге адассын! Әлгінде ғана

Сатыбалдының Жаманқұлына күдіктеніп, оның Үмбеталы жырау туралы дастанын өзің де менен сұрап анықтап алған жоқпысың? – дейді шешен. Содан соң:

Асылы,

Ақыл – адамды аздырмайтын ем.

Білім – таусылмайтын кен.

Адамның басышысы – **ақыл**,

Жетекшісі – **талап**,

Шолғыншысы – **ой**,

Жолдасы – **кәсіп**,

Қорғаны – **сабыр**,

Қорғаушысы – **мінез**,

Біліп туған бала екенсің,

Тумысыңнан дана екенсің, –

дейді Шоқанға риза болған шешен.

Жауабы: Саққұлақ шешен мен Шоқан арасындағы әңгімеге дидактасу деп баға берер едім.

4 - тапсырма «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...»

Ұйқас сөздерді қатыстырып, өлең жолдарын толықтыр.

1. «Дайындады» етістігіне ұйқас сөздер табыңыз.

----- тайынбады,

----- ойындары.

----- ,
----- дайындады.

2. 5 буынды өлең құрастырыңыз:

----- дала,
----- бала,
----- ,
----- қара.

3.----- ашылмайды,
----- шашылмайды.
----- ашылады,
----- басылмайды.

5 - тапсырма «Көркем сөз – көрікті ойдың жемісі»

Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, берілген көсем сөздерді толықтырып жазыңыз.

1. Адамның айып емес, қайтып ... тапқан соң.

2. ... болсаң, ... бол.

3. ... атқанды, ... ат.

4. Сүйреп қосқан ... тұлкі алмайды.

5. айтылған сөз ағып кетеді,

... .. айтылған сөз құйып алады.

6. ... арыстанның аузындағысын алады.

7. өлім жоқ.

8. Сұлу сөзге ... , сұмпайы сөзге ... жан жоқ.

9. Орнын тауып қоя білсең, әр сөз ... , орнын таппаған әр сөз

10. Сөз құдіреті гажап: , етіп көрсете алады. қорғасындай балқытып, балқыған қорғасынды ... ете алады.

... .. тазартып, кірлете алады.

Қажетті сөздер: ұлық, кішік; таспен, аспен; үйірін; тазы; ақпа құлаққа, құйма құлаққа; ерінбеген; асыл сөзге; сұлу, бұжыр; сүйсінбейтін, жиренбейтін; кірлі көңілді,

кірсіз көңілді; алтынды мыс, мысты алтын; тас жүректі, тастай.

Жауабы:

1. Адамның айып емес, қайтып үйірін тапқан соң.

2. Ұлық болсаң, кішік бол.

3. Таспен атқанды, аспен ат.

4. Сүйреп қосқан тазы тұлкі алмайды.

5. Ақпа құлаққа айтылған сөз ағып кетеді,

Құйма құлаққа айтылған сөз құйып алады.

6. Ерінбеген; арыстанның аузындағысын алады.

7. Асыл сөзге өлім жоқ.

8. Сұлу сөзге сүйсінбейтін , сұмпайы сөзге жиренбейтін жан жоқ.

9. Орнын тауып қоя білсең, әр сөз сұлу , орнын таппаған әр сөз бұжыр.

10. Сөз құдіреті гажап: алтынды мыс , мысты алтын етіп көрсете алады. Тас жүректі қорғасындай балқытып, балқыған қорғасынды тастай ете алады. Кірлі көңілді тазартып, кірсіз көңілді кірлете алады.

6. Тест тапсырмалары

1. Публицистикалық стильге ...-... , ... жатады.

А). Газет-журнал, мақала;

В). Өлең-жыр, ертегі;

С). Мақал-мәтел, ертегі;

Д). Әсем-әуен, өлең;

Е). Ертегі-жыр, айтыс.

Жауабы: А.

2. Дидарластық әңгіме ... , ... түрінде жүреді.

А). Сынасу, сырласу;

В). Монолог, диолог;

С). Шер тарқатысу, әңгімелесу;

Д). Диолог, сынасу;

Е). Сырласу, монолог.

Жауабы: В.

3. Эмоция --... ,

А). Кейіпкерлер келбеті;

- В).** Кейіпкерлер іс-әрекеті;
С). Кейіпкерлер мінезі;
Д). Адамның көңіл-күйі, көзқарасы;
Е). Кейіпкерлер сөзі.

Жауабы: Д.

4. Ауызекі сөйлеу стилі ...-... сипаттайды.

- А).** Сөзбен сөзді;
В). Іс-әрекетті;
С). Қарым-қатынасты;
Д). Дауыс ырғағын;
Е). Айту-жазуды.

Жауабы: С.

5. Ауызекі сөйлеу стиліне байланысты сөздердің жалғасын табыңыз.

Көңілді көтермесе,

- А).** Кір басады.
В). Мұң басады.
С). Шер басады.
Д). Ән басады.
Е). Тер басады.

Жауабы: А.

6. Фразеологиялық тіркесті табыңыз

- А).** Үлкен,зор;
В). Дереу, шапшаң;
С). Екі езуі екі құлағында;
Д). Қорқақ қоян;
Е). Ақ киімді.

Жауабы: С.

7. Синоним сөздерді табыңыз.

- А).** Есту, тыңдау, ауру;
В). Тоңу, қалтырау, жабырқау;
С). Қорқу, алдану, жазалау;
Д). Ел, жұрт, халық, әлеумет, халайық;
Е). Күлу, төзу, ұялу.

Жауабы: Д.

8. Жаз. Түн. Айсыз ашық аспан. Жай сөйлемнің қай

түрі?

- А).** Атаулы;
В). Құрмалас;
С). Жақсыз;
Д). Толымсыз;
Е). Дара.

Жауабы: А.

9. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Жай сөйлемнің ... , ... , ... түрі.

- А).** Жақты, толымсыз, атаулы;
В). Жақты, жайылма, толымды;
С). Атаулы, жайылма, жақты;
Д). Толымды, толымсыз, атаулы;
Е). Жақты, атаулы, толымды.

Жауабы: В.

10. ... сөздің тобықтай түйіні бар. Көп нүктенің орнына лайықты сөзді қойыңыз.

- А).** Көркем;
В). Тоқсан ауыз;
С). Көрікті;
Д). Әсерлі;
Е). Шешен.

Жауабы: В.

11. Мақалдардан антонимдік қолданыстағы сөздерді табыңыз.

- А).** Көппен көрген ұлы той.
В). Қолы ашықтың – жолы ашық.
С). Берген жомарт емес, алған жомарт.
Д). Жері байдың – елі бай.
С). Сыйлап берсе, сусын іш.

Жауабы: С.

12. Стильдің түрін анықтаңыз

- Әбдірахманың кім?

- Қазақбайдың баласы.

- А).** Ғылыми стиль;
В). Публицистикалық стиль;

- С). Ауызекі сөйлеу стилі;
 Д). Көркем әдебиет стилі;
 Е). Ресми-іс қағаздары стилі.

Жауабы: С.

13. Сөз тіркесіндегі матасуды табыңыз.

- А). Он жеті;
 В). Ала тай;
 С). Сегіз жас;
 Д). Сенің үйің;
 Е). Айтып бер.

Жауабы: Д.

14. Сөйлемді табыңыз.

- А). Тенсе темір үзетін;
 В). Қызыл күрең шай;
 С). Суға жүзу;
 Д). Біз жидек тердік.
 Е). Ақ шағала.

Жауабы: Д.

15. «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» сөзінің иесін табыңыз.

- А). Абай Құнанбаев;
 В). Мұхтар Әуезов;
 С). Ахмет Байтұрсынов;
 Д). Шоқан Уәлиханов;
 Е). Ыбырай Алтынсарин.

Жауабы: А.

Сабақты қорыту. «Журналист болсам егер мен...» тақырыбына балалар бүгінгі сабақтан алған білімдерін, сабақтың өту барысы жайлы тілші ретінде шағын ой-пікірлерін қорытып айтады.

Үй тапсырмасы:

Белгілі публицистердің шығармаларын қосымша материалдардан тауып оқып, стильдік ерекшеліктерін саралау.

Оқушы білімін бағалау.

Б. С. ОЛЖЕКЕЕВ,
 Есенсай орта жалпы білім беретін
 мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті
 пәнінің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Ақжайық ауданы,
 Есенсай ауылы

ДОМБЫРА – ХАЛЫҚ МҰРАСЫ

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	7.2.5.1(О) -мәтін бойынша мәселелік сұрақтар құрастыру; 7.3.5.1(Ж) – мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау.
С а б а қ т ы ң мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Мәтін бойынша мәселелік сұрақтар дайындап, мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай қолданылуын тексереді, синонимдік қатармен ауыстырып, түзету енгізе алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Оқылым мәтіндегі сөздерді мағынасына сай синонимдік қатармен ауыстырып қолданады.
	Кейбір оқушылар орындай алады: Мәтіндегі мағынасына сай қолданылмаған сөздерді түзетіп, редакциялайды.
Б а ғ а л а у критерийлері	Негізгі мәселеге байланысты мәселелік сұрақтар әзірлейді; Мәтіндегі сөздерді синонимдік

	қатармен ауыстырып, лексикалық түзетулер енгізіп, редакциялайды.
О й л а у деңгейі	Қолдану
Т і л д і к мақсаттар	Пән лексикасы және терминология: Бабамыздың мұңы, анамыздың сыры, даламыздың үні, күмбірлеген күйі, Талқылауға арналған сұрақтар: «Нағыз қазақ – домбыра» дегенді қалай түсінесіз?
Пәнаралық байланыс	АКТ, Саз пәні, Қазақ әдебиеті.
Құндылықтарға баулу	Құрмет. Халық мұрасын сақтауға дәріптеу. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік.
А л д ы ң ғ ы білім	Домбыра туралы білетін мәліметтерімен бөліседі. «Нағыз қазақ қазақ емес, Нағыз қазақ-домбыра»
Жоспар	

Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дереккөздер
С а б а қ т ы ң б а с т а п қ ы кезеңі 7 минут	Ұйымдастыру жұмысы. «Шаттық шеңбері» Қима қағаздарға домбыра құрылысына қатысты сөздер арқылы 3 топқа бөлу. «Шанақ», «Ішек», «Тиек» Қызығушылықты ояту. Әнші М.Әуелбекованың «Домбыра туралы баллада» әні тыңдатылады.	Ақпарат көзін пайдалану

	Оқушылар алдыңғы сабақта меңгерген білімдерін еске түсіреді. (Әннің сазын, оның мәтінін мұқият тыңдау). - Ән не туралы? - Домбыра туралы не білеміз? - Ән мәтінінде домбыраға қатысты қандай ойлар айтылады? (Бабамыздың мұңы, Анамыздың сыры, Даламыздың үні, қаны мен жанында күй ойнау, жүректің дүрсілі, күмбірлеген күйі, қуаныш пен қайғы-мұңды жырлаған домбыра). Оқушылар сабақтың оқу мақсатымен және бағалау критерийімен танысады.	
С а б а қ т ы ң ортасы 10 минут	1-тапсырма: Оқылым. Жұптық жұмыс «Ойлан. Жұптас. Бөліс» әдісі «Нағыз қазақ – домбыра» мәтіні беріледі. Мәтінді жұптасып оқып талқылаңыз, тақырып бойынша бірлесіп, 1 жай сұрақ 2 мәселелік сұрақ дайында. Нағыз қазақ – домбыра <i>Домбыра мұңша шешен болдың неге? Күй толған көкірегің шежіре ме? Сыр қозған гасырлардан жөнелесін,</i>	Интернет www.ankui.kz

	<p>Саусағым тиіп кетсе ішегіңе, - деп Қасым Аманжолов жырлағандай қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеліктерінің бірі ол өзінің ұлттық музыкасының болуы. Атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналды. Сондықтан халқымыз домбыра мен «Қазақ» сөзін егіз ұғым деп санаған.</p> <p>Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы домбыра күйлері. Бұл мұра ғасырдан ғасырға іріктеліп, түрленіп жеткен халықтың өзімен бірге дамып, қалыптасып отырған. Байырғы кезде қазақ үйінің төрінде әрдайым домбыра ідулі тұрған немесе үйішінің біреуі домбырада күй шертпейтін отбасы қазақ арасында кемде-кем болған.</p> <p>Көпке белгілі, қазақтың халық арасында ең кең тараған музыкалық аспабы – домбыра. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден – домбыраны жасау аса қиынға соқпайды,</p>	
--	--	--

	<p>ұсынақты адам көрінген ағаштан жасап ала береді. Екіншіден – домбырада тарту, үйрену, басқа аспаптарға қарағанда аса қиынға соқпайды. Домбыраның пернелері барлық дыбыстарды скрипка сияқты мойын бойлап іздетпей, дәл үстіне қолы түсіреді. Қай пернеде қандай дыбыс бар екенін о бастан біліп алса, ұмытпау дәрежесі айта қалғандай болса, орындаушы кейін де сол пернені оңай тауып алады. Үшіншіден - домбыраны түрлі жағдайда тартуға бола береді, үйде отырып та, түрегеліп те, шалқадан жатып та, ат үстінде де. Бұл айтылғандар, халық аралап жүрген домбырашылар үшін аса керекті жағдай.</p> <p>Дескриптор: -Мәтінді жұпта мұқият оқып талқылайды. -Мәтін бойынша 1жай сұрақ, 2 мәселелік сұрақ құрастырады; Саралау әдісі. «Диалог және қолдау көрсету»тәсілі Мәселелік сұрақ дайындауға арналған нұсқаулық.</p>	
--	---	--

Дескриптор:		
Ұсынылған мәтін	О қ у ш ы түзетуі	
<p><i>Домбыра - асқақтата ән салып, төгілдіріп күй төккен өнерпаз халқымыздың асылынан артық қастерлеп қауырсын таққан, жалғзындай аялап қақ төріне ілген аса қымбат, аса сүйікті музыкалық аспаптардың бірі. Халқымыздың мұңы мен зары, қуаныш-күйініші, қайғысы мен қасіреті, аңсаған арманы, іздеген мұраты сол қасиетті домбыраның қос ішегінен ән болып төгіледі. Домбыра - қазақтың қасиетті дүниесі. Оны тарта алмасаң да, құрметтей біл. Себебі баланың бойына халықтың рухани байлығын сіңіру добмырадан басталады. Домбыраның сырлы сазына ауызданбаған бала сүтіне жарымаған көтерем қозыдай болады. Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халықының жанын түсінбейді. Домбыра әкеден қалған асыл мұра екенін ұмытпайық, достар!</i></p>		
<p>- Мәтінде дайын жауабы болмайды. - Көтерілген тақырып өзекті болуы керек. -- Өз көзқарасын білдіруге жетелейді. КБ: «Бағдаршам»</p>		

«Қызыл»-маған орындау қиын болды.

«Сары»-дұрыс орындағанымға күмәнім бар.

«Жасыл»-мен толық орындай алдым.

15 мин.	<p>2-тапсырма. Топтық жұмыс «Қос жазба» әдісі. Мәтіндегі мағынасына сай қолданылмай тұрған сөздерді синонимімен ауыстырып түзету енгізіп, редакциялаңыз. Дескриптор: -Мәтіннен мағынасына сай емес қолданылған сөздерді анықтай алады. -Тапқан сөздеріне түзету енгізіп, редакциялайды. КБ: «Өзін-өзі бағалау» (Жұмыс орындалып болғаннан кейін, мәтіннің дұрыс нұсқасы көрсетіледі.) Мұғалім мадақтамасы. Қорытынды: 3-тапсырма. «Төрт сөйлем» әдісі. Берілген тақырып бойынша пікір білдіріңіз. «Нағыз қазақ – домбыра» дегенді қалай түсінесіз? 1. Пікір: Тақырыпқа қатысты өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен жазыңдар 2. Дәлел: Пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдендер. 3. Мысал: Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіріңдер. 4. Қорытынды: Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.</p>	
Сабақтың соңы	«Бес саусақ»	
Кері байланыс	әдісі.	
3 минут		

С.С. КАБАКОВА,
«Мәдениет орта мектебі» КММ.
 Солтүстік Қазақстан облысы,
 Айыртау ауданы,
 Қарасай батыр ауылы

ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢА САЯХАТТАР

С а б а қ негізделген о қ у мақсаттары	Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру. (5.Т/А5) Хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату (5.О3.);
С а б а қ мақсаттары:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады Қазіргі саяхат түрлері, туризм жайлы ақпарат алады, сыныптастарымен пікір алмасады, сұхбаттасады.

Б а ғ а л а у критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Т і л д і к күзiреттiлiк	Жаңа әлемдегі жаңа саяхаттар
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.
П ә н а р а л ы қ байланыс	Жаратылыстану, қазақ әдебиеті
Алдыңғы оқу	Қажғария сапары
Жоспар	

Жоспарлан- ған уақыт	Сабақ барысы	Бағалау түрлері
Басталуы 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі 2 минут Топтарға бөлу. «Қағаз қиындылары» Қиылған сурет қағаздарын топ құрамындағы оқушылар саны бойынша беске, алтыға жыртып, оларды араластырып, оқушыларға таратып беру керек. Оқушылар қиықтарды құрастырып бүтін сурет шығарады. Сол арқылы топтарға бөлінеді.	1-топ: Рухани жаңғыру 2-топ: Мәңгілік ел 3-топ: Жарқын болашақ «Өзі туралы кластер»

	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру: Сынып реттілігін қадағалау. Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау.</p> <p><i>Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз!</i></p> <p><i>Ұйымшыл боламыз десек 2 рет.</i></p> <p><i>Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз!</i></p>	
<p>Басы 10 мин.</p>	<p>Білу және түсіну 1.Әр топ өз атауы бойынша не білесіздер ортаға өз ойларын айту. «Жариялау» әдісі (Әрбір топ берілген топ атауы бойынша өз позициясын жариялауы керек. Бұл үшін топ ішінен спикер берілген уақыт ішінде (3 мин.) басқа қатысушылар алдында сөйлеп, топ ұстанымын жеткізеді.) 2. Берілген мәтін бөліктерін балалар оқып алады.</p>	<p>«Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісі Оқулық, мәтіндер.</p>
<p>Ортасы 10 мин.</p>	<p>Бағалау Қолдану <i>Оқулықтағы тапсырмаларды орындау.</i> <i>Қосымша ресурстармен жұмыс талдау.</i> <i>Графикалық органиайзерлер арқылы:</i> 1-топ «Екі жақты күнделік»</p>	<p>Оқулық, қабырғаға ілінген ватмандар, Карта, кесте, түрлі-түсті маркерлер,</p>

	<p>әдісі 2-топ «Тұжырымдама картасы» әдісі 3-топ «Қос құты» әдісі «Екі жұлдыз, бір тілек» ауызша</p>	<p>миды шынықтыруға арналған логикалық сұрақтар.</p>
<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	<p><i>Біздікі болғанымен басқалар қолданатын нәрсе?</i> (Есіміміз) <i>Ұзарған сайын қысқаратын нәрсе не?</i> (Өмір) <i>Біркісінайзағайжарқылдаған сайын шашын тарайды екен, неге?</i> (Фотоға түсіп жатырмын деп ойлайды екен.)</p>	
<p>Аяқталуы Сабақты бекіту 10 минут</p>	<p>«Суреттер сөйлейді» әдісі 1-топ «Бурабай» суреті. Сөйлемдерінде сын е. шырайларын келтіру 2-топ «Медео» туристік жері суреті. Сөйлемдерінде сын.е мағыналық түрлерін келтіру 3-топ «Ғарыш» суреті. Сөйлемдерінде дара, күрделі, туынды сын.е кетіру.</p>	<p>«Суреттер сөйлейді» әдісі</p>
<p>Бағалау 5 мин.</p>	<p>Бағалау парақшасы Дұрыс жауапқа 5 балл. Топ жұмысын бағалау</p>	<p>Бағалау парақшасы</p>

Оқушының аты-жөні	«Жариялау» әдісі	«Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісі	«Қос құты»	«Тұжырымдама картасы», «Екі жақты күнделік» әдісі	«Суреттер сөйлейді» әдісі	Балл	Бағалау парақшасы

Кері байланыс
3 мин.

«Білім қоржыны» кері байланыс



А. Б. СМАЙЫЛ,
«Шолақорған» жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Түркістан облысы,
Созақ ауданы

ФАСТФУД ТАҒАМДАРЫНЫҢ ЗИЯНЫ




Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:	7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру. 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Мәтін мазмұнын түсініп, идеясын анықтайды. Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады. Одағай сөздер туралы біледі. Одағай сөздерді жазба жұмысында орынды қолданады. Көпшілік оқушылар: Мәтіннен факт келтіреді. Одағай түрлерін ажыратады. Кейбір оқушылар: Проблеманы шешудің жоспарын құрады.
Бағалау критерийлері	1. Мәтін мазмұнын түсініп, идеясын анықтай алады. 2. Проблемалық сұрақтар құрастыра алады. 3. Одағай түрлерін ажыратып, жазба жұмысында қолдана алады.
Тілдік мақсат:	Оқушылар орындай алады: мазмұнын түсінеді, проблемалық сұрақ құрастырады, одағай сөздерді қолданады.
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Фастфуд тағам түрлері: шаурма, ход-док, бургер, пицца, чикен, лаваш, чипси, сэнгвич, донер-кебаб т.б Одағай сөздер: көңіл күй одағайы, шақыру одағайы, жекіру одағайы.

	<p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - <i>Суреттерден</i> <i>нені байқадыңдар?</i> - <i>Сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар?</i> - <i>Не себепті халық фастфуд тағамдарының зиян екенін біле тұра қолданады деп ойлайсың?</i> - <i>Неліктен зиян өнімдер бізді өзіне тартып тұрады?</i> - <i>Жылдам дайындалатын бургерлердің неге дәмді болатынын білесің бе?</i> 	
С а б а қ т а қ а м т ы л а т ы н қ у н д ы л ы қ т а р	<p><i>«Мәңгілік ел» жалпы қоғамдық құндылығы:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - <i>Тіл мен мәдениет;</i> - <i>Өмір бойы білім алу;</i> - <i>Жүктелген жауапкершілікті сезіну;</i> - <i>Д е н с а у л ы қ қ а жауапкершілікпен қарауға және айналадағыларға қамқорлық көрсетуге баулу.</i> 	
П ә н а р а л ы қ байланыс	Биология	
АКТ-ны қолдану дағдылары	PowerPoint таныстырылымы, бейнебаян.	
Алдыңғы оқу	Фастфуд тағамдарының түрлерін біледі.	
Жоспар		

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Дерек-көздер
Сабақтың басы 8 минут	Ұйымдастыру кезеңі. 1.Сәлемдесу. 2.Түгелдеу. 3. Ынтымақтастық атмосферасын орнату.	

<p>«Амандасу» әдісі (Оқушылар екі қатар болып, бір-біріне қарап тұрады) <i>Қазақтар қол алысады.</i> <i>Италияда құшақтасады.</i> <i>Бразилияда бір-бірінің иығын қағады.</i> <i>Никараквуада арқасымен.</i> <i>Зимбабеде шынтақпен.</i> <i>Австралияда шапалақ, секіреді.</i></p> <p>4. Алдыңғы сабақты пысықтау. «Кофе таяқшалары» стратегиясы. (Таяқшаларда оқушылардың есімдері жазылып тұрады. Қай таяқша алынады, сол оқушы сұраққа жауап береді)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <i>Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдер дегеніміз қандай өнімдер?</i> 2. <i>Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдерді тағы қалай атауға болады?</i> 3. <i>Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдерге жүргізілген сынамалар нені көрсетті?</i> 4. <i>Қалай ойлайсың, гендік тұрғыда өзгертілген ауылшаруашылық өнімдерінің адам ағзасына қандай да бір әсері бар ма?</i> 5. <i>Одағай дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар?</i> 6. <i>Адамның әртүрлі сезімін, көңіл күйін білдіретін сөздер одағайдың қай түріне жатады?</i> 7. <i>Шақыру одағайларының өзіндік ерекшелігі қандай?</i> 8. <i>Жекіру одағайы дегеніміз не? Жекіру одағайын қатыстырып, сөйлем құраңдар.</i> <p>Сұраққа жауап берген оқушыларға жемістер (алма, алмұрт, банан) беріледі.</p>	
--	--

	<p>4. Қызығушылықты ояту. «Болжау» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Суреттерден нені байқадыңдар? - Сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар? <p>6. Сабақтың мақсатымен, бағалау критерийлерімен таныстыру.</p>									
<p>Сабақтың ортасы 2 мин. 10 мин.</p>	<p>Мағынаны тану Оқылым тапсырмасы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқулықта берілген «Фастфуд тағамдарының зияны» тақырыбындағы мәтінді оқыңдар. <p>1-тапсырма «Жұптық жұмыс»</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жұбыңмен оқылым мәтіндегі ақпараттарды негізге ала отырып, проблемалық сұрақтар құрастырыңдар. Ол үшін «FILA» кестесін толтырамыз. <table border="1"> <thead> <tr> <th>Facts Дәлел (мәтіндегі фактілер)</th> <th>Ideas Болжам (мәтіннің идеясы)</th> <th>Learning issues Мақсат (проблемалық сұрақтар)</th> <th>Action plan Жоспар (әрекет, шешу жолы)</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мәтін мазмұнын түсінеді. - Мәтіннен факті келтіреді. - Негізгі идеясын анықтайды. - Проблемалық сұрақ құрастырады. - Проблеманы шешудің жоспарын құрады. <p>ҚБ. Жұптар бір-бірінің кестелерімен ауысып тексереді. «Аукцион» әдісі арқылы бағалайды.</p> <p>Кері байланыс «Саусақ» әдісі Тындалым тапсырмасы «Фастфуд тағамдарының зияны» бейнебаяны 2-тапсырма Жеке жұмыс «Кім жылдам?» ойыны</p>	Facts Дәлел (мәтіндегі фактілер)	Ideas Болжам (мәтіннің идеясы)	Learning issues Мақсат (проблемалық сұрақтар)	Action plan Жоспар (әрекет, шешу жолы)					<p>Оқулық, кесте, қалам</p> 
Facts Дәлел (мәтіндегі фактілер)	Ideas Болжам (мәтіннің идеясы)	Learning issues Мақсат (проблемалық сұрақтар)	Action plan Жоспар (әрекет, шешу жолы)							

1 мин.	- Берілген жағдаятқа одағайларды қатыстырып, диалог құрыңдар. Қатыстырған одағайларды түрлеріне қарай ажыратыңдар. <i>Бекет пен қарындасы Аяна азық-түлік дүкеніне нан алуға кіреді. Аяна қалған ақшаға чипс алуын өтініп тұр. Бекеттің жауабы...</i>	https://www.youtube.com/watch?v=2fRXiFBJ8s Дәптер, қалам «Сен өте жақсы орындадың», «Мен күткеннен де жақсы», «Мен бұлай орындай алмас едім», «Талпынысың жақсы», «Меніңше, тағы да бір ойлансаң, бұдан да жақсы жазасың»						
2 мин.	- Диалог құрады. - Тындалым мәтінін негізге алады.							
12 мин.	- Одағайларды қатыстырады. - Түрлерін ажыратады. ҚБ. Мадақтау сөздері арқылы және смайликтермен бағаланады.							
Сабақтың соңы 5 мин.	Сабақты қорытындылау Кері байланыс «ВАК» (визуал, аудиал, кинестетик) әдісі							
	<table border="1"> <tr> <td> Көзбен нені көрдік?</td> <td> Құлақпен қандай ақпаратты қабылдадық?</td> <td> Қолмен, қимыл-қозғалыспен қандай тапсырмаларды орындадық?</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Жемістерді көп жинаған оқушыларға бүгінгі сабақтың «Үздік оқушысы» номинациясы беріледі. Үйге тапсырма: 7-тапсырма Екі тапсырманың бірін орындаңдар.</p> <p>1. Тамақ өнімдерін шығаратын мүмкіндіктерің болса, ең алдымен нені қолға алар едіңдер?</p>	 Көзбен нені көрдік?	 Құлақпен қандай ақпаратты қабылдадық?	 Қолмен, қимыл-қозғалыспен қандай тапсырмаларды орындадық?				<p>Кері байланыс парақшасы</p>
 Көзбен нені көрдік?	 Құлақпен қандай ақпаратты қабылдадық?	 Қолмен, қимыл-қозғалыспен қандай тапсырмаларды орындадық?						

<p><i>Одағай мен шылауларды пайдаланып, эссе жазыңдар.</i></p> <p>2. <i>Үйдегі не дүкендегі бірнеше азық-түліктің құрамын тексеріп көріңдер. Одағайлар мен шылауларды қатыстырып, берілген мәтінді аяқтаңдар.</i></p>	
Қосымша ақпарат	

<p>Саралау. Оқушыларға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Оқушылардың жас ерекшелігін, қабілеттерін ескеріп, қызығушылығына қарай тапсырмалар беремін. Қабілетті оқушыларға тапсырмаларды қалайша күрделендіресіз? Жеңілден күрделіге қарай беремін.</p>	<p>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Жемістер, мадақтау сөздері, «Аукцион» әдісі арқылы және смайликтер арқылы бағалаймын.</p>	<p>Денсаулық сақтау технологияларын сақтау. Сабақта «FILA» кестесін толтыру, жағдаяттық тапсырманы орындату секілді белсенді жұмыс түрлері қолданылады. Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтарын ескеру.</p>
--	---	--

<p>Рефлексия</p> <p>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>
<p>Қорытынды:</p> <p>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (оқыту мен оқуға қатысты)? Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?</p> <p>1:</p> <p>2:</p>

Ұстаз ұсынысы

Ә.БАЙҒАЛИЕВА,
№32 ЖОББМ,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Орал қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Мақсаты:

Жаңартылған бағдарламаның негізгі идеясын сабақта қалай жетілдіріп жатқаным бойынша тәжірибе алмасу.

Тақырып өзектілігі:

Қазіргі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдалану – оқушыны шығармашылыққа төселдіруде ықпалы зор. Жаңа технологиялардың ерекшелігі – оның оқушыға жан-жақты ықпал етуі. Яғни тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгеріп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын дамыту, өзбетімен білім алу, іздену ықыласы мен іскерлігін, оқу-танымдық ынтасын жетілдіру, әрі жеке тұлғаны жан-жақты дамыту болып есептеледі.

Құрал-жабдықтар: интерактивті тақта, стикерлер, плакаттар, сандықша, суреттер, әдіс-тәсілдер кестесі

Шеберлік сыныбының барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

Ынтымақтастық атмосфера қалыптастыру.

Тренинг: «Сағат» әдісі

Топқа бөлу: Сандықшаның ішіне қатысушылар өздерінің қолдарындағы бір затты салу керек. (сақина, телефон, қалам, қарындаш т.б). Осы заттарды парта үстіне әр топқа бөліп қойып, топқа бөлу. Әркім өз затының қасына отырады.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Әрбір өмірге келген адамзат баласының айқындайтын өзіндік өлшемдері болады. Оның біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – ғасырға созылған тарихы. Тіл өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Ендеше ертеңгі күннің болашағы біздің алдымызда отырған мектеп

оқушысы. Мектепте қазақ тілін жаңаша оқыту арқылы білім деңгейі, ой өрісі дамыған, тілі арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын жан-жақты қабілетті ұрпақты тәрбиелеу біздің басты міндетіміз. Жаңашылдықтарды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану қазіргі заман талабы болып отыр. Заман талабына сай әрбір ұстаз сабақтарында оқушылардың біліктілігін арттыру үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін кеңінен пайдалану керек деп ойлаймын. Оқытудың әдіс тәсілдері өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңартылып, жаңаша ой-пікір пайда болды. Осыған байланысты мұғалім алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып, кәсіби шеберлігін шыңдап, білімін жетілдіріп отыру және жана технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Өз сабақтарымызды оқушылардың белсенді сөздік қорларын дамытуға, өз бетімен білім алуға арнап, есте сақтау, сөйлеу дағдыларын дамыту барысында бастауыш сыныптарды оқушының жас ерекшелігіне, деңгейіне қарай төменде берілген әдіс-тәсілдерді қолданып жүрміз.

Әр топқа әртүрлі мәтін беру. Осы мәтінді жоғарыдағы берілген әдістер арқылы талдау.

I-топ «Ата мен немере» мәтінін «**Попкорн**» әдісі арқылы

Шеңбер құра отырып, мәтіннен естерінде қалған сөздерді орындарынан попкорн сияқты ағылып тұрып айту керек. Осылай қатысушы тоқтағанға дейін жалғасады.

II-топ «Ана мен қызы» мәтінін «**Хикая картасы**» әдісі арқылы. Бұл әдісте мәтінді оқиға желісі бойынша суреттермен сипаттау

III-топ «Өкініш» мәтінін «**Қабырғадағы рөл**» әдісі арқылы. Мәтіндегі басты кейіпкерге сипаттама бере отырып мәтін бойынша жабық сұрақтар, мәтіннен тыс ашық сұрақтар құрастыру.

Қорытынды: «**Аквариумдағы балық**» үш топ мәтіндерімен алмасып, түсініп оқып шығады.

Қос шеңбер құра отырып, мәтін бойынша сыртқы шеңбер ішкі шеңберге сұрақтар қояды.

Білім беру жолында жаңашылдыққа жаны құмар, ізденімпаз, бәсекеге қабілетті, дені сау оқушыларды тәрбиелеу жолында еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілейміз.


Назарларыңызға рахмет!

Мастер-класс

**Б.А. ТУСУПХАНОВА,
А.Д. БОЛКЕНБАЕВА,
«Ж.Ақылбаев атындағы ЭМГ»
КММ мұғалімдері.
Қарағанды облысы,
Шет ауданы**

“ЭССЕ ЖАЗЫП ҮЙРЕНЕЙІК” ВАРИАТИВТІ КУРСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ”

(ата-аналармен жүргізілетін мастер-класс)



Тақырыбы: “**Бақыт деген не?**”

Мақсаты: *білім алушыларға “Бақыт” сөзінің жан-жақты қырын ашып, әдеби эссе жазуға бағыттау.*

А.Б.Болкенбаева – Психологиялық ахуал тудыру /3 мин./

– *Құрметті ата-аналар! «Ұлы дала мұрагерлері» форумына қош келдіңіздер! Экранға назар аударсаңыздар! (“Қыранды қалай тәрбиелеуге болады”)*

– *Ендеше ұрпағымыз қыран болып өсу үшін, «тікендерден» қорықпауымыз керек. Білім саласы осындай тікендерге толы. Ендеше балаларымыз тауық болмау үшін жұмыс жасауымыз қажет. Бұндай жағдайда ата-анаға артылар жүк ауыр.*

– Олай болса, сіздер бүгін өздеріңіз бала болып, оқушы рөлін атқарасыздар. Соған дайынсыздар ма? Егер дайын болсаңыздар, 1 рет қол шапалақтаңыздар! Бүгінгі мастер-класста белсенділік танытып, өз ойларыңызды ашық, бүкпесіз айта аламын десеңіздер 2 рет, бүгінгі сабақтан рухани ләззат алып қайтамын десеңіздер, 3 рет қол шапалақтасаңыздар!

Шаттық шеңбері /4 мин./

– Құрметті ата-аналар! Ортаға шығып, шеңбер жасап тұрсаңыздар! (ата-аналарды шеңбер жасап тұрғызып, бір-бірінің арқасына саусақпен модераторлар айтқан сөздердің суреттерін салу тапсырмасы беріледі.)

– Сіздерге қандай ой келді?

– Қандай әсер алдыңыздар?

– Түйген ойларыңыз қандай?

“Қошқар мен теке” мультфильмінен үзінді көрсетіледі.
/4 мин./

Ендеше, біз жауап беріп көрейік. Бақыт деген не өзі? Жауабын берілген қағазға жазсаңыздар. (Ата-аналар жазады.)

– Ендігі кезекте қағазды ашып, әркімнің ойын оқыңыздар!

– Топты қағазда көрсетілген түс бойынша бөлініңіздер!

– Экранға назар аударыңыздар. Мультфильмнің жалғасы көрсетіледі.

1-тапсырма

“Бізден – сұрақ, Сізден – жауап” әдісі.

– Бақыт сөзінің этимологиясы қандай?

– “Бақыт” сөзінің түбірі – бақ. “Бағы жансын, бағы ашылсын, басына бақ қонды” деп жатамыз.

Сондықтан **бақ** пен **бақыт** – егіз ұғымдар. Шал ақын: “Ханнан бақыт таярда, қорғасынмен қас болар”,

– деген сөз бар. Мұндағы – **ыт жұрнағы** бақ сөзіне де жалғанып, бақыт болып тұр.

2-тапсырма – «Суреттер де сөйлейді» әдісі /доп беру арқылы жауап беруші ата-ананы таңдау./

– Суреттердің өзара байланысы қандай болмақ?



Ата-аналардың жауабы тыңдалады.

– Бану Аманқызы, сіз қалай байланыстырар едіңіз?

– Мен ойымды Бөлтірік шешеннің сөзімен байланыстырғым келеді:

– Байлық – қолға ұстаған мұз, Ериді де, кетеді.

– Бақыт – басқа қонған құс, ұшады да, кетеді.

– Бала – артта қалған із. Олай болса, зор бақытымыз – балапандарымыз деп түсінемін!

Дескриптор:

Суреттерді байланыстырып, ой түйеді.

ҚБ: естелік бұйым / үздік ой иесіне беріледі/

3-тапсырма

Бейнебаян “Барымды бағалаймын”

https://www.instagram.com/p/BwjQosDIDPiIFNSkeac4mLB3P2LZNPlSYnUxYg0/?utm_source=ig_share_sheet&igshid=17mjzw2316oa

Осы бейнебаян негізінде ПОПС формуласымен жауап беруді кім қалайды? «Интервью» арқылы жауап беруді кім қалайды?

Ықтимал жауап: «Барымды бағалаймын!» Бану Амановна:

«ПОПС» әдісі

– Менің ойымша, барымызды бағалауымыз керек. Себебі әр түрлі қиыншылықпен өмір сүріп келе жатқан адамдар баршылық. Мысалы: біздің көзіміз көреді, құлағымыз естиді, аяғымыз жүреді. Сондықтан Алламызға шүкір етіп, әр күнімізге таубе қылуымыз керек.

2-топ «Интервью» әдісі.

– Сәлеметсіздер ме! «Дара жол» бағдарламасына қош келдіңіздер!

– Қош көрдік!

– Құрметті көрермендер, бүгін бізде қонақта Шет ауданы «Ж.Ақылбаев атындағы эксперименталдық мектеп-гимназиясының» қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты педагог-эксперт маманы, жыл мұғалімі Тусупханова Бану Аманқызы.

– Сұхбатымызды бастасақ. Бақыт кімге қонады?

Тыныштықбек Әбдікәкімұлы: «Бақ адамның басына қонады. Қандай басқа бақ қонады? Миы гүлденген адамға бақ қонады». Жеміс ағаштары өсетін, жеміспен гүлденетін жерді де «бақ» деп атамай ма?

– Бақыты оянған ер қанадай болмақ?

– Асан қайғы тілімен жауап берсем:

“Бақыты оянған ерлердің

Әрбір ісі оң болар.

Қаршығасы қаз іліп,

Тазылары түлкі алып,

Сөз сөйлесе жөн болып,

Ел аузына қарасар” дер едім.

– Барым деп нені түсінесіз? Және оны қалай бағалайсыз? Бақытсыз адам қандай адам?

– Ал бұныңызға Мұқағали Мақатаевтың сөзімен жауап берсем:

“Бақыттысың, бақыт іздеп сорласаң,

Бақытты боп, сорлап жүрсең – масқара!” дер едім.

Сондықтан барымызды бағалайық!

– Жауабыңызға рақмет!

Дескриптор:

– **ПОПС формуласын сақтап ой түйеді;**
– **Интервью арқылы мәселені ережеге сәйкес талдайды;**

– **Лайфхак жазу арқылы ойларын тезистейді.**

ҚБ: естелік бұйым /үздік ой иесіне беріледі/

– Құрметті ата-аналар! Біз сіздермен қандай пәнді оқытып жатырмыз? Бұл – «ЭЖҮ» вариативті курсы. 2 жылдан бері мектебімізде «ЭЖҮ» Вариативті курсы жұмыс атқарады. Мұнда оқушылар эссе жазуға үйренеді. Мемлекеттік емтиханға дайындалады. Нәтижесі қуантарлық. Мектебіміздің түлегі Асанәлі Әшімов «Қазақстан» ұлттық арнасында өтетін «Мәселе» бағдарламасына барып қайтты. Экранға назар аударсаңыздар. Бүгінде Асанәлі – Еуразия ұлттық университетінің 1 курс студенті.

Құрылымын сақтап, эссе жазу. Ол үшін эссе құрылымына назар аударсаңыздар! /құрылымымен таныстыру/ Кез келген тақырыпта мысал келтіру.

5-тапсырма

– Әркім бақытты әртүрлі түсінеді. Сонда “бақыт” деген не?

Дескриптор:

– Дұрыс тезис анықтап, құрылымын сақтап, эссе жазады.

“Автор орындығы” – өз нұсқамыз. 250 сөз.

Мәтін	Эссе бөлімдері
Кіріспе 30% (75 сөз)	
Қазағым бата бергенде: «Бағың жансын», «Бармақтай бақ берсін!», «Бақ орнасын!» деп жатады. Ендеше бағы жанған адам бақытты емей, немене? Менің ойымша, бақ пен бақыт – егіз ұғымдар. Алайда басының бағы жанып, бәрі бола тұра, бақыт іздейтіндердің, ал жарым жандар болып, бақытты боп жүретіндердің барын да жасыра алмаймыз.	Эссе тақырыбын түсінгендігі туралы сөйлем.
	Тақырыптың өзектілігі туралы жазу.
	Тезис

<p>Осы орайда ойыма М . М а қ а т а е в т ы ң : «Бақыттысың, бақыт іздеп сорласаң, Бақытты боп, сорлап жүрсең – масқара!» - деген өлең жолдары оралады. Олай болса, бақытсыз адам – бақытты екенін білмей жүрген адам деп есептеймін.</p>	<p>Кіріспе бөлімнен негізгі бөлімге өтуші сөйлем / қажет болса</p>
<p>Негізгі бөлім 60% (150 сөз)</p>	
<p>Бақыт байлықпен өлшенбейді деп ойлаймын. Себебі Бөлтірік шешен: «Байлық - қолға ұстаған мұз, ериді де кетеді, Бақыт – басқа қонған құс, ұшады да кетеді, Бала деген – артта қалған із»,- демеді ме? Бай болуға ұмтылғанда тұрған әбестік жоқ. Алла тағала он екі мүшені мал тапсын деп берді емес пе? Біреуді байлықпен, біреуді баламен, ал біреулерді денсаулықпен сынайтынын білеміз. Тек осыны адамдар ұмытпай, барына шүкіршілік етіп, садақа жайлы да ұмытпаса екен деймін. Кей адамдар байлыққа мас болып, тәубасын ұмытып, ата-ананың қадірін де түсінбей жатады. Ал сол ата-ана баласының бақыты үшін, бар өмірін сарп етті ғой. Енді балаға кезек келгенде, неге қайтармасқа? Дүние кезек, жасаған жақсылық та, жамандықта адамның алдына келетіні қайда? Менің түйгенім – адам бақытты болу үшін тек жақсылық жасау керек! -Ақтамберді жсыраудың: «Әркім өзі талтынар, басына бітер бағы үшін»,- деген сөзінен бақыттың бақытсыздықпен өлшенетінін ұқтым. Егер адам таңертең жұмысына, жұмыстан кейін отбасына асыға аттанатын болса, ең бақытты болғаны.</p>	<p>Тезисті қолдаушы пікір</p>
	Пікірге қатысты аргумент-дәлел
	Анализ
	Абзацты қорытындылаушы сөйлем
	Негізгі бөлімнің бірінші абзацынан екінші абзацына көшу сөйлемі.
	Тезисті қолдаушы пікір
	Пікірге қатысты аргумент-дәлел
	Анализ
	Абзацты қорытындылаушы сөйлем
	Негізгі бөлімнің екінші абзацынан үшінші абзацына көшу сөйлемі
Тезисті қолдаушы пікір	
Пікірге қатысты аргумент-дәлел	
Анализ	
Абзацты қорытындылаушы сөйлем	

Себебі жүрек қалауы солай. Ал жүрек тазалық пен шынайылықты сүйеді!	
<p>Қорытынды 10% (25 сөз)</p>	
<p>Адам отбасымен бақытты! Бақытты отбасының бәрі – бірдей, ал бақытсыз отбасының әрқайсы – өзінше бақытсыз! «Жібекті түте алмаған жүн ететіндей», бақытын бағаламайтындар – шын бақытсыз! Барымызды бағым деп бағалайық!</p>	<p>Кіріспе бөлімдегі тезиске басқа сөйлем арқылы қайта оралу. Негізгі бөлім абзацтарының түйіні. Эссені қорытындылаушы сөйлем (ұсыныс, шешім).</p>

– **Рақмет!**

II-сыныпқа 100 эссе тақырыбы беріледі.
– Қалай ойлайсыздар, басқа тақырыптарды біз қалай талдаймыз? Көркем шығарманы қалай оқытуға болады?
Экранға назар аударсаңыздар. Буктрейлер «Неге біз осы?»
Бұл шығармадағы кейіпкерлер бақыт іздеп жүргендер. Ендеше қорытындылайтын болсақ:
Мұқағали Мақатаев «Бақыт деген не?»
А.Д.Болкенбаева:
«Бақыт деген не өзі?» деп бастады топ таласты.
Біреуі оңы үйден іздеп, бірі қырдан әрі асты.
Бірі айтады: бақыт деген барлық байлық емес пе, Керегінше киіп ішсең бақыттысың де емес пе?
Бірі айтады: жоқ, бақыт деген қолың жетпес маңсап қой, Жұрттан көрі жүрсен ирек, соның өзі жақсы атты ғой.
Бірі айтады: бақыт деген, бақыт деген, жүйрік мініп, той тойлау, Ісің болмай күйбеменен, қарын тойса қарт ойнау.
Бану Амановна:
Бірі айтады: бақыт деген адал жар мен перзент қой, Ынтымаққа ырыс келген ол да соған келмек қой. Пікірлердің таласына солай мен жолықтым. Бақыт адам басалына келмес оңай, соңы ұқтым. Безбеймін мен баладан да, байлықтан да, жардан да, Маңсап жетпес бар адамға үлістіріп алғанда, Үміт үзбей зейтұлар, таңдап сол бір жақұтты, Оңы алыстан іздемегін, жүректен тап – бақытты
Ата-аналар сабақтан алған әсерлерін стикерге жазады. Жазбаша кері байланыс.

Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.06. 2019 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №6, 2019 ж., 144 бет, Алматы.